



**Ілияс Есенберлиннің
110 жылдығына арналған республикалық
«ЕСЕНБЕРЛИН ТАҒЫЛЫМЫ»
ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ**

29 қаңтар 2025 жыл

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3 (5Қаз)

I-47

ISBN 978-601-09-8918-4

Бас редакторлары:

Бейсенбаева Ж.М. – «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының басшысы;

Редакция алқасы:

Капбасова З. Б. – «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары;

Садвакасова А.Д. – Педагогикалық шеберлік және ұйымаралық жобалар бөлімінің басшысы;

Буркитбаева М.О. – «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының әдіскері

Оналбаева Г.Б. – І.Есенберлин атындағы «№67 гимназия» ШЖҚ МКК директорының міндетін атқарушы;

Миркина О.К. – І.Есенберлин атындағы №67 гимназия директорының бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары;

Сыздыкова Д.Ж. – І.Есенберлин атындағы №67 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі;

Ілияс Есенберлиннің 110 жылдығына арналған республикалық «Есенберлин тағылымы» оқулары және ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары – Астана қаласы әкімдігінің «Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназия» ШЖҚ МКК, «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы, 2025 ж. – 107 б.

Жинаққа Астана қаласы және республикалық жалпы білім беру ұйымдары мұғалімдерінің жұмыстары енгізілді. «Есенберлин және қазіргі заман: оның идеяларының бүгінгі көрінісі», «Есенберлин шығармаларының жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудегі рөлі», «Ілияс Есенберлин шығармаларының аудармасы және әлемдік әдебиеттегі орны», «Ілияс Есенберлин шығармаларындағы қазақ интеллигенциясы» бағыттары бойынша қатысушылар Есенберлинтану ғылымының мол мұрасын тарихи сананы қалыптастыру мен ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында ғылыми негізде талдап көрсетті.

ISBN 978-601-09-8918-4



9 786010 989184

© «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы» МКҚК,

© «Астана қаласы әкімдігінің І.Есенберлин атындағы «№67 гимназия» ШЖҚ МКК, 2025

Құрметті ұстаздар!

Сіздер Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназия мен “Астана дарыны” дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығымен бірлесіп өткізген Ілияс Есенберлиннің 110 жылдығына арналған республикалық «Есенберлин тағылымы» оқулары және ғылыми-тәжірибелік конференциясына ұсынған мақалаларыңызда қазақтың біртуар дарын иесі І. Есенберлин шығармаларында суреттелген шындық пен әділдіктің, ерлік пен батырлықтың, ар мен ұяттың, бірлік пен бірегейліктің сындарлы тұстары мен еліміздің тарих қойнауындағы алмағайып заманның болғанына көз жеткізе отырып, білім алушыларға оқу мен біртұтас тәрбие берудегі білім мен біліктеріңізді, тәжірибелеріңізді ортаға салдыңыздар.

Тарихтың тылсымы терең тамырына жан бітірген жазушының ғұмырнамалық еңбегіндегі тарих сабақтастығын таразылап, зерттеп, зерделедіңіздер.

Ілияс Есенберлиннің 110 жылдығына арналған республикалық «Есенберлин тағылымы» оқулары және ғылыми-тәжірибелік конференциясы жинағына Астана қаласы және республикалық білім беру ұйымдары ұстаздарының ғылыми-тәжірибелік жұмыстары еніп отыр.

Қаламгердің тарихты көркемдік пайымдаудың үздік үлгісі саналатын шығармалары – әлемдік мәдениеттің төрінен орын алған құнды шығармалар. Ұлт тағдырының, халық қасіретінің қилы кезеңін суреттеу арқылы бүгінгі күннің міндеттері мен ертеңгі күннің бағыттары туралы ойға жетелеген Ілияс Есенберлин – ұрпақ санасына ұлттық патриотизм қалыптастыруға батыл қадам жасаған заңғар жазушы. Ұлы даланың тағдырын азаматтық қажырмен, суреткерлік қуатпен толғаған жазушының еңбегіне келешекте берілетін баға бүгіннен де салмақты болары анық. Дара тұлғаның тарихи шығармаларын зерттеп, жас ұрпаққа насихаттай отырып, олардың бойында патриоттық сезімдерін қалыптастыру – аға ұрпақтың айнымас міндеті.

Құрметті ұстаздар, тарихы терең ұлт тағдырын табыстайтын жас ұрпақты тәрбилеудегі мүддеміз мен парызымызға берік болайық! Сіздерге шығармашылық табыс тілеймін!

Ж. Бейсенбаева,

“Астана дарыны” дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы басшысы

Алғы сөз

«Есенберлин және қазіргі заман: оның идеяларының бүгінгі көрінісі», «Есенберлин шығармаларының жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудегі рөлі», «Ілияс Есенберлин шығармаларының аудармасы және әлемдік әдебиеттегі орны», «Ілияс Есенберлин шығармаларындағы қазақ интеллигенциясы» бағыттары бойынша ұстаздар қазақ халқының тарихындағы ұлттық интеллигенцияның қалыптасуындағы түрлі тарихи және әлеуметтік тақырыптарды зерделей отыра патриоттық рухты қалыптастырған қаламгердің шығармаларын оқыту жодарын және зерделеу мақсатындағы шығармашылық жұмыстарын ерекше бір сипатта жазған.

Қазақ әдебиеті арқылы қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы тарихын ұлттық көзқарас тұрғысынан шынайы батыл жаза білген жазушы кемде-кем. Солардың бірі - ұлттық ғұмырнаманы, «Көшпенділер» трилогиясын әлемдік нұсқада өмір ағысына қарамай саяси толқынға қарсы әдебиет арқылы сөз өнерімен өрнектеген талантты жазушы Ілияс Есенберлин.

Тарихи дерекнамаға сүйене жазылған шығармалардан оқырманы көзі ашық, көкірегі ояу ұрпақ нені білгісі келеді, нені іздейді дейтін болсақ, бұл шығарма – халықтың өткені мен бүгінгісінің алтын көпірі. Бұл көненің көзіндей болған шығармалар озық ой мен ел басқарудағы ұлтқа деген құрметті жас ұрпаққа насихаттауда рухани күш беретін тарихи көркем әдебиет үлгісі.

Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде қазақ халқының бес ғасырға жуық тарихын көркем сөзбен жеткізе білген Ілияс Есенберлин шығармаларын мектеп қабырғасында оқыту, саналы ұрпақты тәуелсіз елдің өз мұраларын жаңашыл идеямен сәйкестендіре оқыту білім алу мақсатымен толығы түседі. Бүгінгі күні тарихсыз болашағымызды елестету мүмкін емес. Ілияс Есенберлин тарихи романдарын терең түсінген білім алушы қай мәселеде болмасын зерделі, танымдық қабілетін ерекше көрсете алады. Әдебиет арқылы тарихымызды біліп қана қоймайды, санасы қалыптасады. Ал ұлттық сана – ең басты құндылығымыздың бірі. Дәуір тынысы мен заман шындығын пайымдай, таразылай білген тұлға өз болмысын шыңдай алады. Олай болса, тарихи тақырыпты оқыту – ұлттық бірегейлігімізді айқындайтын бірден-бір қадам.

Ілияс Есенберлиннің 110 жылдығына арналған республикалық «Есенберлин тағылымы» оқулары және ғылыми-тәжірибелік конференциясының мақсаты – жас ұрпақтың тарихи тұлғаларды танып өсуіне және тарихқа, елге, тарихи мұраға деген құрметке тәрбиелеу, ал осы үрдісті ұстаздар өз іс-тәжірибесінде жандандыруда, білім мен білік дағдылары арқылы іске асыруда.

Бұл жинақта Астана қаласы мен республика мектеп мұғалімдерінің ғылыми ізденістерінің нәтижелері мен Ілияс Есенберлин шығармаларын оқытудағы мақалалары топтастырылған. Ерлік рух пен рухани құндылықтарымызды әспеттеу, тәуелсіздік жолындағы тарихи тұлғаларымыздың еңбегін бағалау арқылы өрелі пайымға толы мақалаларды зерделеуге болады. Жинақтағы дүниенің тілі кестелі, ойы терең, публицистикалық сарыны мол. Әр оқырманға ой тастап, отансүйгіштік, елжандылық қасиетін оятуға мүмкіндік туғызары сөзсіз.

Тарихи тақырыпты мектеп бағдарламасында оқыту, патриотты ұрпақты тәрбиелеудегі азаматтық ұстанымдар туралы жазылған мақалаларды осы жинақтан таба аласыздар.

Оналбаева Гулнар Беркаевна,
І.Есенберлин атындағы «№67 гимназия» ШЖҚ МҚК
директорының міндетін атқарушы

«ЕСЕНБЕРЛИН ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН: ОНЫҢ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ БҮГІНГІ КӨРІНІСІ»

**Демирташ Айжан Шаухатовна
Астана қаласы.
№104 орта мектебнің қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**

Бұл жайттың бұл тартпас ақиқаттығына ден қойған абзал: ол-ғасырлар тоғысында адамзат баласының тарихына айрықша оқиғалар мен құбылыстардың тән боп келетіндігі. Бұл қағида адамзат қоғамының сонау көне дәуірінен бері жалғасып келеді.

Социалистік жүйе елдерінің мызғымас достығы дәріптеліп күш салынған. «Тарих айдынында», Кеңістік кезінде қазақ тарихының дұрыс зерттеліп халыққа түсіндірілуіне қойылған тыйым-шектерді жазған романын бұзып өткен белгілі жазушы Ілияс Есенберлинге тоқталамыз. Әсіресе оның қаламынан шыққан «Қаһар», «Алмас Қылыш», «Жанталас» атты тарихи романдарынан тұратын «Көшпенділер» халықтың тарихи жадының қалпына келуіне баға жетпес үлес қосты.

Ұмытыла бастаған тарихын тірілте бастаған тарихи санасына сілкініс жасау өмірге, болашағына балта шабумен бірдей әрекет еді. Ел-жұрттын санасына. «Бір-Отан», «Бір-Тарих», «Бір-Тіл» ұғымы дәріптелген. Сол себепті тарихшылар ұлт тарихының орнына тарихшылар коммунистік пария тарихын зерттеді. Дәл осы сындарлы сәтте қазақтың қазақтың соңғы ханы бүкіл өмірі ұлт тәуелсіздігі жолында күреспен өткен Кенесары жөнінде, «Қаһар», романы жарыққа шығуы Советтік идеология лауланғаны анық, найзағай ойнағандай жағдай еді.

Қазақ майталмандары емес сол кездегі әдеби ортаны мойндай қоймаған қатардағы қаламгер. Ілияс Есенберлин айтарлықтай тосын жайт болды.

Қазақтың азаттық жолындағы күресінің шешіресі «Қаһармен» басталып одан әрі «Жанталас», «Алмас Қылыш» болып жалғасты. 15-19 ғасырдың ортасындағы дейінгі қазақ тарихына арқау еткен бұл шығармалар «Көшпенділер» трилогиясына кіріктірілді.

Бұл тартпас заңдылықты өзіміз таңдаған бүгінгі тақырыбымызға орай тұжырымдасақ, бірнеше мәселеге ден қояр едік: Халықтың тарихи жадын тірілтіп ұлттық санасына сілкініс әкелген аса құнды туындылардың авторы бұл тақырыпқа бір күнде келшен жоқ.

Естеліктерінің бірінде өзі айтқандай: «Көшпенділер» трилогиясын жазуды сонау 1940 жылдардың басында ойластырылған.

Тағдырдың түрлі тауқыметін басынан кешіре жүріп те жадынан шығармаған. Ойында әбден жетілдіріп барып соңғы нүктесін ширек ғасырдан соң қойған.

«Мен алдымен материал жинаймын». «Деректер іздеймін». «Айғақты оқиғаларды қараймын». «Халық фольклорына сүйеніп жазба бетінде қандай шығармалар бар, соның барлығын қолым жеткен жерге дейін зерттеймін, оқимын бірімен-бірін салыстырамын». Осылай дайындаймын.

Материал дайындалғаннан кейін алдымен ойға салып, бір жыл өте ме көп жыл өте ме, миыма өзім жазамын. Не туралы болу керек?...Осы кітапты жазғанда, нені көтергің, нені айтқын келеді?

«Соны тереңдетіп, ізденіп,, өз ақылымның жеткен жеріне шейін жазамын» (Ілияс Есенберлин)

Ілияс Есенберлиннің қазіргі замандағы идеологиясы оның шығармаларының қазақ халқы, оның тарихы мен мәдениеті туралы шындықты жеткізуіне байланысты болуы мүмкін.

Есенберлин оқырмандар арасында патриотизмді, туған жерге және ата-баба өсиеттеріне адалдықты оята отырып, тарихи тақырыпқа бет бұрды. Ол өзінің шынайы тарихының ұлттық шекарасынан айыруға тырысқан кеңестік жүйенің идеологиялық қысымына қарсы шықты.

Есенберлиннің кітаптары оқырманға қиын және ұзақ уақыт бойы көптеген идеологиялық шабуылдарға ұшырады. Бірақ әдебиет сыншыларының цензурасы мен қорлауына қарсы күрес оны тек шыңдап жіберді.

Жазушының мұрасы өзекті болып қала береді, өйткені ол халықтың ғасырлар бойғы тарихының бірегей және сенімді бейнесін бірінші болып көрсетті, тарихи оқиғалардың хронологиясын қалпына келтірді.

Уақыт өтті, Уақыт пен Кеңістік тарихи ұғымдарының аясында күні кешегі маркстік-лениндік әдіснама ілімі, күн көсемдер Ленин т.б. қайда қалды, тіпті, бәрінен бұрын, жетпіс жылдан астам уақыт бойы дүние жүзіндегі ең әділ, ең қуатты, ең демократшыл КСРО аталған алып империя неге бір оқ атылмай-ақ жалп етіп құлады? Ал, Қазақстан тәуелсіздігін алар тұста халқымен қауышқан, ұзақ жылдар бойы есімдерін атауға тыйым салынған. Егер де қаламгер бір ғасыр ерте туғанда Алаш партиясының идеясын көтерер еді. Қаламгердің тарихи, саяси, ұлтшылдық еңбегі, бүгінгі ұрпаққа, болашақ ұрпаққа қалдырған теңдесі жоқ тағылымы да, тәлімі де, өсиет -өнегесі де, осы деп білуіміз керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. А.Қашқымбаев. Ілияс Есенберлин халқы мойындаған жазушы.e-history.kz
2. Беймәлім дерек. Ілияс Есенберлин. Abai TV/youtube.com

ЕСЕНБЕРЛИН ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН: ОНЫҢ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ БҮГІНГІ КӨРІНІСІ

Кусаинова Асемгуль Кенжебековна
«№97 мектеп-гимназия» ШЖҚ КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

*«Мен тарихты жаздым. Оны өзімнің халқым
әділеттіліктің жалауының астында
болашаққа жүруі үшін ашуға тырыстым»
Ілияс Есенберлин*

Жер асты қозғалыстарының сиқырлы күшінен ғайыптан пайда болып, кейіннен әлемнің төрінде мәңгі орнап қалатын асқар шыңдар сияқты, адамзат алдындағы қадір-қасиеті тек бір ғана ғұмырдың ауқымен өлшенбейтін ерекше азаматтар тұлғалар арасында арагідік кездесіп жатады. Сондай тау тұлғаның бірі де бірегейі, қазақ әдебиетінде ойып тұрып алатын орны бар жазушы, тарихшы және қоғам қайраткері – Ілияс Есенберлин. Оның шығармашылығы ұлттың тарихи санасын қалыптастыруға, ұлттық бірлікті нығайтуға және тәуелсіздікті қадірлеуге бағытталған. Қазақ халқының болмысын, рухани құндылықтарын тереңінен түсініп, оның өткені мен бүгінгісін өз шығармаларында айқын көрсеткен жазушы қазақ тарихының маңызды кезеңдерін шебер суреттеді. Есенберлиннің шығармашылығында ұлттың тәуелсіздігі, еркіндігі және ұлттық рухқа деген ұмтылыс басты орын алады. Бұл идеялар тек өткенге ғана емес, бүгінгі заманға да әсер етіп отыр. Жазушының шығармашылығы қазіргі заманның әлеуметтік-саяси ахуалында да өзінің маңыздылығын жоймай, ұлттың ұйысуы мен болашаққа деген сенімін нығайтуда жаңа қырынан көрініс тауып келеді.

Ілияс Есенберлин — қазақ әдебиетінде ел тарихы туралы жазған алғашқы жазушы. Оның шығармаларына дейін Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» еңбегі тек XIX ғасырдағы қазақ қоғамының өмірін суреттесе, моңғол дәуірінен бастап, Ұлы Дала көшпенділері, Шыңғысхан мен Алтын Орда кезеңі, XV–XVI ғасырлардағы Қазақ хандығының құрылуы, оның жоңғарлармен көптеген шайқастары, сондай-ақ қазақ даласының Ресейге қосылуы туралы мәліметтер әдебиетте кеңінен қамтылмаған еді. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы осы олқылықтың орнын толтырып, қазақ халқы үшін тың серпіліс алып келді. Жазушының өзі «Көшпенділер» трилогиясын 1945 жылы жазуды жоспарлағанын, бірақ тарихи материалдың терең зерттеуді қажет еткенін, жұмыстың 1960 жылы басталғанын атап өткен. Оның айтуынша, ұзақ әзірленген шығарма тарихи материалдың мұқият әрі шыдамдылықпен өңделуін талап еткен екен [1].

Есенберлиннің шығармашылығындағы басты тақырып — ұлттың азаттығы мен тәуелсіздігі. Оның «Қаһар», «Жанталас», «Алтын Орда» секілді туындыларында қазақ халқының өз тарихында тап болған қиыншылықтары мен ерліктері суреттеледі. Мысалы, «Қаһар» романында автор 1916 жылғы ұлт-

азаттық көтерілісін, отаршылдыққа қарсы күресті бейнелеп, қазақ халқының тәуелсіздік үшін қаншалықты күрескенін көрсетеді [2]. Ал «Алтын Орда» трилогиясы болса, Алтын Орда дәуірінің ұлылығын, сол кезеңдегі билеушілердің ұлы істерін, халықтың болашағы үшін жасаған күресін кеңінен суреттейді. Осы шығармалар арқылы Есенберлин қазақ халқының тарихындағы үлкен саяси оқиғаларды нақты сипаттап, ұлттық сана мен тәуелсіздікке деген ұмтылыстың маңыздылығын көрсетеді.

Ұлттық сананың оянуы, өз тегін, тарихын тану қажеттілігі күні бүгінге дейін өзінің маңыздылығын жоймаған мәселелердің қатарына жатады. Қазіргі қоғамда тәуелсіздік алғаннан кейін жастар арасында ұлттық құндылықтарға деген қызығушылық артып, өз елінің тарихын зерттеу, қазақ тілін дамыту мәселелері өзекті болып саналады. Мысалы, 2017 жылы елімізде «Туған жер» бағдарламасы аясында көптеген тарихи-мәдени ескерткіштер қалпына келтіріліп, жастар арасында патриоттық тәрбиені нығайтуға арналған жобалар жүзеге асырылған еді. Одан кейін мектеп қабырғасына енгізілген «Біртұтас тәрбие: Болашаққа бағдар» бағдарламасы да жас ұрпақтың елдің тарихын тануына, қазақы болмысқа сай болуына, ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіруге өз септіктерін тигізіп келеді. Бұл жобалар Есенберлиннің шығармаларындағы ұлттық сананың оянуы мен тарихи мұраны сақтаудың маңыздылығына деген көзқарасымен үндес келеді. Сондай-ақ, қазақ тілінің мәртебесін көтеру мен оны дамыту жолындағы жұмыстың артуы, мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдегі рөлін нығайту да бүгінгі күннің өзекті мәселелеріне айналып отыр. Ілияс шығармаларындағы тәуелсіздікке деген ұмтылыс қазіргі жастарға ұлттың еркіндігін сақтау және оны құрметтеу қажеттігін еске салады.

Сонымен қатар, жазушының шығармаларында қоғамдағы әлеуметтік әділетсіздік пен теңсіздік мәселелері терең қамтылып, патша үкіметінің отаршылдық саясаты мен оның салдарынан туындаған халықтың ауыр жағдайы жан-жақты сипатталады. «Қаһар» романында қазақ халқының патша үкіметіне қарсы жүргізген күресі мен сол кездегі әлеуметтік теңсіздіктің әсері айқын көрінеді. Бұл шығармадағы басты идея — халықтың азаттыққа ұмтылуы мен әділетті қоғам құру жолындағы күресі. Есенберлин бұл мәселені кеңінен қозғап, әділетсіздікке қарсы тұрып, халықтың құқығын қорғау қажеттігін ерекше атап өтеді. Оның туындыларындағы осы ойлар бүгінгі күнмен тығыз байланысты. Қазіргі кезеңде елімізде жүзеге асырылып жатқан «Әділетті Қазақстан» жобасы дәл осы мәселелерді көтеріп, елдің әлеуметтік жағдайын жақсартуға, әр азаматтың құқықтарын қорғауға бағытталған. Аталған жоба мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, әрбір азаматтың құқықтарын қорғау және әділ қоғам құруға, экономикалық теңсіздікті жоюға бағытталған бірнеше маңызды шараларды қамтиды. Осы орайда, Есенберлиннің шығармаларындағы әлеуметтік теңсіздік пен әділетсіздікке қарсы күрес идеясы қазіргі қоғамда өзектілігін жоғалтпай, халықтың жағдайын жақсартуға ұмтылуда маңызды негіз болып табылады. Жазушының әлеуметтік мәселелерді көтеруі және әділеттілікке деген ұмтылысы қазіргі заманның сұраныстарына сай болып, «Әділетті Қазақстан»

жобасының тұжырымдарымен үндесіп, қоғамның дамуында терең із қалдырып келеді.

Жастардың тарихи оқиғаларға араласуы, қоғамның дамуына қосқан үлесі туралы де І.Есенберлиннің шығармаларында бой көтерген. Бүгінгі күні жастар елдің мәдени, саяси және әлеуметтік өмірінде белсенді рөл атқарып, өз елінің дамуына үлес қосып жүр. Жазушының шығармаларында жастардың келешекке деген сенімі мен өз еліне деген махаббаты бүгінгі ұрпаққа үлкен өнеге боларлықтай. Жастардың ұлттың болашағына деген жауапкершілігі мен ертеңге деген үміті, болашаққа алаңдауы қай заман болмасын әрдайым қажет қағидалар.

Қорытындылай келе, Ілияс Есенберлиннің шығармашылығы — қазақ әдебиетінің алтын қорына енген, ұлттың рухани болмысының тереңіне бойлаған туындылар. Белгілі жазушы Мұхтар Мағауиннің пікірінше, Есенберлин тарихты тек әдебиет қырынан ғана емес, сонымен бірге тарихи дәлдікпен де ашып, өз шығармаларымен қазақ халқының өткенін жан-жақты суреттеген жазушы [3]. Оның идеялары бүгінгі күннің талаптарына сай, әсіресе ұлттың тәуелсіздігі мен ұлттық сана-сезімді сақтау мәселелерінде маңызды орын алады. Жастар осы идеяларды өздерінің болашақта елдің өркендеуі үшін іске асырып, ұлттың рухани мұрасын жалғастыруда үлкен жауапкершілік арқалап жүр. Есенберлиннің шығармалары әрқашан біздің ұрпақтарымыз үшін тарихи сабақ, ұлттық рухты көтерудің қайнар көзі болып қала бермек.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.Әден А. Ілияс Есенберлин туралы 20 дерек\\ Мәдениет порталы. 31.08.2013
- 2.Есенберлин І. Қаһар. Тарихи роман. Алматы: Жазушы. 1969. – 348 б.
3. https://adebiportal.kz/kz/news/view/muxtar-magauin-iliias-aga-esenberlin_19722

ЕСЕНБЕРЛИН ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН: ОНЫҢ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ БҮГІНГІ КӨРІНІСІ

**Абдраманова Гульжанат Асановна
«Қайым Мұхамедханов атындағы
№90 гимназия» ШЖҚ МКК**

Ілияс Есенберлин қазақ әдебиетінде өзіндік ерекше орны бар, көрнекті қаламгер. Жазушы қазақ халқының тарихын тереңнен зерделеп, әрбір тарихи оқиғаны көркем шығармаға шебер орналастырып, сыйыстыра білген, мәңгі жасайтын үздік туындыларын тарту еткен. Сондықтан да болар Есенберлин шығармаларын оқыту, оның бүгінгі күндегі көрінісін айқындау, салмақтау, салыстыру және бағалау қазіргі уақытта да өзекті болмақ. Бұл тақырыпты тарқату мақсатында, алдымен Есенберлин шығармаларының қазақ халқы үшін, өскелең жас ұрпақ үшін маңызы қандай, несімен құнды, бүгінгі жас жазушы еңбектерінен нені білу керек деген мәселелерге тоқтала кетсек.

Біріншіден, қазіргі ұрпақ Есенберлин шығармалары арқылы қазақ елінің тарихымен, сол кезеңдегі тарихи тұлғалармен, хандық дәуірдің қалыптасуындағы және дамуындағы ел басқарудың ерекшеліктерімен, қазақтың тұрмыс тіршілігімен етене таныса алады. Екіншіден, бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі балаға құндылыққа негізделген білім беру идеясын жалпы қоғам болып көтеріп, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын мектеп тәжірибесіне енгізіп отырмыз, осы тұрғыдан келгенде Ілияс шығармаларындағы әрбір дәуір шындығы, ақиқаты, тарихи тұлғалардың орны бір бөлек десек болады. Себебі ойшыл азаматтың елінің ертеңі үшін жасаған, жазған дүниесін, оған дейін ешкім жазбаған еді. Бұл жайлы «Әдебиет» порталында Есенберлин жайы 20 дерек келтірілген екен, соның ішінен мынадай ақпаратқа ерекше мән бердім: «Ілияс Есенберлинге дейін қазақ әдебиетінде елдің тарихы туралы кітап болмаған. Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» еңбегі ХІХ ғасырдың қазақ қоғамының өмірін бейнелейді, ал моңғол дәуіріне дейін Ұлы Дала көшпенділері, Шыңғысхан мен Алтын Орда дәуірі, ХV – ХVІ ғасырдағы Қазақ хандығының құрылуы, оның көптеген жылдар бойы жоңғарлармен шайқастары, қазақ даласының Ресейге қосылған заманы туралы мәлімет болмаған. Жазушының өзі «Көшпенділер» трилогиясы туралы былай жазған: «Мен «Көшпенділер» трилогиясын 1945 жылы ниет еткенмін. 1960 жылы осы үш романның жұмысына кірістім. Сондай ұзақ әзірлеудің себебі: тарихи материал шыдамдылықпен автордың мұқияттылығын талап етеді».

Үшіншіден, Есенберлин шығармаларының басты идеясының бүгінгі күнмен үндестігін аңғару қиын емес, жазушының мақсаты тарихтың шындығын көркем тілмен әрлеп, елдіктің қалыптасуындағы хандардың, батырлардың жойқын күрестердегі елін, жерін сақтап қалудағы көзсіз ерліктерін, стратегиялық тактикаларын, жанкешті батырлықтарын дәріптеу арқылы жас ұрпаққа ақиқатты жеткізу, тарихын қастерлеу, тәуелсіздігін, еркіндігін бағалау, ұлы істерде ұлылығын танытқан ұлы тұлғалар жолын насихаттау, асыл мұрасын сақтау еді. Тіпті Ілияс Есенберлиннің жерленген басында «Мен тарихты жаздым. Оны

өзімнің халқым әділеттіліктің жалауының астында болашаққа жүруі үшін ашуға тырыстым» деген жазу бар екен. Дәл осы сөздер жазушының қазіргі болашақ жастарға ең қажетті, ең маңызды құнды еңбектерін бүгін күнмен үндестіріп кеткенінің айқын дәлелі.

Бүгінгі күнде ұрпақтар сабақтастығы арасындағы мықты байланыстың бірі - ол көркем шығарма, себебі тарихты жырлайтын жыршлар, жазатын жазушылар дер кезінде ақиқат аңыздарды, шынайы оқиғаларды өрнектей тілдерімен, шебер тілдерімен, оймақтай орын тауып, әдеби шығармаларға сыйғызып, мирас мұрасына айналдыра алды. Есенберлин шығармалары дәл осындай асыл қорға айналған, құнды еңбектердің бірі.

Қазіргі озық технологияның дамыған, өркендеген, қарыштаған, цифрлық уақыттың дәуірлеген кезеңінде Есенберлин идеяларын қалай жеткізуге, насихаттауға, оқытуға болады деген сауалға жауап іздеп көрейік.

Алдымен Есенберлиннің жас ұрпаққа үлгі, өнеге болар құндылықтарға тоқталсақ, жазушы жас кезінде әке-шешеден ерте жетім қалғандықтан балалар үйінде тәрбие алады. Дәл осы оқиға туралы баласы Қозыкөрпеш «Караван» газетіне берген сұхбатында былай дейді: «Әкемді дала кезіп, қаңғып жүрген жерінен тауып алып, балалар үйіне жеткізген... Мүмкін әкемді өмірге деген құштарлығы пен еш қиындыққа қарамастан өмір сүруге деген құлшыныс жетелеген болар деп ойлаймын». Тереңнен үңілсек, бала Ілиястың бойындағы сол құштарлық пен құлшыныс халық алдында үлкен мақсатты орындауда дегені жауапкершілік пен сенімді ұялатқан екен.

Енді жазушының өзі туралы айтқан «Бірлік» газетіне берген сұхбатынан үзінді келтіріп көрейік, «Мен алдыменен материал жинаймын. Деректер іздеймін. Айғақтарды қараймын. Халық фольклорына сүйенемін. Жазба бетінде қандай шығармалар бар, соның барлығын қолым жеткен жерге дейін зерттеймін, оқимын, бірімен-бірін салыстырамын. Осылай дайындаламын. Материал дайындалғаннан кейін алдымен ойға салып, бір жылөте ме, көп жыл өте ме, миыма жазамын. ... Тереңнен ізденіп, өз ақылымның жеткен жеріне шейін жазамын» деген екен.

Осыдан-ақ Есенберлиннің бір бойында тұнып тұрған құндылықты аңғаруға болады емес пе? Зерттеу, оқу, салыстыру, іздену сияқты дағдылар- бәрі еңбекпен келетін нәтиже. Сондықтан Есенберлин шығармаларындағы идеяларды бүгінгі күнмен үндестіру үшін бізге де осы дағдылардың болуы маңызды екенін хақ.

Қазіргі мектеп оқушыларына Ілияс шығармаларын дұрыс түсініп, ләззат алып, сезініп қабылдау ықпал ететін әдістің бірі- гемификация әдісі. Яғни рөлдік ойындар арқылы оқыту, оның ішінде сахналау, комикс, дебаттық ойындар, кино-әлемі, букстейлер. Бұл әдістерді ұтымды қолдану арқылы оқушының танымдық ой-өрісін, шығармашылық қабілетін, топ алдында сөйлеу, өзін-өзі ұстау, аудиторияны басқару дағдыларын үйренуге болады. Бала Ілиястың дана Ілиясқа дейінгі өмір дерек картасын жасау оқушының жазушы шығармаларындағы идеяны түсінуге, қабылдауға ықпал етеді.

Тағы бір Есенберлиннің бүгінгі күнмен байланысын арттыратын жән идеяны жүзеге асыратын мектеп мұражайын да жасақтап, оның жәдігерлерін, еңбектерін танытуға болады. Жазушының өзі сипаттағандай, жазылған әрбір

шығармасы ойдағы шимай парақтан, қағаз бетіне түскен шимай параққа түсіп, әбден жанданып, жарыққа шыққанша мың толғанудан тұратыны секілді, мұражайға жинақталған әрбір зат білім алудың бір әдісінде жанды сабақтар, тарихи сабақтар, галереяны шарлау, көрме сабақтар ретінде қолданылады.

Құндылыққа тұнған тұлғаның жарқын бейнесі баға жетпес шығармалары бүгінгі күнмен үндесіп, жас ұрпақтың білім көкжиегін дамутуға, өз елінің тарихына, әдебиетіне деген құрметін арттырып, болашақтарына айқың көрініс табатыны сөзсіз. Сонымен Есенберлин шығармаларынан бүгінгі жастарымыз, педагогтеріміз қандай идеяларын іске асырып, қандай тәлім-тәрбие, өнеге алуы мүмкін?

Бүгінде мектеп бағдарламасына енгізілген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы қазіргі қоғамның ең өзекті мәселесі бала тәрбиесін, отбасылық тәрбиені, ұлы тұлғаларымызды, құндылықты дәріптеуді мақсат тұтып отыр. Бұл орайда Есенберлин шығармаларын оқытуда оның әрбір тақырыпты жазудағы еңбектену жолында кез келген шығарманы табандылықпен зерттеп, дерек қорларын саралап, сүзгіден өткізуін оқушыларға үлгі етіп, ғылыми ізденіске, жобалар жазуға бағыттауға болады. Яғни, Есенберлиннің әдеби-ғылыми ізденістегі алгоритмін жүйелі қолданысқа енгізсек, оқушылар бойында құндылыққа негізделген білімнің нәрі себіледі.

Қорыта айтқанда, Есенберлин шығармалары қазіргі заманға, бүгінгі ұрпаққа қандай идеялары үндесіп, не бере алады десек, біріншіден, «Өз туған халқының өткен тарихын білмей, болашағын болжай алмайсың» дегендей, тарихтағы ақиқатты нақты фактілермен, деректермен салыстырып, зерделей білуге үйренеді. Екіншіден, тарихтағы тұлғалардың ерліктерін, батырлықтарын, қайсарлықтарын және тарихтағы ақиқатты әдеби шығармалар арқылы көркем тілде, көркем образдармен сөйлете алу шеберлігін меңгереді. Үшіншіден, қандай шығарма жазса да өмірдегі тайталасты, жанталасты халыққа шынайы жеткізу тәсілдерін қарастырады. Төртіншіден, өз еліне адал қызмет ету, еңбектену, әділетті, адал азамат ұстанымынан айнымауы құндылығын бойына сіңіреді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. <https://madeniportal.kz/literature>
2. Елешова Жанар «Білік» №2 (175), 28 ақпан, 2015 жыл.
3. «Караван» №35 2014 жыл, 5 қыркүйек

І. ЕСЕНБЕРЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ҚАЗАҚ ХАНДАРЫНЫҢ ТАРИХИ БЕЙНЕСІН СОМДАУДАҒЫ ӘДЕБИ АЙШЫҚТАУДЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ»

Г. К. Қиясова
Астана қаласы
М.Мақатаев атындағы
№74 мектеп-гимназия

Қазақ ұлтының тарихын жазуда тарихшы ғалымдардай еңбек еткен, біртуар жазушы, қазақ әдебиетінің ұлы классиктерінің бірі жазушы-Ілияс Есенберлин. І.Есенберлин шығармашылығын көпқырлы қарастыруға болады. Бірақ, ең бастысы қазақ хандығы және тарихына арналған романдары. Оның шығармаларында тарихи тұлғалар арқылы қазақ халқының өткен кезеңдері мен тарихи дамуы суреттелген. Оның кейіпкерлері – нақты тарихи тұлғалар мен олардың өмірі арқылы ұлттық рухты, ерлікті және тәуелсіздік үшін күресті бейнелеген. Алдымен ауызға «Көшпенділер» трилогиясы оралады. Бұл трилогия қазақ халқының хандық дәуірінен бастап, тәуелсіздік үшін күрескен кезеңдерін қамтиды. Есенберлин тарихи тұлғаларды кең көлемде сипаттайды. Қазақ хандығының негізін салушы Керей мен Жәнібек хандар. Жәнібек пен Керейдің бейнесі арқылы автор қазақ халқының тәуелсіздікке ұмтылысын көрсетеді. Есенберлин олардың ерлігі мен дана саясаткерлігін нақты тарихи оқиғалар негізінде бейнелейді.

Қасым хан. Қазақ мемлекеттілігінің негізін қалаушылардың бірі. «Қасым ханның қасқа жолы» заңдар жинағы мемлекеттіліктің беріктігін көрсетеді. Қасымның әділеттілігі мен халыққа деген қызметі жазушының көркемдік бейнесінде терең ашылады. Есім хан. Хандықтың ішкі бірлігін сақтау үшін күрескен басшы. Оның бейнесі арқылы Есенберлин қазақ қоғамындағы ішкі қайшылықтарды және олардың шешім жолдарын көрсетеді. Тәуке хан. «Жеті жарғы» заңдар жинағын жасаушы. Тәуке ханның елді біріктіру жолындағы қызметі ерекше көрсетілген. Оның бейнесі әділдік пен даналықтың үлгісі ретінде суреттелген. Абылай хан. Трилогиядағы ең жарқын тұлғалардың бірі. Абылайдың ішкі дипломатиясы, жауларға қарсы батылдығы мен ел қорғаудағы көрегендігі романның басты өзегі ретінде баяндалады. Автор оның тұлғасын халықтың тәуелсіздігі үшін күрескен көшбасшы ретінде көрсетеді. Кенесары Қасымұлы Қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы соңғы ханы. «Қаһар» романында оның күресі, трагедиясы және ерлігі ерекше сипатталған. Кенесары бейнесі арқылы автор ұлттық бостандыққа деген ұмтылыстың мәңгілік екендігін жеткізеді. «Алтын Орда» трилогиясы. Бұл трилогияда Алтын Орданың құрылуы, гүлденуі және құлдырауы баяндалады. Есенберлин Шыңғыс ханның мұрагерлері арасындағы күрес пен билікке ұмтылысты терең ашып көрсеткен. Шыңғыс хан. Ұлы жаулаушы және империяның негізін қалаушы ретінде сипатталады. Автор оның билікке деген құштарлығы мен халыққа ықпалын терең суреттейді. Бату хан. Алтын Орданың негізін қалаушы. Оның көрегендігі мен әскери қабілеттері сипатталған. Бату ханның бейнесі Алтын Орданың дамуының символы ретінде

беріледі. Тоқтамыс хан. Алтын Орданың соңғы ұлы билеушілерінің бірі. Оның Мәскеуді өртегені және Темірланмен болған күресі тарихи дәлдікпен суреттелген. Едіге би. Алтын Орда кезеңіндегі беделді тұлға. Оның мемлекетшілдік қасиеті мен әділеттілігі ерекше көрініс тапқан. Қазақтың тарихи тұлғалары. Есенберлин шығармалары қазақ халқының ең ұлы тарихи тұлғаларын бейнелей отырып, олардың ел бірлігі үшін атқарған істерін көрсетті. Алаша хан. Есенберлин оны қазақ халқының ұлы символы, қазақ мемлекеттілігінің бастауы ретінде көрсетеді. Жәнібек батыр. Қазақ батырларының ерліктерін бейнелей отырып, Есенберлин Жәнібек батырды батыл, қайсар тұлға ретінде суреттейді. Әбілқайыр хан. Оның билікке ұмтылысы мен ұлы даладағы рөлін шынайы тарихи оқиғаларға негіздеп көрсетеді. Найман хандары мен билері. Найман руының қазақ қоғамындағы рөлі және олардың ішкі-сыртқы саясаттағы орнын сипаттайды.

Ілияс Есенберлиннің тарихи тұлғаларды сомдаудағы ерекшелігін төмендегідей жіктеуге болады.

Көркемдік пен тарихи шындықтың үйлесімі: жазушы тарихи тұлғалардың бейнесін шынайы деректермен толықтыра отырып, олардың ішкі жан дүниесін көркемдікпен аша білді.

Ұлттық рухты көтеру: тарихи тұлғалар арқылы қазақ халқының ұлттық бірегейлігін, тәуелсіздік үшін күрескерлігін айқындап берді.

Көпқырлы бейнелер: оның шығармаларындағы тарихи тұлғалар тек билеуші немесе жауынгер ретінде емес, адамгершілік қасиеттері, ішкі қайшылықтары, рухани ізденістерімен ерекшеленеді.

Ұрпаққа сабақ: тарихи тұлғалар арқылы оқырманды бірлікке, елдің болашағы үшін қызмет етуге шақырды.

Хандар бейнесін ашудағы әдеби айшықтау түрлері

Ілияс Есенберлин шығармаларында тарихи хандардың бейнесін суреттеуде әдеби айшықтау әдістерін шебер қолданды. Бұл әдістер олардың тұлғалық қасиеттерін тереңірек ашып, қазақ халқының тарихындағы маңызды рөлін көрсетуге мүмкіндік береді.

Әдеби айшықтау түрлері

1. Портреттік сипаттау

Есенберлин хандардың сыртқы келбетін, тұлғалық ерекшеліктерін, мінез-құлқын егжей-тегжейлі суреттейді. Мысалы, Абылай ханның бейнесінде оның биік тұлғасы, өткір жанары мен салмақты қимылы арқылы көшбасшыға тән ерекшеліктер ашылады.

2. Тарихи шындық пен көркем қиялды үйлестіру. Жазушы нақты тарихи деректерді пайдалана отырып, кейіпкерлерінің іс-әрекетін көркемдік қиял арқылы байытады. Керей мен Жәнібек хандардың бейнесінде олардың елдің болашағы үшін жасаған батыл қадамдары тарихи негізде баяндалғанымен, диалогтары мен ішкі ойлары арқылы көркемдік элементтер қосылған.

3. Монологтар мен диалогтар. Кейіпкерлердің ішкі жан-дүниесін ашу үшін автор монолог пен диалог әдісін жиі қолданады. Мысалы, Кенесары Қасымұлының патшалық Ресейге қарсы күресі кезінде айтқан сөздері оның азаттыққа деген ұмтылысын көрсетеді.

4. Тарихи контекстті пайдалану

Есенберлин әр ханның бейнесін тарихи оқиғалар аясында көрсетеді. Бұл олардың әрекеттерінің себептері мен салдарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Қасым ханның «Қасқа жолы» заңдар жинағын жасау процесі арқылы оның ел басқарудағы реформаторлық қасиеті ашылады.

5. Эпитеттер мен теңеулер. Хандардың тұлғалық қасиеттерін айшықтау үшін автор эпитеттер мен теңеулерді шебер қолданады. Мысалы, Абылай хан – «айбарлы», «данышпан», ал Тәуке хан – «заңгер», «әділ патша» деп сипатталады.

6. Кейіпкердің іс-әрекеті арқылы сипаттау. Автор хандардың мінез-құлқы мен қасиеттерін олардың іс-әрекеті арқылы көрсетеді. Мысалы, Тәуке ханның Жеті жарғыны құруы, оның әділдік пен ел бірлігіне деген ұмтылысын көрсетеді.

7. Символизм. Хандардың бейнесі арқылы автор қазақ халқының тәуелсіздікке деген ұмтылысын символ ретінде көрсетеді. Кенесары Қасымұлының бейнесі еркіндік пен күрес рухының символы ретінде беріледі.

Қорытындылай келе, әдеби айшықтаудың арқасында тарихи тұлғалар оқырманның көз алдында тірі бейнеге айналады. Хандардың бейнесі арқылы автор қазақ халқының ерлігін, рухани байлығын және ұлттың тәуелсіздікке ұмтылысын оқырман санасына жеткізеді. Хандардың бейнесі арқылы Есенберлин ел басқарудағы әділдік, даналық және халыққа қызмет ету сияқты құндылықтарды насихаттайды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Есенберлин, І. «Көшпенділер» (трилогия): «Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар». Астана: Фолиант, 2019.
2. Есенберлин, І. «Алтын Орда» (трилогия): «Шыңғыс хан ұрпақтары», «Ұлы дала», «Тұйық жол».
3. Алматы: Жазушы, 1983.
4. Әуезов, М. «Тарихи тұлғалар және қазақ эпосы». Алматы: Ғылым, 1975.
5. Сейфуллин, С. «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары». Алматы: Атамұра, 2001.
6. Қозыбаев, М.Қ. «Тарих және ұлттық сана». Алматы: Ғылым, 1998.

ТАРИХ ПЕН ӘДЕБИЕТТІ ҰШТАСТЫРҒАН ТҮЛҒА ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИН

Смагулова Айымгуль Баянтаевна
Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі
Т.Айбергенов атындағы №16 орта мектеп

Аннотация: Мақалада қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Ілияс Есенберлиннің шығармашылығы мен оның тарихи мұраларға қосқан үлесі талқыланады. Оның тарихи романдарындағы қазақ халқының тағдыры, ұлт болмысы және елдік идеялары жан-жақты қарастырылған. Әдебиет пен тарихты байланыстыру арқылы Есенберлин ұлттық сана мен тарихи мұраның ұрпақтар арасындағы сабақтастығын нығайтуға ықпал етті. Бұл зерттеу оның шығармаларының маңыздылығын және қазіргі қазақ қоғамына тигізетін әсерін көрсетуге бағытталған.

Кілт сөздер: Ілияс Есенберлин, қазақ әдебиеті, тарихи роман, ұлттық сана, мәдени мұра.

Ілияс Есенберлин – қазақ әдебиетінде тарих пен әдебиетті ұштастырушы, қазақ халқының болмысын терең түсініп, оны көркем әдебиетте айқын бейнелей білген қаламгер. Ол XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихи тақырыптардағы ізашары саналады. Оның шығармалары тек әдебиет туындысы ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының күрделі тарихын кеңінен көрсететін дереккөзі ретінде де бағаланады.

Ілияс Есенберлин шығармашылығындағы басты ерекшелік – оның тарихи шындықты терең зерттеп, оны көркемдікпен жеткізу қабілеті. Оның «Көшпенділер» трилогиясы қазақ халқының сан ғасырлық тарихын бейнелеп, ұлттың рухани құндылықтарын ұлықтайды. Трилогияда тарих пен әдебиет табиғи үйлесім тауып, оқырманды ел тарихының тереңіне жетелейді. Есенберлиннің бұл еңбегі қазақ әдебиетінің дамуындағы үлкен жетістік болып саналады. Көшпенділер трилогиясының басты құндылығы – қазақ халқының тарихи оқиғаларын әдеби формада бейнелеуі. Мұнда қазақтың дәстүрі, тұрмысы, батырлық эпостары мен тарихи қайраткерлері жаңа қырынан танытылады. Ол тарихтағы күрделі кезеңдерді шынайы сипаттап, ұлттың бірегейлігін сақтап қалудың маңыздылығын көрсетті. Есенберлин ұлт тағдырын сипаттай отырып, тарихты тек өткеннің шежіресі ретінде қарастырмай, оны болашаққа бағдар ретінде ұсынады. [1,54]

Ілияс Есенберлин тарихи тұлғалардың бейнесін жасауда ерекше шеберлік танытты. Ол Абылай хан, Тәуке хан, Кенесары сияқты тұлғаларды көркем шығарманың өзегіне айналдырып, олардың ел мүддесі үшін жасаған күрестерін тереңдетіп көрсетті. Бұл арқылы ол оқырманға қазақ халқының өткендегі ерлік

істері мен қиындықтарға толы жолын сезінуге мүмкіндік береді. Қаламгердің шығармашылығының тағы бір маңызды қыры – оның тарихи деректерді қолдану әдісі. Есенберлин тарихи оқиғаларды көркем суреттей отырып, нақты деректер мен құжаттарға сүйенді. Оның шығармаларындағы тарихи деректердің дәлдігі оның еңбектерін әдебиет пен тарих арасындағы алтын көпірге айналдырды. Бұл әдіс арқылы ол оқырманға өткен заманның болмысын тереңірек түсіндіруге жол ашты. Есенберлиннің шығармашылығы қазақ әдебиетінде тарихи роман жанрын жаңа деңгейге көтерді. Оның туындылары оқырманды тек қызықтырумен шектелмей, олардың ұлттық санасын қалыптастыруға да ықпал етті. Әсіресе, оның «Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар» сияқты романдары қазақ халқының тәуелсіздікке ұмтылысын бейнелеп, елдің тарихындағы маңызды оқиғаларды жаңғыртты. [2,78]

Қаламгердің шығармаларының тәрбиелік мәні де ерекше. Оның романдары оқырманды елдік санаға, ұлтжандылыққа тәрбиелейді. Ол тарихи тұлғалардың ерліктерін дәріптеп, оқырманға олардың тағылымын ұсынды. Осылайша, Есенберлин тарихты көркем әдебиет арқылы ұрпақтарға жеткізудің үздік үлгісін көрсетті. Ілияс Есенберлин шығармашылығының тағы бір қыры – оның әдебиетке қосқан жаңашылдығы. Ол қазақ тарихын бейнелеуде батыл қадамдар жасап, заманауи әдеби тәсілдерді қолданды. Оның шығармаларында эпикалық кендік, тарихи нақтылық және көркемдік бейнелеу шеберлігі үйлесім тапқан. Ілияс Есенберлиннің шығармашылық мұрасы бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтқан жоқ. Оның шығармалары қазақ халқының ұлттық бірегейлігін нығайтуға және тарихи мұраны сақтау арқылы болашаққа бағыт беруге үлес қосты. Қаламгердің туындылары қазіргі жастарға тарихты танып-білуге, ұлттық құндылықтарды ұлықтауға және отаншылдық сезімді қалыптастыруға ықпал етеді. Есенберлиннің шығармашылық мұрасын зерттеу қазіргі қазақ әдебиетінің және тарих ғылымының дамуына зор үлес қосады. Оның тарихи романдары қазақ әдебиетінде ерекше орынға ие болып, олар ұлттық рухты көтеру мен тарихи сананы жаңғыртуда маңызды рөл атқарды.

Ілияс Есенберлиннің шығармашылығын әрі қарай зерттеу мен насихаттау үшін бірнеше маңызды ұсыныстарды қарастыруға болады. Ең алдымен, оның туындыларын білім беру жүйесінде кеңінен қолдану қажет. Әдебиет пәнінде «Көшпенділер» трилогиясы сияқты еңбектерді оқыту оқушылардың тарихи сана-сезімін қалыптастыруға ықпал етеді. Әсіресе, тарихи романдарды талдау арқылы оқушыларға тарих пен әдебиет арасындағы байланысты терең түсіндіруге мүмкіндік туады. Сонымен қатар, Ілияс Есенберлиннің шығармаларын цифрлық форматта қолжетімді ету – маңызды міндеттердің бірі. Оның еңбектерін заманауи технологиялар арқылы аудиокітап, электрондық кітап немесе мультимедиялық форматта тарату жастардың қызығушылығын арттырып, шығармаларын әлемдік деңгейде танымал етуге мүмкіндік береді. [3,98]

Қаламгердің мұраларын насихаттауда деректі фильмдер мен көркем туындылардың рөлі зор. Ілияс Есенберлиннің өмірі мен шығармашылығына арналған фильмдер мен деректі жобалар қазақ халқының мәдениетіне қосқан үлесін одан әрі кеңірек таныстыра алады. Мұндай жобалар оның өмір жолын, әдебиеттегі ерекше стилін және ұлттық құндылықтарды дәріптеуін жаңа қырынан аша түседі. Сонымен бірге, әдеби және тарихи зерттеулерді дамыту мақсатында арнайы ғылыми конференциялар, семинарлар және пікірсайыс алаңдарын ұйымдастыру да маңызды. Бұл шаралар Есенберлиннің шығармашылығының ұлттық мәдениетке қосқан үлесін кеңінен талқылауға мүмкіндік береді. Жазушының шығармаларын әлемдік деңгейде танымал ету үшін оларды әртүрлі шет тілдеріне аудару жұмыстарын жалғастыру керек. Оның тарихи романдары қазақ халқының тарихын жаһандық аудиторияға таныстырудың тамаша құралы бола алады. Әсіресе, ағылшын, түрік, қытай сияқты кең таралған тілдерге аудару қазақ мәдениетін жаһандану дәуірінде нығайтуға көмектеседі. Ілияс Есенберлиннің еңбектері тек тарихи дерек көзі ретінде ғана емес, болашақ ұрпаққа рухани тәлім беретін құрал болып табылады. Сондықтан оның шығармаларын насихаттау және зерттеу жұмыстарын жалғастыру арқылы біз ұлт руханиятын дамытуға, тарихи сананы нығайтуға, және әдебиетіміздің мәртебесін көтеруге үлес қоса аламыз. Есенберлиннің мұрасы – мәңгілікке сақталатын ұлттық қазына.

Қорыта айтқанда, Ілияс Есенберлин – тарих пен әдебиетті бір арнаға тоғыстырған дара тұлға. Оның шығармалары қазақ халқының өткені мен болашағын байланыстырып, ұлттың рухани мұрасын байыта түсті. Есенберлиннің шығармашылығы қазақ әдебиеті мен тарихының ажырамас бөлігі ретінде мәңгілік мұра болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Бекенов, Ә. (2016). Ілияс Есенберлиннің тарихи мұрасы. Алматы: “Мектеп” баспасы.
- 2.Қоңыров, С. (2018). Қазақ тарихи романының негіздері. Нұр-Сұлтан: “Білім және ғылым” баспасы.
- 3.Омаров, Қ. (2020). Қазақ әдебиетіндегі тарихи бейнелер. Қарағанды: “Қазақ әдебиеті” журналы.

ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫН НАСИХАТТАУДАҒЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІҢ МАҢЫЗЫ

Шармахамбетқызы Мәдина
Информатика пәнінің мұғалімі
А.Байтұрсынов атындағы №48 мектеп-лицейі

Ілияс Есенберлин – қазақ әдебиетінің ұлы тұлғасы, ұлттық тарих пен мәдениетті көркемдік тұрғыдан суреттеген ерекше қаламгер. Ілияс Есенберлин (1915–1983) – қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғасы, тарихи романдардың шебері, қазақ халқының тарихын эпикалық ауқымда суреттеген қаламгер. Ол өзінің шығармашылығы арқылы ұлттық тарих пен мәдениетті насихаттап, қазақ халқының тәуелсіздікке деген ұмтылысын көркем әдебиетке енгізді.

Оның шығармаларын халыққа насихаттау – қазақтың өткенін танып, ұлттық сананы жаңғыртуда аса маңызды рөл атқарады. Алдымен жазушы шығармашылығын халыққа насихаттаудың маңызына тоқталайық. Есенберлиннің «Көшпенділер», «Алтын Орда» трилогиялары қазақ халқының мыңжылдық тарихын, елдік пен ерлікті суреттейді. Бұл шығармалар арқылы халық қазақ хандығының құрылуы, оның бірлігі мен тәуелсіздік үшін күресі туралы біле алады. Мысалы, «Қаһар» романында Кенесары ханның ұлт-азаттық қозғалысы жан-жақты көрсетілген. Оның шығармалары отаршылдықтың салдарын түсінуге, ел тарихындағы маңызды оқиғалардан сабақ алуға мүмкіндік береді. Ұлттық сана мен рухты қалыптастыру. Есенберлин шығармаларының негізгі өзегі – тәуелсіздікке ұмтылыс, ел бірлігі мен тұтастығы. Бұл идея бүгінгі ұрпаққа отансүйгіштік пен ұлтжандылық сезімін қалыптастырады. Мысалы, «Көшпенділер» трилогиясы қазақ халқының басынан кешкен қиындықтары мен ерліктерін суреттеп, ұлттық рухты көтереді. Шығармаларда ел ішіндегі алауыздықтың қауіптілігі, ал бірліктің маңыздылығы ерекше көрсетіледі. Бұл идея қазіргі заман үшін де өте өзекті. Шығармалар тарихи шындықты жеңіл әрі қызықты формада жеткізеді. Бұл халықтың тарихқа деген қызығушылығын арттырып, оны жақсырақ түсінуге көмектеседі. «Алтын Орда» трилогиясы Жошы ұлысының тарихы мен оның қазақ мемлекеттілігіне ықпалын ашып көрсетеді. Есенберлиннің бай тілі, әдеби тәсілдері мен кейіпкерлердің бейнесі оқырманды әдебиетті сүйіп оқуға ынталандырады. Есенберлин шығармаларында Кенесары хан, Абылай хан, Қасым хан сияқты тарихи тұлғалар ерлік пен даналықтың үлгісі ретінде көрсетіледі. Бұл халыққа, әсіресе жастарға, көшбасшылық, батырлық пен жауапкершілік қасиеттерін үлгі етеді. Оның шығармалары арқылы қазақ халқының тарихи тұлғаларының ерен еңбегін түсініп, олармен мақтану сезімі оянады. Есенберлин шығармалары ұлттық дәстүрлер, салт-саналар мен мәдениет туралы мол ақпарат береді. Бұл құндылықтарды қазіргі заманмен байланыстырып, олардың өміршеңдігін көрсетеді.

Есенберлиннің еңбектері тек қазақ оқырмандарына ғана емес, әлемге де қызықты. Оның шығармаларын насихаттау – қазақ халқының бай тарихын жаһандық деңгейде танытудың тиімді жолы. Есенберлин шығармалары арқылы

жастар елге, жерге деген сүйіспеншілікке, туған халқының тарихын құрметтеуге тәрбиеленеді. Кенесары хан, Абылай хан сияқты тұлғалардың батырлығы, даналығы, төзімділігі оқырманға мінез-құлықтың оң үлгісін береді. Ілияс Есенберлин шығармаларын насихаттау – ұлттық сана мен рухты көтеру, тарихты түсіну, патриотизмді қалыптастыру және қазақ әдебиетін әлемдік деңгейде таныту үшін аса маңызды. Бұл шығармалар халықтың мәдени және рухани байлығын арттырып, ұлттық болмысын сақтау мен нығайтуға ықпал етеді. Есенберлиннің мұрасын кеңінен насихаттау арқылы біз ұлттың өткенін құрметтеп, болашаққа сенімді қадам жасай аламыз.

Ілияс Есенберлин – қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғасы, оның шығармалары ұлттық рухты көтеріп, қазақ халқының тарихы мен мәдениетін насихаттайды. Жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының дамуы бұл шығармаларды кең аудиторияға танытуда ерекше рөл атқара алады.

Жасанды интеллекттің негізгі мүмкіндіктері.

1. Шығармаларды цифрландыру және талдау. Жасанды интеллект технологиялары Ілияс Есенберлиннің шығармаларын сандық форматқа аударып, заманауи платформаларға бейімдеуге көмектеседі. Мысал: «Көшпенділер» трилогиясы мен «Алтын Орда» шығармаларын аудиокітаптарға айналдыру. Көркем мәтінді талдай отырып, маңызды эпизодтар мен кейіпкерлердің бейнесін ерекшелеу.

2. Мультимедиялық ресурстар құру. ЖИ көмегімен Есенберлин шығармаларының негізінде анимациялар, қысқаша бейнероликтер немесе интерактивті карталар жасауға болады. Мысал: Кенесары ханның ұлт-азаттық күресі туралы интерактивті деректі фильмдер немесе виртуалды шындық (VR) арқылы бейнеленген тарихи оқиғалар.

3. Тілдік және аударма технологиялары. Жасанды интеллект қазақ тіліндегі шығармаларды басқа тілдерге сапалы аударып, әлемдік оқырманға таныстыруға мүмкіндік береді. Мысал: Ілияс Есенберлин шығармаларын ағылшын, орыс, қытай және басқа да тілдерге аудару арқылы халықаралық аудиторияны кеңейту.

4. Тарихи контекст пен көркемдік талдау. ЖИ тарихи оқиғалар мен әдеби әдістерді салыстырып, шығарманың көркемдік және тарихи маңызын тереңірек түсінуге көмектеседі. Мысал: «Қаһар» романындағы тарихи тұлғалардың деректерін автоматты түрде талдау.

Хандардың бейнесін талдау үшін шығарма мәтінінен деректерді шығарып, құрылымдық кесте жасау. Жасанды интеллект арқылы насихаттаудың құралдары. Әлеуметтік медиа мен платформалар: ЖИ көмегімен Ілияс Есенберлин шығармаларының мазмұнын әлеуметтік желілерде тиімді тарату.

Мәтіндерді қысқаша ақпараттарға немесе визуалды материалдарға айналдыру. Виртуалды әдебиет мұражайлары. Жасанды интеллект технологиялары негізінде Есенберлиннің өмірі мен шығармашылығына арналған онлайн мұражайлар жасау. Мұражайда оның шығармаларының аудиоформаты, интерактивті карталары мен өмірбаяндық деректері қамтылады.

Білім беру саласында қолдану. ЖИ негізінде интеллектуалды оқу құралдарын құру. Оқушылар мен студенттерге Есенберлин шығармалары бойынша автоматтандырылған тесттер, тапсырмалар және интерактивті оқу модульдерін ұсыну. Шығармашылық жобаларға интеграция:

Жасанды интеллект Есенберлин шығармаларына негізделген жаңа әдеби, көркем немесе драмалық шығармаларды құруда шабыт көзі бола алады.

Жасанды интеллекттің артықшылықтары. Жылдам таралым: Шығармаларды кең аудиторияға жедел жеткізу мүмкіндігі. Талдаудың тереңдігі: Шығарманың мазмұнын құрылымдау, тарихи оқиғаларды талдау және оқырман үшін мазмұнды жеңіл әрі қызықты ету.

Жаңа форматтар: Заманауи құралдарды пайдаланып, шығармаларды жаңа, интерактивті форматтарда таныстыру.

Қолжетімділік: Әлемнің кез келген нүктесінен оқырмандарға шығармаларды оқуға, тыңдауға немесе көруге мүмкіндік беру.

Ілияс Есенберлин шығармаларын насихаттауда жасанды интеллекттің маңызы зор. Бұл технологиялар шығармаларды жаңа форматта ұсынуға, кең аудиторияға таратуға және оқырмандардың шығармашылық және тарихи танымын кеңейтуге мүмкіндік береді. Жасанды интеллект арқылы қазақ әдебиетін халықаралық деңгейге шығару және ұлттық мәдени мұраға деген қызығушылықты арттыру – болашақтың басты бағыттарының бірі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі.

1. Сейітова, С. «Ілияс Есенберлин шығармашылығы». Алматы: Рауан, 2000.
2. Есенберлин, І. «Көшпенділер» трилогиясы: «Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар». Алматы: Жазушы, 1976.
3. Есенберлин, І. «Алтын Орда» трилогиясы. Алматы: Жазушы, 1983.
4. ЖИ және деректер ғылымына арналған деректер платформасы. Сілтеме: www.openml.org
5. ЖИ бойынша жарыстар, деректер жиынтықтары және тәжірибе алаңы.
6. Сілтеме: www.kaggle.com
7. <https://chatgpt.com/c/6783eb38-514c-8002-8f11-c5fca766e474>

ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Амреева Айнаш Бериковна
«Темірбек Жүргенов атындағы №70
мектеп-лицей» ШЖҚ МҚК
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**

Ілияс Есенберлин – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, тарихи шығармалары арқылы ұлттық рухты жаңғыртып, ел тарихын әдебиет тілімен жеткізген жазушы. Оның шығармаларындағы тілдік ерекшеліктер көркемдік пен тарихи шындықтың үйлесімінде жатыр.

1. Тарихи тіл және архаизмдер. Архаизмдер мен тарихи лексика: Есенберлин шығармаларында тарихи кезеңнің рухын сезіндіру үшін архаизмдер мен тарихи сөздер кеңінен қолданылады. Мысалы, "қасқа жол", "жарғы", "билік биі", "жарлық" сияқты сөздер хандар дәуірін нақты сипаттайды. Мысал: «Қасым ханның қасқа жолы» тіркесі Қасым ханның заңдар жинағын ғана емес, оның ел басқарудағы әділ жолын білдіреді.

2. Диалогтардың реалистігі. Тарихи тұлғалардың тіліндегі ерекшелік: Хандар, билер, батырлар арасындағы диалогтар тарихи тұлғалардың мінезін, көзқарасын, ойлау деңгейін көрсетеді. Хандардың тілі – байсалды, салмақты, астарлы ойға толы. Батырлардың тілі – жігерлі, қысқа әрі нақты. Мысал: Абылай ханның стратегиялық шешімдерін көрсететін сөздері мен Кенесарының жауынгерлік ұрандары ерекше әсер қалдырады.

3. Эпикалық стиль. Көтеріңкі пафос: Есенберлин шығармаларында батырлық, ерлік оқиғаларды баяндауда эпикалық пафос сезіледі. Бұл әдіс шығармалардың мазмұнын әсерлі етіп, оқырманға рух береді. Мысал: «Көшпенділер» трилогиясында ұлттың ерлігі мен елдігін бейнелейтін эпикалық баяндау стилі басым.

4. Табиғат суреттері арқылы бейнелеу. Пейзаждық суреттеулер: Табиғат суреттері тарихи оқиғалар мен кейіпкерлердің көңіл-күйін жеткізу үшін шебер пайдаланылады. Мысалы, хан ордасының айналасындағы кең дала бейнесі еркіндік пен кеңістік идеяларын береді. Соғыс кезеңдерінде табиғаттың қатал бейнесі оқиғаның ауырлығын күшейтеді.

5. Теңеулер мен эпитеттер. Көркем сөздің байлығы: Жазушы тарихи тұлғалардың бейнесін ашу үшін әсерлі эпитеттер мен теңеулерді жиі қолданған. Мысал: Абылай ханды «салмақты тастай, шешімін күтіп жатқан теңіздей» деп сипаттайды. Кенесарыны «дауылдың алдын сезетін қыранға» теңейді.

6. Қос мағыналылық және астарлы ой. Тарихи оқиғалар мен кейіпкерлердің іс-әрекеттерін астарлы тілмен жеткізу: Бұл әдіс арқылы автор кеңес дәуірінде ашық айтуға болмайтын ойларды астарлап жеткізеді. Мысал: «Көшпенділер» трилогиясында тәуелсіздік үшін күрескен хандардың бейнесі арқылы қазақтың ұлттық рухы көрсетіледі.

7. Халық ауыз әдебиеті элементтері. Мақал-мәтелдер: Есенберлин кейіпкерлерінің сөздерінде халықтың даналығын жеткізетін мақал-мәтелдер жиі

кездеседі. Бұл тарихи оқиғаларды шынайырақ етеді. Мысал: «Елдің күші – бірлікте», «Туған жердің топырағы да ыстық». Ертегі мен эпос мотивтері: Батырлардың ерлігін бейнелегенде халық жырларының әсері байқалады.

8. Тарихи дерек пен көркемдік үйлесімі. Тарихи дәлдік: Есенберлин тарихи фактілерді көркем тілмен үйлестіре отырып, деректілікті сақтаған. Оның шығармалары – шынайы тарихи оқиғаларға негізделген көркем әдебиет үлгісі. Ілияс Есенберлиннің тілдік ерекшеліктері тарихи дәуірдің шынайылығын көрсетіп, оқырманды терең ойға жетелейді. Оның шығармалары тек тарихи баяндаулар ғана емес, қазақ халқының болмысын, ерлігін, рухын әдеби тілдің шеберлігі арқылы жеткізген көркемдік әлем.

Ілияс Есенберлин шығармаларынан нақты үзінділер мен мысалдар оның тарихи тұлғаларды бейнелеудегі және тілдік ерекшеліктерін ашудағы шеберлігін көрсетеді.

«Алмас қылыш» (Көшпенділер трилогиясы). Үзінді: «...Керей ханның жүзіне байыппен қараған Жәнібек: — Елді бірлікке шақырар уақыт жетті, Керей. Өз жерімізде өз билігіміз болмаған соң, халқымыздың күні қараң. Бізге тәуелсіз ел болу – өмір сүрудің жалғыз жолы, – деді». Мысал: Бұл диалог арқылы автор Керей мен Жәнібектің ел тәуелсіздігін аңсағанын көрсетеді. Жазушы олардың бейнесін дана басшы, халық тағдырын терең ойлаған стратег ретінде ашады.

Тілдік ерекшелігі: Байсалды сөйлеу мәнері, астарлы ой, қысқа да нұсқа сөздер. «Жанталас» (Көшпенділер трилогиясы). Үзінді: «Қасым ханның жүзі қатал. Көк аспанның астындағы ұлы даланы шарлаған көзі айбарлы, бір мезгілде ойлы... Бүкіл қазақтың тағдыры соның иығында жатқандай». Мысал: Қасым хан бейнесінде Есенберлин оның тұлғалық ерекшелігін, ел басқарудағы ауыр жүгін суреттейді. Оның қаталдығы – әділдікке ұмтылысы, ал ойшылдығы – ел бірлігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Тілдік ерекшелігі: Эпитеттер («айбарлы», «ойлы»), портреттік сипаттау. «Қаһар» (Көшпенділер трилогиясы) Үзінді: «Кенесары:

— Халықтың еркіндігі үшін күресу – менің қасиетті парызым. Тәуелсіздік жолында жанымды пидә етуге дайынмын. Бірақ ел бірлігінсіз ештеңеге қол жеткізілмейді...» Мысал: Бұл үзінді Кенесары ханның ерік-жігерін, батылдығын және көрегендігін көрсетеді. Оның тәуелсіздікке деген ұмтылысы арқылы халықтың рухы беріледі. Тілдік ерекшелігі: Монологтар арқылы кейіпкердің ішкі жан дүниесі ашылады, пафосты тіл қолданылған. «Алтын Орда» трилогиясы. Үзінді: «Тоқтамыс хан:

— Алтын Орда секілді алып мемлекет тек билеушісінің ақылына ғана емес, халқының ынтымағына да тәуелді. Әділдік болмаса, мемлекет қирайды».

Мысал: Тоқтамыс ханның бейнесі арқылы автор мемлекетті басқарудағы әділдіктің маңыздылығын көрсетеді. Ол өз дәуірінің қиындықтарын түсінген, ұлы билеуші ретінде көрінеді. Тілдік ерекшелігі: Нақыл сөздерге толы, шешендік сөздерді қолдану. «Қатерлі өткел» Үзінді: «Абылай ханның тағдыры ұлы даланың тағдырымен бірге өрілген. Оның ойы мен арманы – қазақтың бірлігі, еркіндігі. Қылышынан қан тамған жауға қарсы тұру үшін ол барлығын құрбан етуге дайын». Мысал: Абылай ханның бейнесі арқылы Есенберлин ұлттық бірлік пен еркіндік идеясын дәріптейді. Ханның тағдыры ұлт тағдырымен тығыз байланыстырылған.

Тілдік ерекшелігі: Бейнелеу құралдары (метафора: «қылышынан қан тамған жау»), тарихи сипаттау. Табиғат суреттері мен теңеулер. Үзінді: «Дала бірде бұрқасын бораған ақ боран, бірде тыныштықтағы бейбіт мекендей көрінеді. Осы дала Абылайдың серігі де, жауы да болғандай». Мысал: Бұл табиғат суреті арқылы автор Абылай ханның өміріндегі қайшылықтарды, қиындықтарды және дала мен адамның байланысын көрсетеді. Тілдік ерекшелігі: Теңеу («дала – жауы да, серігі де»), антитеза («бұрқасын боран» мен «бейбіт мекен»). Хандар бейнесін ашудағы мақал-мәтелдер. Үзінді: «Халық айтқан: "Ел бірлігі болмаса, жау алатыны анық". Абылай осы сөзді ұмытпай, әр қадамын сол даналыққа сүйеніп жасады». Мысал: Мақал-мәтелдер арқылы жазушы тарихи кезеңдердің рухын жеткізіп, хандардың әрекеттерін ақылмен негіздейді. Тілдік ерекшелігі: Халық даналығын қолдану.

Ілияс Есенберлин шығармаларында тарихи тұлғаларды бейнелеуде қолданылған тілдік құралдар: Эпитеттер мен теңеулер: Кейіпкерлердің тұлғалық қасиеттерін ашады. Монологтар: Олардың ішкі ойларын көрсетеді. Тарихи лексика: Заманауи оқырманға сол кезеңнің рухын сезіндіреді. Табиғат суреттері: Кейіпкерлердің көңіл күйі мен тарихи оқиғалармен байланыстырады. Есенберлиннің әрбір шығармасында тарихи тұлғалар бейнесі тек көркем әдебиет деңгейінде ғана емес, тарихи таным тұрғысынан да ерекше маңызға ие.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. І.Есенберлин, «Көшпенділер» трилогиясы: «Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар». Алматы: Жазушы, 1976.
2. Есенберлин, І. «Алтын Орда» трилогиясы. Алматы: Жазушы, 1983.
3. Жұмалиев, Қ. «Әдебиет теориясы». Алматы: Мектеп, 1969.
4. Қабдолов, З. «Сөз өнері». Алматы: Санат, 1992.
5. Кәрібаев, Б. «Қазақ хандығының тарихы: мемлекеттілік бастаулары». Алматы: ҚазҰУ баспасы, 2014.
6. Жолдасбеков, М. «Дала хандары және ұлттық идея» Алматы: Фолиант, 2010ж

ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИННІҢ «КӨШПЕНДІЛЕР» ТРИЛОГИЯСЫНДАҒЫ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ МӘНІ

**Усембаева Жибек Кайратовна
Астана қаласы «Мәшһүр Жүсіп
атындағы №57 орта мектебі» ШЖҚ КММ
педагог-модератор**

Қазақ халқының бірлігі мен күрес жолын сипаттап, ұлттық сана-сезімді арттыруға зор үлес қосу. **«Көшпенділер»** трилогиясы – қазақ әдебиетінің алтын қазынасы, қазақ халқының сан ғасырлық тарихын, тәуелсіздік жолындағы күресін, ұлттық рух пен мәдениеттің қалыптасу процесін жан-жақты бейнелейді. Шығарманың жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудегі рөлі зор, себебі ол ұлттық болмысты танытуға, тарихи сананы қалыптастыруға және рухани құндылықтарды насихаттауға ықпал етеді.

Ілияс Есенберлин 1915 жылы қазіргі Ақмола облысындағы Атбасар қаласында дүниеге келген. Жазушының балалық шағы аштық жалмаған зұлмат заманға тап келіп, 5 жасында тұл жетім қалды. Бала Ілияс балалар үйіне тапсырылды. Шығармашылыққа бір табан жақын өскен ол қабырға газетіне өлең жазып тұрды. Мектепті тәмамдаған соң, Қызылорда қаласына барып, интернат мұғалімі болып жұмысқа орналасты. Кейін Қарсақпайдағы аудандық атқару комитетінде жұмыс істеді. Жұмыс істей жүріп, Алматыдағы Қазақ тау-кен институтына түсті. Талантты да талапты бала тез көзге түсіп, 1937 жылы Қазақстан КСР-ның бірінші Конституциясын қабылдаған Қазақстан Советтерінің алғашқы Төтенше съездіне делегат болып сайланды. 1940 жылы институтты аяқтап, Жезқазғанға жұмысқа жіберілген. Сол жылы күзде Қызыл әскер қатарына шақырылып, Рига әскери-саяси училищесінде оқып, соғысқа аттанды. 1942 жылы қатта жарақаттанып, госпитальге түсіп, бір жылдан соң мүгедек болып елге оралды. 1947 жылға дейін Қазақстан Компартиясының Орталық комитетінің аппаратында инструктор болып жұмыс істеді. Соғыс аяқталарда, 1937 жылы атылып кеткен әділет халық комиссары Хамза Жүсіпбековтың қызына үйленіп, қайныенесін АЛЖИР-ден алдырғаны үшін НКВД-ның назарына ілігіп, 1949 жылы 10 жылға бас бостандығынан айырылды. Жазасын Қарақұм каналы құрылысында жарылыс жұмыстары жөнінен тау инженері болып бес жыл жұмыс істеп өтеді. Айдаудан келген соң Қазақ КСР-ның Геология министрілігінде, кейін шахтада басқарма басшысы болып қызмет атқарады.

(«Айша» (1945 жыл) және «Сұлтан» (1949 жыл) поэмалары, «Алғыс өлеңдер жинағы» (1949 жыл), жазасын өтеп келген соң прозаға көшті («Адам туралы повесть» (1954 жыл), «Өзен жағасында» (1960 жыл). 1958 жылдан «Қазақфильм» киностудиясында редактор, 1962 жылдан «Қазгослитиздат» мекемесінде редактор, 1967 жылдан «Жазушы» баспасында директор, содан Қазақстан жазушылар одағының хатшысы (1971-1975 жылдары) болып қызмет атқарды. 1975 жылдан бастап толық шығармашылық жұмысқа көшіп, 16 жылда 15

роман дүниеге әкеледі. 1962 жылы драматургияда күшін сынап, «Таудағы тартыс» пьесасы Республикалық жас көрермен театрының сахнасында қойылды. Қазақ тіліне Константин Дмитриевич Ушинскийдің шығармаларын аударды. 1969 жылы «Қаһар», 1971 жылы «Алмас қылыш», 1973 жылы «Жанталас» романдарын жазды. Романдар 15-ші ғасырдан 19-шы ғасырдың ортасына дейінгі қазақ тарихы суреттелген «Көшпенділер» трилогиясына біріктірілді. Сөз болатын тақырыптар: қазақ халқының қалыптасуы, Қазақ хандығының Жоңғар хандығымен арпалысы, Қытай, Хиуа, Бұхара, Ресей империясы секілді көршілерімен аумалы-төкпелі қарым-қатынастары. Қазақ әдебиетінде бұрын-соңды тарихи тақырыпта қалам тартылмаған. Алғаш рет 1976 жылы «Көшпенділер» атымен жарық көрген трилогия орыс тілінің өзінде 12 рет басылып, 1,5 миллион тиражбен тарады. Жалпы «Көшпенділер» трилогиясы әлемнің 30 тілінде жарық көріп, 50 рет қайта басылды. 2005 жылғы есеп бойынша, дүние жүзіне таралған жалпы тиражы 3 миллион дана. Бұл трилогияның негізінде 2005 жылы «Көшпенділер» атты тарихи көркем фильмі түсірілді. Қазақстан республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қазақ әдебиетінің тарихында бүгінге дейін ең көп роман (17) жазған жазушы Ілияс Есенберлиннің қаламынан туған «Айқас», «Ғашықтар», «Қатерлі өткел», «Алтын құс», «Маңғыстау майданы», «Алтын аттар оянады», «Көлеңкемен қорғай жүр», «Алыстағы арпалыс», «Аққу құстар қуанышы», «Махаббат мейрамы» романдары - тың тақырыпта жазылып, қазақ әдебиетінде оған дейін мүлде көтерілмеген мәселелерді қозғаған, әдебиетке серпін әкелген, оқырман сүйіспеншілігіне бөленген туындылар. Өмірінің соңында жазушы «Алтын Орда» трилогиясын жазды (1982-83 жылдары). Жазушы 1983 жылы Алматыда дүние салды. Есенберлиннің шығармалары қазақ халқының ұлттық тарихы мен рухын, тәуелсіздікке деген ұмтылысын бейнелейді. Қазақстанның мәдени мұрасында ерекше орын алады. Ол қазақ халқының ұлттық болмысын әдебиет арқылы ұрпаққа жеткізді. Оның туындылары тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңінде рухани тірекке айналды. Есенберлиннің шығармаларындағы басты идеялардың бірі – Отанды сүю мен қорғау. Ол елдің азаттығы мен еркіндігі үшін күрескен халықтың бірлігі мен рухының мызғымас күшін көрсетті. Бұл жастарды елін құрметтеуге, оның тәуелсіздігі үшін жауапкершілік сезінуге тәрбиелейді.

Оның ең танымал туындысы – **«Көшпенділер»** трилогиясы. «Көшпенділер» трилогиясы 1969-1973 жылдар аралығында жазылып, жарық көрген. Бұл тарихи роман қазақ хандығының құрылуынан бастап, үш жүз жылдық тарихын суреттейді. Трилогия қазақ халқының бірлігі мен күрес жолын сипаттап, ұлттық сана-сезімді арттыруға зор үлес қосты **«Көшпенділер»** трилогиясы – қазақ әдебиетінің алтын қазынасы, қазақ халқының сан ғасырлық тарихын, тәуелсіздік жолындағы күресін, ұлттық рух пен мәдениеттің қалыптасу процесін жан-жақты бейнелейді. Шығарманың жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудегі рөлі зор, себебі ол ұлттық болмысты танытуға, тарихи сананы қалыптастыруға және рухани құндылықтарды насихаттауға ықпал етеді.

«Көшпенділер» трилогиясы – қазақ әдебиетінің ұлы туындысы. Бұл тарихи роман қазақ халқының ғасырлар бойғы өмірі мен тағдырын, оның еркіндік пен тәуелсіздік үшін күресін көркемдікпен баяндайды. Трилогия үш кітаптан тұрады:

1. **"Алмас қылыш"** – қазақ хандығының құрылу тарихын суреттейді. Бұл бөлімде Керей мен Жәнібек хандардың Әбілқайыр ханнан бөлініп, қазақ мемлекетінің негізін қалауы баяндалады. Сонымен қатар, сол кезеңдегі саяси оқиғалар, хандардың, батырлардың және халықтың өмірі көрініс табады.
2. **"Жанталас"** – қазақ халқының Жоңғар шапқыншылығымен күресі туралы. Бұл кітапта қазақ халқының бірлігі, батырлардың ерлігі мен елдің азаттыққа ұмтылысы сипатталады. Бұнда Абылай ханның рөлі ерекше айтылады.
3. **"Қаһар"** – XIX ғасырдағы Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісті баяндайды. Бұл бөлім қазақ халқының отаршылдыққа қарсы күресін және тәуелсіздік үшін құрбан болған батырларды бейнелейді.

4. **Ерекшеліктері:**

- Трилогияда қазақ халқының тарихы эпикалық тұрғыда баяндалған.
- Ілияс Есенберлин қазақ тарихының драмалық сәттерін терең зерттеп, оны көркем әдебиетте шеберлікпен бейнелеген.
- Трилогия ұлттық рухты көтеріп, қазақ халқының өткеніне деген құрметті арттырады. Есенберлиннің бұл туындысы қазақ әдебиетінің классикасы болып саналады және қазақ халқының мәдени мұрасында маңызды орын алады.

• **Көшпенділер трилогиясы арқылы ұлттық тарихты насихаттау**

Есенберлин романы арқылы жас ұрпақ ата-бабаларымыздың ерлікке толы тарихын, ел мен жер үшін күрескен тұлғаларды таниды. Романда Әбілқайыр хан, Абылай хан, Кенесары сынды көшбасшылардың тұлғалық бейнесі және олардың ел тәуелсіздігі жолындағы күресі көркем суреттелген. Бұл жас оқырмандарға ұлттық мақтаныш сезімін ұялатып, өз халқының тарихына құрметпен қарауға үйретеді.

2. **Ерлік пен батырлықты дәріптеу**

Романдағы кейіпкерлер – елінің азаттығы мен болашағы үшін жан аямай күрескен батырлар. Олардың табандылығы, даналығы, отансүйгіштігі бүгінгі жастарға үлгі. Шығарма оқырмандарға қиындыққа мойымай, еліне адал қызмет етудің маңыздылығын ұғындырады.

3. **Тарихи сананы қалыптастыру**

«Көшпенділер» тарихи фактілер мен көркем баяндаудың үйлесімі арқылы ұлттық сананың жаңғыруына ықпал етеді. Романда қазақ жерінің бірлігі, елді сақтау, тәуелсіздік идеялары кеңінен ашылады. Бұл жас ұрпақты елін, жерін сүйуге және оны қорғауға баулиды. Мәдениетті тану

Шығармада қазақ халқының тұрмысы, әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері шебер суреттелген. Бұл болашақ ұрпаққа ұлттық мәдениеттің тереңдігін түсінуге мүмкіндік береді және оны сақтап, дамытудың маңыздылығын ұғындырады. Тәуелсіздікке деген ұмтылыс қазақ халқының бостандыққа деген мәңгілік талпынысын бейнелейді. Бұл идея Қазақстанның егемен ел ретінде қалыптасу кезеңінде ерекше маңызды болды және бүгінгі күні де өзекті болып отыр. Жастар осы идеяларды қабылдап, тәуелсіздікті сақтау мен оны нығайтуға деген жауапкершілікті сезінеді.

«Көшпенділер» азаттық үшін күрестің мәңгілік құндылық екенін көрсетеді. Романның басты идеяларының бірі – тәуелсіздік жолындағы күрестің әрқашан маңызды әрі қасиетті екені. Бұл жас ұрпаққа ел егемендігінің қадірін ұғынып, оны сақтау жолында жауапкершілік алуға шабыттандырады.

4. Ұлттық бірегейлікті нығайту Есенберлин шығармасында қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерін, тұрмыс-салты мен рухани құндылықтарын көрсетеді. Оның кейіпкерлері ұлттық бірлікке, әділдікке, тәуелсіздікке деген ұмтылысты дәріптейді. Бұл идеялар қазіргі жастардың ұлттық бірегейлігін нығайтуға септігін тигізеді.

5. Тарих пен бүгінгінің байланысы

Есенберлин өткен тарихты жазу арқылы бүгінгі ұрпаққа сабақ беруді мақсат етті. Оның шығармалары тәуелсіздіктің құнын түсінуге, ұлттық рухты сақтау мен нығайтуға шақырады. Бұл әсіресе патриоттық тәрбие беру ісінде маңызды.

Ілияс Есенберлиннің шығармалары қазақ жастарына ұлттық рухты сіңіруге, патриоттық сезімдерді оятуға және өз халқының тарихын мақтанышпен білуге үлкен әсер етті. Оның еңбектері бүгінгі күні де өзекті және ұрпақ тәрбиесіне қажетті құндылықтарды сақтауда маңызды рөл атқарады.

Қорытынды:

Ілияс Есенберлиннің шығармалары жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруға, ұлттық мақтаныш сезімін арттыруға және патриоттық тәрбиенің негіздерін берік орнатуға зор ықпал етеді. Оның еңбектері қазіргі заманғы білім беру және тәрбие үдерісінде маңызды құралдардың бірі болып қала береді. Есенберлин шығармаларын оқу арқылы жастар өз елінің өткенін құрметтеп, болашағына жауапкершілікпен қарай алады. Қазақ халқының өткенін бүгінгі ұрпаққа жеткізіп, ұлттық құндылықтарды насихаттауда маңызды құралдардың бірі. Жас ұрпақты елжандылыққа, рухани биіктікке, тарихын құрметтеуге және өз халқының мәдениеті мен тәуелсіздігін қорғауға үндейді. Сондықтан бұл туынды патриоттық тәрбиенің құнды қайнарына айналып отыр.

Андатпа

Баяндамада «Көшпенділер» трилогиясындағы патриоттық тәрбиенің мәні. Қазақ халқының тарихын, мәдениетін, ұлттық құндылықтарын, және ерліктерін көрсететін маңызды эпопея болып табылады. Трилогияның басты идеясы - патриоттық тәрбие мен ұлттың рухани байлығы туралы терең ой қозғайды. Шығарманың негізгі тақырыбы - қазақ халқының еркіндік, тәуелсіздік үшін күресі мен жаугершілік заманының ауыр тағдыры. Адамдардың өз туған жерін қорғауға, ұлттық мүдде үшін күресуге деген міндеті патриоттық тәрбие ретінде айқын көрсетіледі. Трилогияның әрбір бөлімі ұлттық мақтаныш, батырлық, ұлттық бірлік және ұлттың болашағына деген сенімді нығайтуға бағытталған. Қазақ халқының батырлары мен олардың халық алдындағы жауапкершілігі, күрес жолындағы ерліктері мен қаһармандықтары арқылы патриотизм идеясы терең қамтылған. Автордың шығармасы ұлттың болашағы мен тарихи жадының маңыздылығын көрсетіп, жас ұрпаққа ұлттық құндылықтар мен елжандылықты насихаттайды.

Аннотация

В докладе раскрыта суть патриотического воспитания в трилогии «Кочевники». Это важный эпос, показывающий историю, культуру, национальные ценности и мужество казахского народа. Основная идея трилогии – патриотическое воспитание и духовное богатство нации, главная тема произведения – борьба казахского народа за свободу, независимость и судьбы времен войны. Долг людей защищать свою Родину и бороться за национальные интересы наглядно представлен как патриотическое воспитание. Каждый раздел трилогии направлен на укрепление национальной гордости, мужества, национального единства и уверенности в завтрашнем дне нации. Работа автора демонстрирует важность будущего нации и исторической памяти, пропагандирует национальные ценности и равенство для подрастающего поколения.

Annotation:

In the report, the essence of patriotic education in the trilogy "Nomads". It is an important epic, showing the history, culture, national values, and courage of the Kazakh people. The main idea of the trilogy is patriotic education and spiritual wealth of the nation, the main theme of the work is the struggle of the Kazakh people for freedom, independence and the fate of the times of war. The duty of people to defend their homeland and fight for the national interest is clearly represented as patriotic education. Each section of the trilogy is aimed at strengthening of national pride, courage, national unity and confidence in the future of the nation. The author's work demonstrates the importance of the nation's future and historical memory and promotes national values and equality for the younger generation.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. І. Есенберлин. Көшпенділер: Тарихи трилогия. Алматы: *Көшпенділер* баспасы, 2006.
2. І. Есенберлин. Көшпенділер: Тарихи трилогия. - Алматы: *І. Есенберлин атындағы қор*, 2002.
3. Алпысбаев Қ. Тарихи шығарма: Таным және көркемдік. – Алматы: Ғылым, 1999. – 281 б
4. Сілтемелер: <http://tildamytu.astana.kz/kz/2014-04-10-07-21-04/149-iliyas-esenberlin-turaly-estelikter>
http://www.wikiwand.com/kk/%D0%86%D0%BB%D0%B8%D1%8F%D1%81_%D0%95%D1%81%D0%B5%D0%BD%D0%B1%D0%B5%D1%80%D0%BB%D0%B8%D0%BD

ЕСЕНБЕРЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЖАС ҰРПАҚҚА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ РӨЛІ

Темергалиева Бакытгуль Шабдановна
«М.Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназия»
ШЖҚ МКК

Мақсаты: Ілияс Есенберлиннің шығармашылық мұрасын талдау арқылы оның тарихи романдарының жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудегі маңыздылығын анықтау. Жастардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда, Отанға деген сүйіспеншілік пен рухани құндылықтарды насихаттауда Есенберлин еңбектерінің рөлін ашып көрсету.

Міндеттері:

1.Ілияс Есенберлиннің шығармашылық мұрасын зерттеу:

- Оның тарихи романдарының мазмұнын, тақырыбын және негізгі идеяларын талдау.
- «Көшпенділер» трилогиясы мен басқа да еңбектеріндегі патриоттық рухты айқындау.

2.Жастарға тәрбиелік әсерін қарастыру:

- Есенберлин кейіпкерлерінің ерлік, батырлық, ұлттық намыс сияқты қасиеттерін ашу.
- Жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы шығармалардың рөлін көрсету.

3.Патриоттық тәрбие берудегі өзектілігін айқындау:

- Жаһандану жағдайында ұлттық тарихты және мәдениетті насихаттаудың маңыздылығын түсіндіру.
- Есенберлин туындыларының қазіргі білім беру жүйесіндегі орнын анықтау.

4.Қазіргі заманмен үндестігін көрсету:

- Шығармалардағы идеялардың бүгінгі ұрпаққа бағытталатын тәрбиелік мәнін талдау.
- Жастардың патриоттық сезімдерін нығайтуға қосатын үлесін қарастыру.

Нәтижесі: Баяндаманың нәтижесінде Ілияс Есенберлин шығармаларының жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудегі маңызы жан-жақты талданып, олардың ұлттық сана-сезімді қалыптастырудағы рөлі ашылады. Сонымен қатар, жас ұрпақтың Отанға деген сүйіспеншілігін арттырудағы және тарихи санасын нығайтудағы бұл туындылардың орны мен құндылығы анықталады.

Қазақстанның әдеби мұрасында Ілияс Есенберлиннің орны ерекше. Оның шығармалары халықтың тарихын, мәдениетін, рухани құндылықтарын терең көрсетеді. Әсіресе, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде Есенберлин еңбектерінің маңызы зор. Ол өз шығармаларында қазақ халқының батырлық дәстүрлерін, азаттық жолындағы күрестерін, бірлік пен тәуелсіздікке деген ұмтылысын көркем түрде сипаттап, ұлттық сана мен рухты оята білді. Қазақ әдебиетінде тарихи романдар жанрын дамытып, халықтың өткені мен болашағы туралы терең ой қозғаған жазушы. Оның шығармалары халқымыздың ерлік дәстүрлерін, ұлттық сана-сезім мен рухты жаңғыртумен ерекшеленеді. Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде Есенберлин мұрасының алатын орны зор. Оның туындылары жастарды өз елінің тарихын терең түсінуге, ата-бабалар ерлігін үлгі етуге және ұлттық құндылықтарды қадірлеуге баулиды.

Ілияс Есенберлин – қазақ әдебиетіндегі тарихи романдардың негізін қалаушы. Оның «Көшпенділер» трилогиясы (құрамында «Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар» романдары) қазақ халқының бірнеше ғасырлық тарихын баяндайды. Бұл шығармаларда халқымыздың Отан қорғаудағы ерліктері, ел бірлігін сақтаудағы күрестері және тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық әрекеттері шынайы әрі терең суреттелген. Мәселен, «Қаһар» романында Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың батырлық рухы көрініс тауып, жастардың бойында ұлттық намыс пен ерлік қасиеттерді қалыптастырады. Есенберлин тарихи оқиғаларды тек сипаттап қана қоймай, кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесін терең ашып көрсетеді. Бұл жас оқырмандарға тарихты тек құрғақ дерек ретінде емес, халқымыздың рухани мұрасы ретінде қабылдауға ықпал етеді.

Бұл үш роман қазақ халқының XV ғасырдан XIX ғасырға дейінгі тарихын қамтиды:

- «Алмас қылыш» – Қазақ хандығының құрылуы туралы баяндайды. Шығармада Керей мен Жәнібек хандардың қазақ мемлекеттілігінің негізін қалап, елді біріктіру жолындағы күресі сипатталады.
- «Жанталас» – Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі қазақ халқының қиын-қыстау кезеңін суреттейді. Шығарма халықтың азаттық жолындағы жанқиярлық күресін көрсетеді.
- «Қаһар» – Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс пен оның батырлық күресін баяндайды.

Есенберлин романдарында тек тарихи оқиғалар ғана емес, сол кезеңдегі адамдардың ішкі сезімдері, рухани ізденістері мен ұлт тағдырына деген алаңдаушылықтары терең бейнеленген. Бұл туындылар оқырманға тек тарихи сабақ қана емес, рухани тәрбие береді.

Есенберлиннің шығармалары қазіргі уақытта жас ұрпаққа бірнеше маңызды құндылықтарды сіңіреді:

1.Тарихи сана мен мақтаныш. Оның туындылары арқылы жастар өз елінің тарихын терең түсініп, бабалар ерлігіне мақтанышпен қарайды. Отанға деген сүйіспеншілік басты орын алады. Жас ұрпақ романдарды оқи отырып, өз елінің бай тарихына, ата-бабаларының күресіне және ұрпаққа аманат еткен жеріне деген құрмет сезімін ұғынады. Мысалы, Қазақ хандығының құрылуы, жоңғар шапқыншылығынан елді қорғау, азаттық үшін күрестер – барлығы оқырмандардың бойында ұлт мақтанышын оятады. «Алмас қылыш» романындағы халықтың бірлігі мен батырлардың ерлігі жастарды елін сүйуге және қорғауға тәрбиелейді. Тарихи оқиғаларды көркем тілмен жеткізу арқылы оқырманды терең ойға батырады. Оның шығармалары жастарды ұлт тарихына құрметпен қарауға, ата-баба мұрасына адал болуға үйретеді. Қазақ халқының бірлігі мен ынтымақтастығы туралы идеялары бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтпайды.

2.Ұлттық бірлік пен тұтастық. Есенберлин қазақ халқының бірлігі мен ынтымақтастығының маңыздылығын үнемі атап өтеді. Бұл идея қазіргі заман жастары үшін де өзекті.

3.Отансүйгіштік пен ерлік. Кейіпкерлердің қайсарлығы мен батырлығы жас ұрпақты Отанға деген сүйіспеншілікке, өз елін қорғауға және дамытуға итермелейді. Жас ұрпақ романдарды оқи отырып, өз елінің бай тарихына, ата-бабаларының күресіне және ұрпаққа аманат еткен жеріне деген құрмет сезімін ұғынады.

Есенберлин шығармалары тек өткенді сипаттаумен шектелмейді. Олар бүгінгі күннің де мәселелерімен тығыз байланысты. Жаһандану заманында ұлттық құндылықтарды сақтау – маңызды міндеттердің бірі. Есенберлиннің тарихи романдары жастардың ұлттық болмысын сақтауына және әлемдік мәдениетте өз орнын табуына көмектеседі.Мысалы, қазіргі таңда Қазақстанда жастарды ел тарихына қызықтыру үшін Есенберлин шығармаларын оқыту кеңінен насихатталуда. Оның туындылары мектеп бағдарламасына енгізіліп, патриоттық тәрбие беру мақсатында арнайы іс-шараларда талқыланып келеді.

Ілияс Есенберлиннің шығармалары – қазақ халқының тарихын, мәдениетін, рухани құндылықтарын жастарға насихаттайтын баға жетпес қазына. Ол өз туындылары арқылы қазақ халқының ерлік дәстүрлерін, ұлттық бірлікті, Отанға деген сүйіспеншілікті терең әрі көркем түрде көрсетті. Жас ұрпақ Есенберлин шығармаларын оқи отырып, өз елінің тарихына деген мақтаныш сезімін қалыптастырады және Отанға адал қызмет етуге ұмтылады.

Есенберлиннің мұрасы – Қазақстанның ұлттық рухани қазынасы ғана емес, сонымен бірге жас буынды тәрбиелеудің мызғымас негізі. Осы туындылардың арқасында жастар тарихтан сабақ алып, болашаққа сеніммен қарап, елдің гүлденуіне өз үлесін қосады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. М. Қаратае»Революция рухымен» - Алматы, 1978ж
2. қазақстан ұлттық энциклопедиясы. III – том.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. 9- том.
4. Дәдебаев Қ. Қазіргі қазақ әдебиеті. Алматы, 2022ж
5. Есенберлин І. «Тарихи трилогия». «Алмас қылыш» 1- кітап- Алматы, 1976ж
6. Есенберлин І. 10- томдық шығармалар жинағы. «Жанталас»- алматы, 1970ж
7. Есенберлин І. «Қаһар» Роман. 3- кітап- Алматы, 1976ж

«ЕСЕНБЕРЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЖАС ҰРПАҚҚА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ РӨЛІ»

Ботаева Аянгуль Бозтаевна
«Alpamys school» ЖШС мектебі

Ілияс Есенберлин – қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы, халқымыздың рухани мұрасына баға жетпес үлес қосқан көрнекті тұлға. Оның шығармалары ұлттық тарих пен мәдениеттің шынайы бейнесін көрсетіп, ұлт болмысын, азаттыққа деген ұмтылысты, рухани құндылықтарды насихаттайды. Жазушының шығармалары арқылы жастар өткен тарихты тануға, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін ұлықтауға, ұлттық сана мен патриоттық рухты бойларына сіңіруге мүмкіндік алады.

Шығармаларының мазмұндық ерекшеліктері.

Ілияс Есенберлиннің басты еңбектерінің бірі – «Көшпенділер» трилогиясы. Бұл туынды қазақ халқының мың жылдық тарихын қамтып, елдің қалыптасу кезеңдерін, хандық дәуірлерді, жоңғар шапқыншылығы секілді қиын-қыстау кезеңдерді баяндайды. Сонымен қатар, «Алтын Орда» трилогиясы арқылы ұлы империяның құрылу, гүлдену және құлдырау кезеңдері суреттеліп, қазақ халқының тағдыры терең зерттеледі. Жазушының тарихи романдарының ерекшелігі – олар тек өткенді сипаттап қана қоймай, болашақ ұрпақты ұлттық санаға, рухани құндылықтарға бағыттайды.

Патриоттық тәрбие берудегі маңызды аспектілері.

1. Тарихты терең түсіндіру арқылы ұлттық сана қалыптастыру: Ілияс Есенберлин шығармалары ұлт тарихын көркем тілмен баяндай отырып, жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруға ықпал етеді. Тарихты білу – ұлттың келешегі үшін маңызды қадам. Жазушы ел басына төнген қауіп-қатерлерді, халқымыздың азаттық жолындағы күресін терең суреттейді. Бұл оқырмандарға тарихты құрметтеуді, ата-баба ерлігін дәріптеуді үйретеді.

2. Батырлық пен ерлікті насихаттау: Шығармалардағы Абылай хан, Қасым хан, Кенесары хан, Еңсегей бойлы ер Есім сияқты батырлар образы жас оқырмандарға ерлік пен табандылықтың, адалдық пен отансүйгіштіктің үлгісін береді. Олардың ел үшін жасаған қызметі, күресі жас буынның бойына елі үшін еңбек етудің маңыздылығын ұялатады.

3. Ұлттық рухты көтеру: Жазушының шығармаларында ел тәуелсіздігі мен бірлігінің маңызы ерекше көрсетіледі. Есенберлин қазақ халқының қиындықтарды жеңе отырып, бірлік пен ынтымақтың арқасында сақталып қалғанын айқын бейнелейді. Бұл жас ұрпақты елдің тұтастығын қадірлеуге үйретеді.

4. Салт-дәстүр мен мәдениетті дәріптеу: Есенберлин туындыларында қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары, рухани құндылықтары егжей-тегжейлі сипатталады. Бұл бүгінгі ұрпақты өз мәдениетіне құрметпен қарауға және оны сақтап, дамытуға бағыттайды.

5. Тәуелсіздік пен азаттық идеясы: Шығармаларда азаттық үшін күрес, халықтың тәуелсіздік жолындағы табандылығы терең суреттелген. Бұл идеялар жас буынның бойында тәуелсіздікке деген құрмет пен Отанға деген адалдық сезімін тәрбиелейді.

Есенберлин шығармаларын оқытудың маңызы.

Ілияс Есенберлиннің шығармаларын мектеп бағдарламасына енгізу – патриоттық тәрбиенің ең тиімді жолдарының бірі. Оның туындылары оқушыларға тек тарихи білім беріп қана қоймай, елін сүю, жерін қорғау, ұлтжандылық қасиеттерін дарытады. Әсіресе, қазіргі таңда жаһандану дәуірінде жастардың өз тамырын ұмытпай, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруі өте маңызды.

Есенберлин – қазақ тарихының жаршысы. Ілияс қазақтың тарихи жадысын ояту үшін күресті. Оның шығармаларына баға берген қарапайым халық боп шықты. Шығармадағы хан бейнесіне жүгінер болсақ, Әбілқайырдың қазақ қосындарының қолбасшысы болып сайланып, жоңғарларға қарсы жеңісті шайқастарда басшылық еткені туралы суреттеледі. Оның басындағы бірталай ұнамды қасиет – ақылдылық, әскери дарындылық, табандылық, айлакерлік жан-жақты елес береді. Әбілқайыр қарсы келгендермен күресе білетін, ерлікті танитын алғыр адам сипатында суреттеледі. Ол Ресейге Қазақстанды ерікті түрде қосып, өзі бүкіл қазақтың ханы болуды армандайды. Оның ел басқаруға арыны да, шалымы да жететіні талай жерде байқалады. Бірақ кезінде ептілік танытып, қазақ елінің тағдырын қуатты Ресей мемлекетіне тәуелді етуге көп еңбек сіңірген адам, түбінде өзінің жеке мақсатына жете алмайды.

Сонымен бірге романда Абылайдың айрықша жаратылған аруақты ер екендігінің бар көрінісі ақ бура туралы көріністе беріледі. Ақ бурадай мінезді Абылайдың ерекше құдіретін, екінің бірі емес екенін осыдан-ақ байқауға болады. Абылайдың қазақ жерін жаудан босату, жан-жақтан анталаған көп дұшпанға төтеп беру жолындағы басшылығы алмағайып, қиын заманда өтті. Ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен ұлтарактай жерін барынша қорғаған оның да өз өкініші болды: «Өкінішім– үш жүздің басын қоса алмадым: аз елге хан болдым. Қазаққа мал емшегін емізгенмен, жер емшегін емізе алмадым... Өзге жаудан қазақтың жерін қорғаймын деп жүргенде дүние құрғыр өтіп кетіпті ғой» [103, 577-592 бб.]. Осындай асқақ арманын елінің болшағымен ұштастырған кемеңгер де кемел ақыл иесі, сырбаз Абылайдай бабамыздың түрлі қырлары романда тиісті мінездемесін алған.

Ілияс Есенберлиннің батыл қадамы мен қарымды қаламынан шыққан танымал туындысын сөз шешенінің тарих додасына қосқан тұлпары деуге болады. Оның трилогиясында қазақ батырларының біртұтас топтамасы жасалған, батырлардың біртұтас образдарының жинағы бұрын-соңды қазақ әдебиетінде кездеспеген. Қазақ халқы батырларының қаһармандық бейнесін көркемдеп жасау – жазушының ерлігі. Жазушыны осы тұрғыдан келгенде нағыз патриот деп атауға болады, ол – ұлтын сүйетін ұлт жанашыры және ұлт жазушысы.

Қазіргі заман әдебиетінде шындықты бейнелеуде тарихи роман жанры жас ұрпақтың отаншылдық рухын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Ілияс Есенберлин – ұлттық тарихымызды әлемдік деңгейде таныта білген, ұлт руханиятын байытқан тұлға. Оның шығармалары жас ұрпақтың бойында патриотизмді тәрбиелеп, ұлттық сана мен рухты күшейтеді. Бүгінгі күннің басты міндеті – Есенберлиннің мол мұрасын насихаттап, жас ұрпақты осы құндылықтар арқылы тәрбиелеу. Жазушының еңбектері – елінің тарихын білгісі келетін, рухани азық іздейтін әрбір жас азамат үшін нағыз бағдаршам.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: «Ана тілі», 1991.
2. Қасқабасов С.А. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: «Ғылым», 1984.
3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы /Құрастырып, алғы сөзін жазған Т.Қоңыратбаев. – Алматы: «Ана тілі», 1991.
4. Уақыт және қаламгер. 12-ші кітап. – Алматы: «Жазушы», 1986.

ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЖАС ҰРПАҚҚА ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ РӨЛІ

Ашимова Қалжан Акремовна

Ілияс Есенберлин — қазақ әдебиетінің танымал, көрнекті, белгілі тұлғаларының бірі. Жазушының шығармалары тарихи тақырыптарды қамтып, қазақ халқының өткен тарихын танытуда ерекше орын алады. Қазақ әдебиетінің белгілі жазушысының туындылары ұрпақ тәрбиесіне арналған құнды идеяларға өте бай деп толық сеніммен айтуға болады.

Ілияс Есенберлин (1915-1983) Ақмола облысындағы Атбасар қаласында дүниеге келген. Жазушының балалық шағы аштық жалмаған заманға тап келіп, 5 жасында ата-ансынан жетім қалады. Сөйтіп кішкентай Ілияс балалар үйіне тапсырылып, ата-анасының жылы құшағынан алшақ өседі. Осы кезеңнен бастап, болашақ жазушы шығармашылыққа бір табан жақын болады, сөйтіп, ол қабырға газетіне өлең жазып тұрды. Мектепті тәмамдаған соң, Қызылорда қаласына барып, интернат мұғалімі болып жұмысқа орналасты. Кейін Қарсақпайдағы аудандық атқару комитетінде жұмыс істеді. Жұмыс істей жүріп, Алматыдағы Қазақ тау-кен институтына оқуға түсті. Талантты да талапты бала тез көзге түсіп, 1937 жылы Қазақстан КСР-ның бірінші Конституциясын қабылдаған Қазақстан Советтерінің алғашқы Төтенше съездіне делегат болып сайланды. 1940 жылы институтты аман-есен бітіріп Жезқазғанға жұмысқа жіберіледі. Осы жылы күзде Қызыл әскер қатарына шақырылтып, Рига әскери-саяси училищесінде оқып, соғысқа аттанды. 1942 жылы қатта жарақаттанып, госпитальге түсіп, бір жылдан соң мүгедек болып елге оралды. 1947 жылға дейін Қазақстан Компартиясының Орталық комитетінің аппаратында инструктор болып қызмет жасайды.

Есенберлиннің шығармалары қазақ халқының тарихы мен мәдениетін әлемге танытуды мақсат етеді. Осыған орай, Ілияс Есенберлиннің ең танымал еңбектері қатарында "Көшпенділер" трилогиясы болып саналады. Бұл трилогия қазақ халқының тарихын, оның батырларын, олардың ерліктерін және сол дәуірдің өмір салтын бейнелейді.

Бұл шығарма оқырмандарына қазақ халқының тарихи, оның ұлт ретінде қалыптасу жолындағы күресі мен жеңістері туралы баяндайды. Тарихты тану арқылы жас ұрпақ өз елінің мәдени мұрасын, батырлық дәстүрлерін, ұлттық құндылықтарын түсіне отырып, өз елін мақтан тұтуды үйретеді және бойында патриоттық сезім оятады. Бұл сол кезегінде жасөспірімдердің отансүйгіштік сезімін оятып, олардың бойында ұлттық рухты нығайтып, моральдық және рухани құндылықтарды дәріптейді деп санаймын.

Ілияс Есенберлиннің шығармаларында адамгершілік, әділеттілік, батылдық, жауапкершілік сияқты құндылықтар айқын көрініс тауып отыр. Олар Мысалы, романындағы кейіпкерлердің адалдығы, халқына деген сүйіспеншілігі мен құрбандыққа бас тігу қасиеттері жастарға үлкен үлгі болады. Мұндай көркем образдар жас ұрпақты адамгершілікке, дұрыс таңдау жасауға және қоғамға пайдалы болуға баулиды, тұлғалық дамуға ықпал ететініне сенім артуға болады деп санаймын.

- Ілияс Есенберлиннің кейіпкерлері қандай -деген сұрақ туындайды?

- Олар күрескер, қайсар, білімге ұмтылған тұлғалар деуге толық болады. Олардың өмір жолдары өзінің жас оқырмандарын өзін-өзі жетілдіруге, дамытуға, мақсат қоюға және оған жету үшін еңбек етуге ынталандырады. Сонымен қатар, жазушы шығармалары оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытып, өз көзқарасын қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру жолында жазушының туындылары ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрлерді көркем, жеңіл тілмен жеткізеді. Бұл жас ұрпақтың ұлттық болмысты терең түсініп, оны құрметтеуге тәрбиелейді. Қазіргі жаһандану заманында ұлттың мәдени ерекшеліктерін сақтау өте маңызды, ал Есенберлин шығармалары — бұл құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің құралы деуге болады.

Ілияс Есенберлин шығармаларының жас ұрпаққа тәрбие берудегі негізгі рөлі болашаққа жол сілтеуге толық мүмкіндігі бар. Оның еңбектері жастарды тек тарихты тануға ғана емес, сонымен қатар оны қорғауға, ұлттық мұраны сақтауға шақырады. Бұны болашақ ұрпаққа рухани және мәдени аманат деуге болады.

Ілияс Есенберлиннің шығармаларын оқыту барысында жас ұрпақтың патриоттық қабілеттерін дамыту үшін бірнеше әдіс-тәсілдерді де қолдануға болады:

Мысалы, тарихи сана қалыптастыруға бағытталған талдауда Сабақта барысында "Көшпенділер" трилогиясы мен басқа да тарихи романдарды талдау кезінде оқушыларды қазақ халқының тарихи күресі, батырларының ерліктері мен ұлттық құндылықтары туралы ойлануға жетелей отырып, тарихи оқиғаларды шынайы өмірмен байланыстырып, балалардың өз елінің өткені мен бүгінгісіне деген мақтаныш сезімін оятуға болады.

Кейіпкерлердің мінез-құлқын талдау арқылы құндылықтарды түсіндіруге болады, мысалы, шығармадағы кейіпкерлердің елі үшін жасаған ерліктерін оқушыларға үлгі ретінде көрсету. Оқушыларға "Егер сен сол заманның батыры болсаң, қандай әрекет жасар едің?" деген сұрақ қойып, оларды сыни ойлауға және ұлттық құндылықтарға мән беруге жол сілтеуге болады.

Шығармашылық тапсырмалар беру арқылы оқушыларға тарихи оқиғаларға негізделген шағын әңгімелер жазу, суреттер салу немесе сахналық қойылымдар дайындау тапсырмасын оқушыларға ұсына отырып, олардың оқиға желісін терең түсініп, өз шығармашылықтарын көрсетуге мүмкіндік беруге болады.

Салыстырмалы талдау әдісін пайдалану арқылы І.Есенберлин шығармаларын қазіргі заманғы оқиғалармен байланыстырып, оқушыларға ұлттық рух пен патриотизмнің байланысын көрсетуге болады. Мысалы, ел тәуелсіздігін қорғау жолындағы батырлардың ерлігін бүгінгі қоғамдағы патриоттық іс-әрекеттермен салыстырып өз пікірлерін ортаға салғызуға болады.

Әлеуметтік желілерді қолдану арқылы, оқушылар сабақ барысында жасаған шығармашылық жұмыстарын әлеуметтік желіде бөлісуге болады. Бұл олардың тек білімін емес, сонымен қатар патриоттық сезімдерін қоғамдық деңгейде көрсетуіне ықпал ететініне толық сенімдімін.

Пікірсайыс ұйымдастыру арқылы, "Тарихтағы батырлар мен бүгінгі заманның батырларының рөлі қандай?" тақырыбында пікірсайыс өткізіп, оқушыларды өз

пікірлерін еркін жеткізуге, тарихи оқиғалардан өздеріне сабақ алуға үйрету де артық болмайды.

Тұлғалық даму және лидерлік дағдыларын дамыту барысында І.Есенберлиннің шығармаларындағы батырлар мен көшбасшылардың қасиеттерін талдай отырып, оқушыларға олардың бойындағы жауапкершілік, адалдық, жігерлілік секілді қасиеттердің маңыздылығын түсіндіре отырып, балалардың өздеріне деген сенімділігін қалыптастыра аламыз.

Фильмдер көрсету және бейнематериалдар талдау арқылы, сабақ барысында жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы деректі фильмдерді көрсетуге болады. Мұндай материалдар оқушылардың көзқарасын кеңейтіп, тарихи оқиғаларды көзбен көруге жақсы мүмкіндік береді.

Жазушы мұрасын зерттеу жобалары кезеңінде, оқушыларды шағын топтарға бөле отырып, әр топқа Ілияс Есенберлин шығармаларының белгілі бір аспектісін зерттеу тапсырмасын беру де, олардың зерттеу қабілеттерін арттырып, шығармашылық ойлауына жақсы әсер етеді.

Патриоттық тәрбие беру үшін, сабақ соңында оқушылардан жазушы шығармалары арқылы қандай ұлттық құндылықтарды түсінгенін, оларды өз өмірінде қалай қолданатынын талқылауға, әрбір оқушы өз ой-пікірін ортаға салып, сабақты қорытындылату да кері байланыс үшін рөлі зор деуге болады.

Қорытындылай айтқанда, осы аталған әдістер арқылы Ілияс Есенберлиннің шығармаларын тек тарихи құндылық ретінде ғана емес, **оқушылардың патриоттық тәрбиесін** арттыратын өте ауқымды қуатты құрал ретінде тиімді қолдануға болады деп санаймын.

Сонымен, Ілияс Есенберлин шығармаларының жас ұрпаққа тәрбие берудегі негізгі рөлі біріншіден, ол қазақ әдебиетінде үлкен із қалдырған тұлға. Екіншіден, оның шығармалары қазіргі күнге дейін өзінің өзектілігін, маңызын жоғалтпаған және бүгінгі күні жас ұрпаққа ұрпаққа үлгі болатын құрал. Үшіншіден, жазушының мұралары, яғни шығармалары қазақ халқының тарихын зерттеуге, оны сақтауға және әрі қарай болашақ ұрпаққа жеткізуге үлесі зор. Төртіншіден, жазушының шығармалары жас ұрпағымыздың бойында патриотизмді тәрбиелеудің мықты құралы болып табылады. Өйткені оның кейіпкерлері өз елінің тәуелсіздігі мен болашағы үшін күресіп, қасық қанын аямай төгіп, **бүгінгі ұрпаққа** сол батырларымыз елін, жерін, тілін, дінін аманат етіп тпбыс етіп кетті. Бұл оқиғалар жастарымызды өз еліне деген сүйіспеншілікке, оның тарихын құрметтеуге баулиды. Сонымен қатар, патриоттық сезімдерді қалыптастыруға ұрпақтың әлеуметтік жауапкершілігін арттырады деген ойдамын.

Ілияс Есенберлин шығармалары — тек әдеби мұра ғана емес, тәрбиелік мәні зор құндылықтар жиынтығы. Оның туындылары жас ұрпақты тарихи сананы қалыптастыруға, рухани құндылықтарды сіңіруге, тұлғалық дамуға және ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыруға бағытталған. Яғни, оның шығармалары жас ұрпағымыздың патриотизм мен болашаққа деген жауапкершілік сезімін қалыптастыратынына кәміл сенемін. Сондықтан Ілияс Есенберлиннің еңбектерін оқу мен талдау- бүгінгі жіне ертеңгі жаст ұрпақтарымызға рухани тәрбие беру жолындағы маңызды қадам деп үлкен сеніммен, үлкен үмітпен айта аламыз деген ойдамын.

«ЕСЕНБЕРЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЖАС ҰРПАҚҚА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ РӨЛІ»

Уразбаева Жамиля Малибековна

Міржақып Дулатұлы атындағы

№68 мектеп-гимназиясының

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Ұрпақ тәрбиесі - ұлт болашағы, келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу кезек күттірмейтін іс екені сөзсіз. Осы орайда жас ұрпақтың бойына ұлттық мақтаныш пен ұлттық патриотизмді қалыптастыру жолын айқындауымыз қажет. Даналық білімнен нәр алса, білім тәрбиеге апаратын ұзақ әрі қилы жол. Білім көшін бастайтын жас ұрпақ тамыры терең халықтың қазынасын, оның қадір қасиеті мен бітім- болмысын, тарихын білуі керек. Осы орайда, Сырым Датұлының «Мен ағайынды екеумін: бірі – өзім, екіншісі – халқым»-деген сөзі сөзге тиек бола алады. Халқым деп соққан кең жүректі ұрпақ Отанының гүлденуіне үлес қоса алатын азамат болатыны анық. Келешек ұрпақты, ел жұртқа ие болатын азаматтарды тәрбиелеуде қазақ халқының бай тарихы мен құнды ойларын халық игілігіне неге қолданбасқа? Қатардағы пендені нағыз толық қанды, елін сүйетін тұлғаға айналдыру үшін тамыры терең тұлғалардың құнды еңбектері арқылы тәрбиелеу керек. Сан ғасырды қамтитын, ұзақ дәуірді сюжеттік желі еткен, тарихтың жанталасқан қаһармандар тұлғасын аша білген – І.Есенберлин. І.Есенберлин тек қана өзіне тән алмас қылыштай жарқылдаған батылдық-алғырлықпен аса тартымды бейнелеп, қалың оқырман қауым сүйіспеншілігіне бөленді.

Алаш ұранды әдебиеттің рухани жалғасы, оның рухы мен идеясын біздің дәуірімізде қайта жаңғыртқан Ілияс Есенберлиннің әдебиет алдындағы сүбелі үлесі зор. І.Есенберлин – тарихи деректерді терең меңгерген сөз зергері әрі сол заманға сай тарихи сипатты нақты көре білген зерделі қаламгер. Қазақ халқының бұрмаланған тарихын зерделей білген десек те қателеспейміз. Есенберлин ұлт тағдырының дәуірлер бедеріндегі болмысын өнер тілімен өрнектеп баяндау мақсатында «Көшпенділер» трилогиясын жазғандығы барлығымызға аян. Оның әсіресе Қазақстанның өз еркімен Ресейге қалай қосылғандығын, оның пайдалы және зиянды тұстарын нақты дәлелдермен оқырман алдына ұсынды. Әбілқайыр хан мен Абылай ханның әр кезеңдердегі осы мәселелерге байланысты іс-әрекеттерін көрсетуге тырысты. Әрекетін көрсету арқылы қазақ халқының ержүректілігін, қандай жағдайда болсын елін, жерін сыртқы жаулардан қорғай алатындығын дәлелдеді. Ол – бүгінгі заманның да ақиқаты. Ақиқат – рухани құндылықтардың қайнар көзі екендігін жас ұрпаққа ұғындыру. Жазушы өзі өмір сүрген кезең шындығын өткен дәуір елесін көз алдымызға келтіру арқылы беруге тырысқан. Ел басқару мен мемлекет билігіндегі ғасырлар бойы қайталанып келген өзімшіл пиғылдың жаңа формада етек алып отырғанын тарихи кейіпкерлер бейнесі арқылы еске салады. Тарих пен қазіргі заман диалектикасын көркемдік

тұрғыдан танып, заман шындығын өнер туындысымен бейнелеп бере білген жазушы шеберлігіне сүйсінеміз.

Қай кезде де ел басында, мемлекет тұғырында жүрегіне ұлттық сана сезім ұялап, бойына ұлттық сана сіңген, ойын ұлттық патриотизм кернеген, жадында халық тарихы орын тепкен, бар күш-жігерін, парасат-білімін, ақыл-зердесін шын таза гуманистік идеямен көмкере біліп, өзі басқарып отырған мемлекеттің болашағы үшін, сол мемлекетті иеленетін, жер, суын ғасырлар бойы қан төгіп жүріп қорғап келген негізгі күшін халықтың ұлттық тағдырына арнайтын, шын күйінетін адам болмайынша зұлым саясат, сұрқия мінез, жеке бастың қамы үшін ғана күрес қайталана беретінін, жалғаса беретінін ескертіп тұрғандай. Егер адамдардың адамгершілік санасы жетілмесе, қоғам өмірінің жалпы өркениеті тез ілгері баса қоймайтынын ескертіп тұрғандай. Осы тұрғыда жас ұрпақ санасын түзу және терең дамытатын болсақ, онда биік адамгершілік шындықтар адамның алдынан өмірдің мәнін, оның жұмбақ сырларын және оның заңды механизмдерін аша алатын, адам санасын терең түсінетін ұрпақ тәрбиеленбек.

Есенберлин шығармалары арқылы бүгінгі жас ұрпаққа бүгіндей рухани құндылықтың азайған шағында қоғамның келеңсіз жайттарына тұсау салуға болатындығын түсіндіріп, құндылықтарды сезім арқылы қабылдауын, ал сана арқылы түсінуге болатынын дәлелдеуіміз керек. Соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді. Бұл дегенің Отанымыздың ортақ тағдыры үшін жауапкершілікті сезінетін патриоттар тәрбиелеуде ерекше маңызы бар құрал болмақ.

Жас ұрпақтың патриоттық санасын қалыптастыру мақсатында мектебімізде бірнеше жылдан бері білім мен тәрбие беруде мазмұнды, мақсатты «Мектеп-театры» және «Алаш жолы» музейі жобалары қолға алынған. Жобалардың мақсаты да сол оқушылардың шығармашылығын дамытумен қатар, балалардың бойына рухани қазынаны сіңірумен бірге елжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу, тарихтың тарам жолын білу, көпшілік алдында өзін ұстай білу, жан-жақты дамуына ықпал жасау, жаңа таланттардың жолын ашу. Талантты балалардың басын біріктіретін жобалардың берері көп. Жоба мүшелері де сахнада өздерін еркін ұстауға, кейіпкер бейнесін ашуға, шығарманың мазмұнын толық түсініп, сахналап шығуға машықтанған. І.Есенберлиннің атақты шығармалары желісімен қойылған көріністің маңыздылығы зор болды. Қазақ елінің бай мұрасын, орта ғасырлардағы қазақ даласын көз алдарына бейнелеп, жеке жазушының ғана емес, бүкіл қазақ әдебиетінің тарихында әлеуметтік терең мәнді туындыларды, тарихи тұлғаларды, Шыңғыс хан дәуірінен басталып Кенесарымен аяқталатын қазақ мемлекетінің бастауын көзбен көріп, жүрекпен сезіне алады. Әдетте біз өткен дәуірлердің батырлары туралы – ертегі кейіпкерлеріндей айтамыз. Біз Керей мен Жәнібек хандарды өмірге әкелген батыр халық екенімізді мәңгі есімізден шығармай, жас ұрпақтың да санасына мәңгі сақталуына күш салуымыз керек. Қойылымның ерекшелігі де елдің қамын ойлаған азаматтарымыз бірінші кезекте жауынгер екенін, қазаққа ғана тән үлкен қасиет батырлықты дәріптеу еді. Жас ұрпақты шығармашылыққа жетелей отыра, өткенімізді білетін, бүгінімізді түсінетін, болашаққа сеніммен қарайтын азаматтарды тәрбиелеу. Сондықтан оқушыларға патриоттық тәрбие беруде тарихи

шығарманың, оның ішінде Есенберлин шығармаларының маңызы зор. Тәрбиенің көзі ұлт санасын оятқан трилогияның бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтпағаны, болашақта да жоғалтпайтыны сөзсіз. Бүкіл қоғам болып қолға алып, мәдениетті, тәрбиелі болып жүруді әрқайсысымыз өзімізден бастасақ, жас ұрпақтың тәрбиесі де өз жемісін берері анық. Өткенсіз болашақ жоқ. Кешеге қарайламаған ертеңге сенім білдіре алмайды. Сондықтан да кез келген халықтың өз тарихынан хабардар болуы аса маңызды. Тарихымен таныс ұрпақ қана, елінің ертеңіне алаңдап, бабабалар ерлігі мен мұрасына бас иетін болады. Ал осы дәрежеге жету үшін адам баласының тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуы, тәрбиесінің тарамдары ұлттық болмысымен үндесіп жатуы шарт. Осы тұрғыдан қарар болсақ, өткен тарихымыздың нағыз бейнесі Ілияс Есенберлин шығармалары жас ұрпақтың тәрбиесін патриоттық қалыпқа түсіріп, бағыттауда маңызды рөл атқарады, атқара да бермек.

ЕСЕНБЕРЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЖАС ҰРПАҚҚА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ МАҢЫЗЫ

Джандарбекова А.Н
Астана қаласы
"№111 орта мектебі" КММ

Аңдатпа: Бұл мақала Ілияс Есенберлиннің шығармаларының жас ұрпақты патриоттыққа тәрбиелеудегі рөліне арналған. Автордың “Көшпенділер” трилогиясы қазақ халқының тарихын терең зерттеуге, ұлттық құндылықтарды ұрпақ санасына сіңіруге бағытталған. Есенберлиннің кейіпкерлері арқылы отансүйгіштік, әділдік, батырлық сынды қасиеттердің мәні ашылады. Шығармалар жас буынды ұлттық мәдениет пен тарихты құрметтеуге тәрбиелеуде маңызды құрал болып табылады.

Кілт сөздер: Ілияс Есенберлин, патриоттық тәрбие, “Көшпенділер”, ұлттық құндылықтар, қазақ тарихы.

Ілияс Есенберлин – қазақ әдебиетінде тарихи роман жанрының негізін салушылардың бірі. Оның шығармалары қазақ халқының ұлттық санасын оятып, елдің тарихын қайта жаңғыртуда маңызды рөл атқарады. Бүгінгі жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру – мемлекет пен қоғам алдындағы басты міндеттердің бірі. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы мен басқа да туындылары осы міндетті орындауға үлкен септігін тигізеді. Бұл мақалада Есенберлин шығармалары арқылы жас ұрпаққа патриотизмді насихаттау жолдары талданады. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы қазақ хандығының құрылуынан бастап, оның тәуелсіздігі үшін күреске дейінгі кезеңдерді қамтиды. Шығармада Абылай хан, Қабанбай батыр, Кенесары хан сияқты тарихи тұлғалардың ерлігі бейнеленіп, қазақ халқының азаттық жолындағы қайсарлығы мен бірлігі көрсетіледі. Бұл шығармалар жас ұрпаққа өз халқының тарихы мен мәдениетін терең түсінуге көмектеседі. Мысалы, «Алмас қылыш» романында қазақ хандығының алғашқы кезеңдері мен Керей мен Жәнібек сұлтандардың елдің болашағы үшін күресі баяндалады. Романдағы оқиғалар ұлттық бірлік пен ынтымақтастықтың маңыздылығын ашады. Бұл жас ұрпақтың бойында елге деген сүйіспеншілік пен адалдық сезімін оятады. [1,46]

Патриоттық тәрбие – ұрпаққа ұлттық құндылықтарды сіңіру, туған жерге деген махаббат пен құрметті қалыптастыру. Есенберлин шығармаларында бұл тәрбие көркем образдар мен тарихи деректер арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, «Жанталас» романында қазақ батырларының өз жерін қорғау үшін жасаған ерліктері баяндалады. Мұндай шығармалар жастарды батылдыққа, отансүйгіштікке тәрбиелейді. Белгілі ғалым Зейнолла Қабдолов Есенберлин шығармалары туралы: «Оның романдары – ұрпаққа берілген ұлы сабақ» деген. Бұл пікір Есенберлин туындыларының тәрбиелік маңызын айқындай түседі. [2,77]

Есенберлин шығармаларындағы тарихи тұлғалар – патриоттық тәрбиенің негізгі тірегі. Оның романдарында бейнеленген Абылай хан, Кенесары, Қабанбай батыр және басқа да тарихи тұлғалар қазақ халқының тәуелсіздігі мен бірлігі үшін күрескен батырлардың шынайы бейнесін көрсетеді. Бұл тұлғалар арқылы жас ұрпақ өз халқының тарихына құрметпен қарап, елге адал қызмет етуді үйренеді. Мәселен, Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында Абылай ханның бейнесі ерекше көрініс тапқан. Ол тек батыр ғана емес, дипломат ретінде де танылған. Абылай ханның Ресей мен Қытай секілді алпауыт мемлекеттердің арасында қазақ жерінің тәуелсіздігін сақтап қалу үшін жүргізген саясаты – жастар үшін ел басқара білу өнерінің керемет үлгісі. Романда оның дана шешімдері мен халықтың мүддесін бірінші орынға қойғаны көрсетіледі. Бұл жас буынға көшбасшылықтың жауапкершілігін түсінуге көмектеседі. Сондай-ақ, Қабанбай батырдың бейнесі – қазақ даласының нағыз қаһарманының үлгісі. «Алмас қылыш» романында Қабанбайдың жоңғарларға қарсы соғыстағы ерлігі мен батырлығы сипатталады. Оның тек жеке басының ерлігі ғана емес, халықтың бірлігі үшін күрескені оқырмандарды отансүйгіштікке баулиды. Жас ұрпақ бұл бейнелерден батылдық пен өз жерін қорғауға деген сүйіспеншілік сезімін алады. Кенесарының тұлғасы да Есенберлин шығармаларында ерекше орын алады. Ол қазақ халқының соңғы ханы ретінде тәуелсіздік үшін күресті. «Жанталас» романында Кенесарының қайтпас қайсарлығы, әділдігі мен халықты ұйымдастыру қабілеті бейнеленеді. Бұл тұлға арқылы жастар тәуелсіздік үшін күрестің маңыздылығын түсініп, елін қорғаудың қаншалықты жауапты іс екенін сезінеді. Есенберлин шығармалары жас буынды тарихи тұлғалар арқылы тәрбиелей отырып, оларға елге деген махаббатты сіңіреді. Бұл шығармалар ұлттық құндылықтарды насихаттаудың ғана емес, сондай-ақ тұлғалық қасиеттерді қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады. Тарихи тұлғалардың бейнесі арқылы жастар ел болашағына жауапкершілікпен қарап, ұлттық рухты нығайтады. Әр тұлғаның өмірінен алынған оқиғалар олардың бойындағы патриотизмді қалыптастыруға үлес қосады. Есенберлин шығармалары бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін тәрбиенің сарқылмас қайнар көзі. [3,98]

Есенберлин шығармаларының тәрбиелік маңыздылығы тек тарихи оқиғаларды баяндауымен шектелмейді. Оның туындылары арқылы жастарға ұлттық мәдениет пен дәстүрді құрметтеудің маңызы түсіндіріледі. Сонымен қатар, Есенберлиннің көркем шығармалары жастардың аналитикалық ойлау қабілетін арттырады. [4,23] Ілияс Есенберлин шығармаларын жас ұрпаққа насихаттауға бірқатар ұсынысыныстар ұсынамын. Ол үшін ең алдымен мектеп бағдарламасына Есенберлиннің шығармаларын толыққанды енгізу қажет. Қазіргі таңда «Көшпенділер» трилогиясының кейбір үзінділері оқытылғанымен, оның мазмұнын тереңірек зерттеуге уақыт жеткіліксіз. Сондықтан оқу жоспарына оның негізгі туындыларын жүйелі түрде енгізу ұсынылады.

Сонымен қатар, Есенберлин шығармалары бойынша тарихи-әдеби клубтар мен семинарлар ұйымдастыру – тиімді әдістің бірі. Бұл шаралар оқушыларды тек оқулық материалдармен ғана емес, сонымен қатар шығармашылық тұрғыдан ойлануға және пікір алмасуға ынталандырады. Мысалы, романдардағы тарихи

тұлғалар мен оқиғалар негізінде дебаттар, сахналық қойылымдар немесе шығармашылық жобалар ұйымдастыру оқушылардың белсенділігін арттырады. Қазіргі замандағы цифрлық технологияларды пайдалану да маңызды. Есенберлин шығармаларын негізге ала отырып, интерактивті қосымшалар, ойындар немесе аудиокітаптар жасау арқылы жастардың әдебиетке деген қызығушылығын арттыруға болады. Сондай-ақ, «Көшпенділер» шығармасы бойынша деректі фильмдер немесе қысқаметражды мультфильмдер түсіру арқылы ұлттық тарихымызды танытуға болады.

Мұғалімдер мен оқушыларға арнап әдістемелік құралдар дайындау – тағы бір маңызды қадам. Бұл құралдар оқушылардың Есенберлин шығармаларын түсініп, олардың мазмұнын қазіргі заманмен байланыстыруына көмектеседі.

Қорыта айтқанда, Ілияс Есенберлин шығармалары – қазақ халқының тарихи жадын жаңғыртып, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің маңызды құралы. Оның туындылары жастарды тек тарихи деректермен таныстырып қана қоймай, олардың бойында елге деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін қалыптастырады. Қазіргі заман жастары үшін Есенберлин шығармалары – ұлттық рух пен тарихи сананы оятатын мәңгілік мұра.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Есенберлин, І. Көшпенділер: Тарихи трилогия. – Алматы: Жазушы, 2006. – 576 б.
2. Қабдолов, З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 360 б.
3. Назарбаев, М. Қазақтың тарихи тұлғалары: Оқу құралы. – Астана: Еуразия университеті, 2015. – 250 б.
4. Сейітқалиұлы, Б. Әдебиеттегі тарихи тұлғалар бейнесі. // ҚазҰУ Хабаршысы. – 2019. – №3. – Б. 45-50.

ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИННІҢ "ҚАҺАР" РОМАНЫН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНДА ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҚОЛДАНАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

**БЕШИТОВА САЯ ЕЛЖАСОВНА,
Астана қаласы
"№111 орта мектебі" КММ**

Қазақ әдебиетінің тарихында Ілияс Есенберлиннің есімі ерекше орын алады. Оның шығармалары қазақ халқының тарихы мен мәдениетін терең зерттеп, ұлттық болмысты айқындауда маңызды рөл атқарды. Оның ең танымал туындыларының бірі — "Қаһар" романы. Бұл шығармада қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресі, ұлттың қайсарлығы мен ерлігі суреттелген. "Қаһар" романы арқылы І. Есенберлин ұлттық бірліктің, ұлттың еркіндігі мен тәуелсіздігі үшін күрескен ұлы тұлғалардың бейнесін ашады, тарихтың ауыр кезеңдерін көрсетеді.

Оқушыларға осы шығарма арқылы патриоттық сезімдерді қалыптастыру — бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Осы орайда І. Есенберлиннің шығармасын оқыту барысында интерактивті әдіс-тәсілдерді қолдану оқушылардың бойында ұлттық құндылықтарды, ел тарихын сүйіспеншілікпен ұғынуға мүмкіндік береді. Бұл баяндамада біз "Қаһар" романын оқытуда қолданылатын интерактивті әдіс-тәсілдер туралы сөз қозғаймыз.

1. Патриоттық сезімді қалыптастыруда "Қаһар" романының маңызы

Ілияс Есенберлиннің "Қаһар" романы — ұлттың еркіндігі үшін күрес, тарихтың ауыр кезеңдері мен халықтың тағдыры туралы туынды. Романның басты тақырыбы — қазақ халқының ұлт-азаттық күресі, батырларының ерлігі мен қайсарлығы. Бұл шығарма арқылы оқушылар тарихты тереңірек түсініп, өз елінің өткенін білуге, ұлттық сана-сезімін дамытуға мүмкіндік алады.

Есенберлиннің "Қаһар" романының патриоттық мәні зор. Бұл шығармада қазақ халқының тарихи санасы, ұлттық рухы жоғары деңгейде көрсетіледі. Романның кейіпкерлері — батырлар, ел қорғаушылар, өз халқы үшін күрескен тұлғалар — оқушылардың бойында елге, жерге деген сүйіспеншілік, патриоттық сезім қалыптастыруға негіз болады.

2. Интерактивті әдіс-тәсілдердің маңызы.

Интерактивті әдіс-тәсілдер — оқыту процесінің маңызды құралы болып табылады. Олар оқушыларды белсенді қатысуға, өз пікірін айтуға және топпен жұмыс істеуге ынталандырады. "Қаһар" романын оқыту барысында интерактивті әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың патриоттық сезімін оятуға болады. Тек әр әдісті заманның ағымына сай түрлі платформаларды, сайттарды қолдану арқылы жаңа заман оқушысының таным-түсінігіне сай әрлеп берсек ұтымды болмақ.

2.1. "Басты кейіпкермен сұхбат" әдісі. Романның басты тақырыбы — ұлт-азаттық күресі мен ел қорғау. Бұл тақырып бойынша оқушылардың пікірлерін тыңдау, олардың ойларын сұрау, талқылау өте маңызды.

Кенесары хан оқушыларға бірнеше сұрақтар қояды. (Видео D-ID немесе Suno AI т.б сайттарда жасалады) Мысалы, оқушыларға мынадай сұрақтар қойылуы мүмкін:

- Романның басты кейіпкерлері қалайша өз халқын қорғау үшін күреседі?
- Қазіргі қоғамда "қаһар" ұғымы қандай мағынаға ие болуы мүмкін?
- Батырлардың ерліктері бізге қандай үлгі береді?

Осы сұрақтар төңірегінде өткізілетін дискуссиялар оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, олардың өз елінің тарихына деген құрметін арттырады. Әрбір пікірталас оқушыларды қазақ халқының тарихына қатысты терең ойлауға, ұлттық құндылықтарды бағалауға үйретеді. Ал сұрақтарды басты кейіпкердің өз аузынан есту оқушы қызығушылығын арттырып, кейіпкерді зерттеуге жол ашуы әбден мүмкін.

2.2. "Сиқырлы сахна" әдісі

"Қаһар" романының кейбір маңызды оқиғаларын рөлдік ойындар арқылы сахналау — оқушылардың шығарманы тереңірек түсінуіне және патриоттық сезімдерін оятуға көмектеседі. Мысалы, қазақ батырларының ерліктерін сахналау, олардың қарсыластары мен қиындықтармен күресін көрсету — оқушыларды өз тарихын құрметтеуге, батырларды үлгі тұтуға шақырады.

Оқушыларды топтарға бөліп, әр топқа романның белгілі бір бөлімін немесе оқиғасын сахналауды ұсынуға болады. Бұл әдіс оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, оларды өз ойларын ашық айтуға ынталандырады. Сондай-ақ, рөлдік ойындар арқылы оқушылар тарихи тұлғалардың ішкі әлемін, олардың сезімдері мен ойларын жақсырақ түсінеді.

2.3. "Буктрейлер" әдісі

Оқушыларды топтарға бөліп, әрбір топқа "Қаһар" романының белгілі бір бөлімін зерттеп, сол бойынша буктрейлер дайындауды ұсынуға болады. Әр топ өз жобасын сынып алдында қорғап, басқа оқушылармен пікір алмасады. Бұл әдіс оқушыларды өз ойын толық жеткізуге, басқалардың пікірін тыңдауға үйретеді, оқыған шығарманы жарнамалауды үйренеді, сонымен қатар, патриоттық сезімді нығайтады.

2.5. "Миллион кімге бұйырады?", "Шешімін тап" әдістері. Тапсырмалар [larning.fpps](https://larning.fpps.ru/), [edukarley](https://edukarley.ru/) сияқты платформаларда дайындалады. Оқушылардың алған білімдерін тексеру үшін кроссвордтар, викториналар мен тестілер ұйымдастыру — бұл әдістер қызықты әрі тиімді. Викториналар арқылы оқушылар романның негізгі тақырыптары мен кейіпкерлері туралы білімдерін көрсете алады, ал кроссвордтар мен тестілер арқылы олар шығарманың мазмұнын нақты әрі дұрыс түсінгенін тексеруге болады.

Ілияс Есенберлиннің "Қаһар" романы — қазақ халқының батырлығы, ел мен жерге деген сүйіспеншілігі, ұлт-азаттық күресі туралы ұлы туынды. Оқушыларға бұл шығарманы оқыту барысында интерактивті әдіс-тәсілдерді қолдану — олардың бойында патриоттық сезім қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Дискуссиялар, рөлдік ойындар, топтық жобалар, мультимедиялық құралдар мен

викториналар оқушыларды шығармамен тереңірек таныстырып қана қоймай, олардың ұлттық сана-сезімін қалыптастырады. Патриоттық тәрбие беру — тек қана білім беру емес, ол оқушылардың тұлғалық дамуында маңызды орын алатын үдеріс.

Библиографиялық тізім:

1. Есенберлин І. "Қаһар" романы. Алматы: Жазушы, 1969.
2. Қирабаев С. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы: Білім, 1995.
3. Нұрқатов А. Ілияс Есенберлиннің шығармашылығы. Алматы: Ғылым, 1987.
4. Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999.
5. Әбділдаев Қ. Қазақ хандары туралы тарихи деректер. Алматы: Рауан, 2000.

«ІЛИАС ЕСЕНБЕРЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЖАС ҰРПАҚҚА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ РӨЛІ»

**Кусаинова Назгуль Ермековна
«№62 мектеп-лицей» ШЖҚ КММ**

Ілияс Есенберлин – қазақ әдебиетінің классигі, тарихи романдардың негізін қалаушылардың бірі. Оның шығармалары жастарды ұлттық рухта тәрбиелеуге, елге деген сүйіспеншілік пен патриотизм сезімін оятуға зор ықпал етеді. Қазіргі таңда ұлттық құндылықтарды дәріптеп, өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу – басты міндеттердің бірі. Бұл тұрғыда қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі, жазушы Ілияс Есенберлиннің шығармалары ерекше орын алады. Оның еңбектері тарихи шындықты көркемдік тұрғыдан баяндай отырып, оқырманның бойына елге деген сүйіспеншілікті, ұлтжандылық сезімді ұялатады. «Көшпенділер» трилогиясы ерекше маңызға ие. Бұл шығарма қазақ халқының сан ғасырлық тарихын, ел тәуелсіздігі жолындағы күресін, ұлттық рухын және батырлар мен билеушілердің ерен ерліктерін суреттейді. Трилогия арқылы автор қазақ халқының қандай қиындықтарға қарамастан тәуелсіздікке жеткенін көрсете отырып, ұлттық болмысты танытады.

Қазақ әдебиетінде Ілияс Есенберлиннің орны ерекше, себебі ол қазақ халқының тарихын терең зерттеп, оны көркем шығармаларында шебер бейнелеген жазушы. Оның "Көшпенділер", "Алтын Орда" сияқты шығармалары қазақ халқының тарихи санасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Бүгінгі күні жаһандану мен мәдениеттер арасындағы ықпалдастық жас ұрпақтың ұлттық құндылықтарын сақтап қалу қажеттілігін күшейтуде, бұл тақырыпты зерттеудегі өзекті мәселелердің бірі. Осы тұрғыда Есенберлиннің шығармалары патриоттық тәрбие берудің құнды құралы бола алады.

Осы бағыттағы алға қойылған мақсат: Ілияс Есенберлин шығармалары арқылы жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің тиімді жолдарын анықтау және ұлттық құндылықтарға деген құрметті арттыру болып табылады. Осы мақсатты негізге ала отырып, міндеттерді анықтадым.

Міндеттер:

1. Ілияс Есенберлиннің шығармаларын талдау арқылы патриотизм идеяларын анықтау.
2. Есенберлин шығармаларының жас ұрпаққа тигізетін тәрбиелік ықпалын зерделеу.
3. Қазіргі білім беру жүйесінде Есенберлин шығармаларын қолданудың әдістерін ұсыну.

Бұл міндеттер оқушылардың оқыған тақырыптары бойынша өз білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, кейбір болжамдар бойынша ойларын білдіре алатындай, пікір-көзқарастарын нақтылап, жаңа ұғым-түсініктерін өрістетуге орайластырып құрылды. Мұғалімдер тәжірибесін үнемі жетілдіру, жаңа әдіс-тәсілдердің практикалық қолданысын кеңейту, дамыту болып табылады. Есенберлин

шығармаларының тәрбиелік ықпалы мен оларды сабақта қолданудың әдіс-тәсілдері төмендегідей бағыттарда қарастырылуы мүмкін:

Шығармаларындағы патриоттық идеялар:

1. Ерлік пен батырлықтың дәріптелуі. Есенберлиннің романдарында қазақ батырларының отан үшін күресі, ел қорғау жолындағы ерліктері жан-жақты суреттеледі. Мысалы, «Алмас қылыш» романында Керей мен Жәнібек хандардың Қазақ хандығын құру жолындағы қажырлы еңбегі оқырманға үлкен әсер қалдырады. Есенберлиннің кейіпкерлері Отанды қорғау, халық мүддесі үшін күресу сынды ұстанымдарды насихаттайды. Бұл жастардың бойында елге деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімді қалыптастырады. Елдің бірлігі мен ынтымағының маңыздылығын көрсетеді.

2. Тарихи сананы қалыптастыру. Жас ұрпақ үшін өз халқының тарихын білу – рухани дамудың негізі. Есенберлин шығармалары арқылы жас буын қазақ халқының бай мұрасымен танысып, өткеннің қателіктері мен жеңістерінен сабақ алады. Оның "Көшпенділер" трилогиясы арқылы жас ұрпақ қазақ халқының тарихымен, батырларымен, ел қорғаған ерлерінің ерліктерімен танысады. Бұл ұлттық сананы қалыптастыруға ықпал етеді. Тарихты білудің маңыздылығын түсіндіреді, ата-бабаларымыздың ерлігіне мақтаныш сезімін оятады.

3. Ұлттық бірлік идеясы. Жазушы халықтың ауызбірлігі мен ынтымақтастығының маңыздылығын ерекше атап өтеді. Бұл идея қазіргі қоғам үшін де өзекті, себебі елдің болашағы жастардың бірлігі мен саналы әрекетіне байланысты.

4. Ел мен жерге деген сүйіспеншілік. Есенберлин шығармалары оқырманды туған жерді қастерлеуге, ұлттық мәдениетті құрметтеуге баулиды. Бұл жас ұрпақтың бойында патриоттық сезімді оятады.

5. Рухани-адамгершілік тәрбие. Кейіпкерлердің бойындағы адалдық, ерлік, табандылық қасиеттері жастарға үлгі бола алады. Жастарды жауапкершілікке, әділдікке және адамгершілікке баулиды.

6. Мәдени мұраны құрметтеу. Шығармаларда ұлттық дәстүрлер, салт-саналар кеңінен көрініс табады.

Есенберлин шығармаларының тәрбиелік ықпалы.

Ілияс Есенберлиннің шығармалары мектеп бағдарламасына енгізіліп, жасөспірімдердің рухани дамуына үлкен ықпал етеді. Оқу барысында оқушылар қазақ халқының тарихы мен мәдениетін тереңірек түсінеді. Ұлт батырларының ерлігіне сүйсініп, елжандылық қасиеттерді бойларына сіңіреді. Тарихи оқиғаларды талдау арқылы өз көзқарастарын қалыптастырады.

Есенберлин шығармаларын оқу барысында оқушылардың қызығушылығын арттыру және тәрбиелік мақсаттарды жүзеге асыру үшін келесі әдіс-тәсілдер тиімді:

1. Дискуссия және пікірталас

Мысалы, "Көшпенділер" шығармасын талдау барысында "Ел бірлігін сақтау үшін қандай қадамдар қажет?" немесе "Батырлық пен даналықтың заманауи көрінісі қандай?" деген тақырыптарда пікірталас ұйымдастыру.

2. Шығармашылық тапсырмалар

Роман кейіпкерлерінің күнделіктерін жазу, сол заманғы оқиғаларды қазіргі уақытпен салыстыру. Кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне байланысты сахналық қойылымдар ұйымдастыру.

3. Топтық жұмыс

Оқушыларды топтарға бөліп, әр топқа белгілі бір тарихи оқиғаны зерттеп, талдау тапсырмасы беріледі. Шығармадағы кейіпкерлер арасындағы диалогтарды талқылау

4. Жоба жұмыстары

"Есенберлиннің шығармаларындағы патриотизм идеясы" тақырыбында зерттеу жобаларын әзірлеу. "Қазақ хандығының құрылу тарихы" бойынша постер немесе презентация дайындау.

5. Тарихи-әдеби экскурс

Есенберлин шығармаларын оқумен қатар, сол кезеңдегі тарихи деректермен таныстыру. Бұл оқушылардың тарихи білімін кеңейтеді.

6. Эссе жазу

"Менің Отаным – Қазақстан" немесе "Есенберлин кейіпкерлерінен үйренгенім" тақырыбында эссе жазу.

7. Интерактивті технологияларды қолдану

Электронды оқулықтар, бейнероликтер, мультимедиялық презентациялар арқылы шығарманың мазмұнын қызықты етіп жеткізу.

Егер Ілияс Есенберлиннің шығармалары мектеп бағдарламасында кеңінен қолданылса және қосымша тәрбие жұмыстарына енгізілсе, онда жас ұрпақтың ұлттық рухы мен патриоттық сезімін айтарлықтай күшейтуге болады деген ұсыныс айтқым келеді. Сонда ғана жас ұрпақтың қазақ халқының тарихына деген қызығушылығы артады. Ұлттық сана мен патриоттық тәрбие деңгейі жоғарылайды. Мектептер мен оқу орындарында Есенберлин шығармаларын оқыту әдістері жетілдіріледі деген болжамым бар.

Қорыта келе, Ілияс Есенберлин – ұлттық әдебиеттің ұлы тұлғасы. Сондықтан Есенберлин мұраларын оқыту мен насихаттау жас ұрпақтың бойында патриотизмді қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Есенберлин шығармалары жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуде, тарихи жадыны жаңғыртуда және патриоттық сана қалыптастыруда баға жетпес құрал болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Н.Қашқымбаев І.Есенберлин /Ұлы дала тұлғалары, Астана 2024ж
2. Жанталас. Көшпенділер: тарихи роман / І.Есенберлин. -Астана: Фолиант, 2022.- 376б.
3. Қаһар. Көшпенділер: тарихи роман / І.Есенберлин. -Астана: Фолиант. 2022.-408б.
3. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЖАС ҰРПАҚҚА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ РӨЛІ

Исаханова Ақерке Кумарбековна

Аннотация

Қоғам өз жастарын тәрбиелеудегі жауапкершілігін терең түсінген тәуелсіз еліміздің білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістер оқу үдерісінің тиімділігін арттыру үшін барлық мүмкіндіктер мен ресурстарды пайдалануды көздейді. Дегенмен, оқу процесінде барлық ресурстар толық пайдаланыла бермейді. Тарихи проза жанрларымен дұрыс жұмыс істей білудің оқу-тәрбие үрдісінде, жалпы жеке тұлғаны дамытуда маңызы зор.

Балалық шақ – бала бойына адамгершіліктің іргетасы қаланатын шақ. Сондықтан еліміздің болашақ жастарының жан-жақты дамуы үшін тарихи шығармалар мен романдарды зерттеп, оларды талдап, жас ұрпақтың бойында патриоттық сезімді қалыптастырудың маңызы зор. Сондықтан тарихи романдар арқылы жеке тұлғаны туған жерін, Отанын сүйетін азамат етіп тәрбиелеу – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Ілияс Есенберлин шығармаларының тарихилығы мен деректілігі де осында жатыр.

Ілияс Есенберлин 1915 жылы 10 қаңтарда Ақмола облысының Атбасар қаласында дүниеге келген. Оның балалық шағы мен жастық шағы 1920-1930 жылдардағы қазақ халқының әлеуметтік күйзеліске ұшырап, жоқшылық пен ашаршылықты басынан өткерген сұмдық оқиғаларымен тұспа-тұс келді. Ерте, бес жасында жетім қалып, балалар үйіне жіберілген Ілияс үшін бұл соққы екі есе болды. Жазушының ұлы Қозы Көрпеш Есенберлиннің естелігінен: Құдай әкемді үш рет аман алып қалды. Бірінші рет өткен ғасырдың 30-жылдары жетім қалған бес жасар Ілияс аштықтан өле жаздады. Содан кейін Кеңес үкіметі көшедегі балаларды іздеу үшін арнайы рейд ұйымдастырып, баланы балалар үйіне апарады. Екінші рет Ілияс Есенберлин майданда ауыр жараланып, бір кереметтің арқасында аман қалады. Үшінші рет Түркіменстанға Қарақұм каналын салуға (мен жазамды өтеп жатыр едім) жібергенде, бір жылдан кейін ыстықтан, суықтан, ауыр жұмыстан бәрі өлді. Бірақ лагерь командирі менің әкемнің айыппен отырғанын кездейсоқ көрді - ол бұрғылау-жару жұмыстарының маманы екен. Содан кейін бастық оны жеңіл жұмысқа ауыстырды, бұл әкесінің өмірін сақтап қалды ».

Балалар үйінде болашақ жазушы қабырға газеттеріне өлеңдер жазып, шығармашылық бейімділік танытты. Ілияс бастауыш мектепті бітірген соң Қызылорда қаласына барып, интернатта оқып, Қарсақпай аудандық атқару комитетіне жұмысқа орналасады. Жазда Қарсақпай Алматыдағы тау-кен металлургия институтының дайындық курсына тапсырыс алып, Ілияс тау-кен факультетінің студенті болды. Белсенді қоғам қайраткері болғандықтан ол партия қатарына қабылданып, институтта тез көзге түскен тұлғаға айналды. 1937 жылы Қазақ КСР-нің бірінші конституциясын қабылдаған Қазақстан Кеңестерінің

кезектен тыс 1-съезі өткенде студент Есенберлин осы съезде делегат болып сайланады.

Ілияс Есенберлин жазуды соғыс кезінде бастаған. Алғашқы поэтикалық шығармалары 1945 жылы жарық көрді. Бірақ ол тек соғыстан кейінгі кезеңде ғана әдеби шығармашылық оның шақыруы екенін түсінді. Алматыға көшіп келіп, көркем әдебиет баспасына кәдімгі редактор болып жұмысқа орналасқан Ілияс өзінің алғашқы романы «Адам туралы жыр» жазуға кіріседі. Кейін Есенберлин киностудияға ауысып, жақын достары Қапан Сатыбалдин, Шәкен Айманов, Олжас Сүлейменов және басқа да белгілі өнер және әдебиет майталмандарының ортасына түсті. Киностудияда ол көптеген фильмдердің монтажын жасады, ондаған сценарийлер мен пьесалар жазды, бірақ өз мойындауымен ол ешқашан кәсіби драматург бола алмады. Мұражай коллекциясында сценарий авторы Ілияс Есенберлин, режиссері А.Шестаков болған «Қорытпа» (1961) көркем фильмінің алғашқы постері бар. Фильмді «ҚАЗАҚФИЛЬМ» киностудиясы түсірді, сонымен қатар Ілияс Есенберлиннің сценарийі бойынша түсірілген «Боран», «Ертістің жабайы жағасында», «Ән қанаты» фильмдері.

Жазушы өз халқының тарихын зерттеуге көп көңіл бөлді. Ол ғылыми монографияларды зерттеді, мұрағаттарды аралады, бастапқы дереккөздерді мұқият және тыңғылықты зерттеді. Ол ойлап тапқан алғашқы тарихи романға материал жинақтау және өңдеу үздіксіз жүріп жатты. Ал 1965 жылы, небәрі үш айдың ішінде Есенберлин өзінің әйгілі «Қаһар» трилогиясының бірінші кітабын, көп ұзамай бүкіл трилогиясын жазып, оған «Көшпенділер» деген жаңа атау берді. Туған жеріне, халқына деген мұңы – жазушының елінің тарихи өткеніне терең бойлауына ықпал еткен сезім. Жазушының ұлы: «Мен әкемнен нағыз патриотты көрдім» деп бекер айтпаған. «Көшпенділер» трилогиясынан кейін «Алтын Орда», «Қауіпті өткел» тарихи шығармалары, қазіргі тақырыптағы «Алтын құс», «Айқас» және тағы басқа романдар дүниеге келді. «Жекпе-жек» романы үшін жазушыға Қазақ КСР атындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағы берілді. Абай. Роман қазақ геологтарына арналды, ал романда үлкен орын жастық шақ пен мінезді дамытуға арналған. «Айқас» - қазақ зиялыларының қалыптасуы туралы роман. Ұлы тұлғаның қай бір шығармасын алып қарасақ, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудегі рөлі ерекше екендігін көруге болады. Ілияс Есенберлин шығармалары көтерілген мәселелердің маңыздылығы мен шешімдерінің батылдығымен, бейнеленген кейіпкерлердің бояулылығымен ерекшеленеді. Ол оларды бір қарағанда таныс материалға жаңа мағына беру үшін пайдалана білді.

Есенберлиннің тарихи шығармалары арқылы туған жерін, халқын, туған жерін сүйетін тұлғаны тәрбиелеу

Оның қаламынан туған тарихи шығармалар партиялық идеологияның қылышынан қан тамған кезеңде жазылса да, олардың жарыққа шығуы дарынды қаламгердің саяси жеңісі екенін дәлелдейді. «Көшпенділер» қазақ халқының түп-төркіні, ұлттық тарихы осында емес, одан әріде жатқанын атап көрсетті. Бүтін бір халықтың өмірі мен тарихы ұмытылып бара жатқанын еске сала отырып, коммунистік саясат кінәлі екенін тіке айтпай, өмірдің басқа бағытта ағып жатқанын, тарих беттерінің жаңадан жазылып жатқанын көркем тілмен жеткізеді. Ілияс Есенберлиннің қазақ халқының өткенін көрсететін шығармасы тарихқа бай.

Талантты қаламгер үшін бір ғана танымдық кітап емес, бірнеше роман жазып, оқырманға ұсыну жай ерлік емес, саяси жеңіс екенін түсіндірді.

Білім беру жүйесінде І.Есенберлиннің тарихи шығармаларын оқытудың және азаматтарды өз Отанының патриоты етіп тәрбиелеудің тиімді жолдарын таба білу керек. Тарихи шығармалардың тәрбиелік мәнін ашып, жеке тұлғаның бойына салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды құрметтеуге, адамгершілікке, отансүйгіштікке баулу жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудегі рөлі екенін белгілі.

Жазушы Ілияс Есенберлиннің тарихи шығармалары соңғы кездері әдебиет пен оқырман қауымның назарын аударып келеді. І.Есенберлиннің «Алмас қылыш» (1971) романынан кейінгі жылдарда жазылған «Айқас», «Қауіпті өткел», «Ғашықтар», «Ашу», «Алтын құс» романдары Жаңа үшін де қызықты да мәнді. мәселелер көтеріліп, адам кейіпкерлері бейнеленген. Бұл шығармалар екенін бәрі біледі. Кітап авторының «Айқас» романы, сондай-ақ «Алтын құс» романы үшін Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері болуы соның айғағы. «Қауіпті көштің» КСРО Мемлекеттік сыйлығына ұсынылып, Одақ көлеміндегі оқырмандардың назарын аударуы кездейсоқ болмаса керек. «Қаһар» романының идеялық-көркемдік құндылығы жоғары екенін жұртшылық түсініп, қабылдады. Жазушы бұл шығармасында тарихи тақырыпты игеруде батыл жаңашылдық танытқан. Аз ғана жылдың ішінде тақырыбы мен мәселелері сан алуан ондаған романдар шығаруы І.Есенберлиннің шығармашылық қуатын, ауқымын айқын көрсетеді.

Қорыта келе, І.Есенберлин қазақ әдебиетінің ірі өкілі ғана емес, қазақ халқының тарихында лайықты орын алған жарқын тұлға болды. Қазақстан жазушыларының ішінде қазақ халқының ұлттық тәуелсіздік пен мемлекеттілікке қол жеткізу жолындағы күресінің күрделі де өткір тақырыбына қаламын алғаш арнаған адам болса керек. І.Есенберлиннің өзі де, шығармалары да тоталитарлық жүйенің идеологиялық өлшемдеріне сәйкес келмеді. Бұл оның жеке тағдырына да, туындыларының тағдырына да әсер етпеуі мүмкін емес еді. Оның әрбір кітабының оқырманының жолы тікенді де ұзақ болды. Бірақ қаншама қиындықтарға қарамастан артына әдемі шығармалар жинағын қалдырды. Жазушының тағы бір баға жетпес еңбегі бар, ол кітаптарының әлемнің көптеген тілдеріне аударылуының арқасында барлық континенттердегі адамдар қазақ халқы туралы, оның қаһармандық тарихы мен қайталанбас мәдениетімен таныс болды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Музей қорындағы материалдар.
2. Раунақ Есенберлин. Басты адам. «Комсомольская правда».
3. Асан көшпенді (Қозы Көрпеш Есенберлин) «Өмір өзені бойында».
4. Жазушы. Тұлға. Адам. (Жазушының 80 жылдығына арналған жинақ).
5. Ешкі Көрпеш Есенберлин. Құпия. Ойлар. Нақыл сөздер. Естеліктер

ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИННІҢ ЖАС ҰРПАҚҚА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ РӨЛІ

**Кабденова Алия Куандыковна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
«Alpamys school» мектебі**

Арғымағы болса да арық тіпті,
Аламанда, әйтеуір, жарып шықты.
Тірескеннің біразы шыдамады,
Тізесі де қатты еді жарықтықтың!
Саялайтын кісісін саялайтын.
Аялайтын адамын аялайтын.
Ағайын деп жатпайтын,
Ағайынды
Аямайтын жерінде аямайтын!
Елім дейтін, әйтеуір, жерім дейтін.
Ер үстінде ешкімге берілмейтін.
Жазуға да, әрине, жалықпайтын,
Егеске де - шіркін - ай!- ерінбейтін!
Бұл мінез ғой..."

Қ.Мырза-Әлі

Ілияс Есенберлин қазақтың көрнекті жазушысы, қазақтың алғашқы ханынан соңғы ханына дейін баяндап, тарихты қағазға түсіріп, кейінгі ұрпаққа қалдырған көрнекті қаламгері. Ілияс Есенберлиннің мұрасы тарих сахнасында, оқырманның жүрегінде ерекше орын алған асыл қазына. Биыл қазақтың заңғар жазушысы 110 жасқа толуда. Өзі өлсе де, артында өлмес мұрасы қалған жазушымыз Ілияс Есенберлиннің жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудегі рөліне тоқталсақ...

Қазіргі таңда Қазақстанның болашағы – жас ұрпақтың қолында. Сондықтан да, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру, олардың рухани дүниесін байыту, ұлттық санасын қалыптастыру – маңызды міндеттердің бірі. Бұл тұрғыда қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері, әсіресе Ілияс Есенберлиннің шығармаларының маңызы зор. Ілияс Есенберлин – өз елінің тарихын терең білген, ұлттық рухты жоғары бағалаған және оны шығармашылығында айқын көрсеткен ұлы тұлға. Оның туындылары тек әдебиеттің ғана емес, қоғамның да дамуына үлкен ықпал етті.

Жазушының қаламынан шыққан шоқтығы биік «Көшпенділер», «Алтын Орда» тарихи трилогиялары оқырманға ерекше таныс. Оның «Қауіпті өткел» мен «Ғашықтар» романдары да оқырманның ыстық ықыласына бөленген.

Ілияс Есенберлин өз шығармаларында қазақ халқының тарихын, мәдениетін, ұлттық рухын дәріптеп, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің үлгісін көрсеткен. Оның шығармаларының басты тақырыбы – қазақ халқының ерлігі, елінің

тәуелсіздігі үшін күресі. Және бұл күресті тек сыртқы жаулармен емес, ішкі дау-дамайлармен, тарихтың қиын кезеңдерімен байланыстыра отырып көрсетеді. Мысалы, «Көшпенділер» трилогиясы қазақ халқының мыңдаған жылдар бойғы тарихын шынайы әрі батыл түрде бейнелеп, жастарға елін сүйіп, оның тәуелсіздігі үшін күресу қажеттігін паш етеді.

Есенберлиннің шығармаларының ерекшелігі – қазақ халқының әртүрлі тарихи кезеңдердегі әлеуметтік жағдайларын, халықтың менталитетін, ұлттық құндылықтарын терең зерттеп, оның адами қасиеттерін жоғары бағалауы. Оның кейіпкерлері ұлттық рухты, ар-намыс пен батырлықты жоғары қойып, өз халқы үшін күрескен адамдар болып табылады.

Ілияс Есенберлиннің шығармалары жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің маңызды құралы болып табылады. Оның туындылары арқылы жастарға ұлттық құндылықтарды, елге деген сүйіспеншілікті, ерлік пен қайсарлықты түсіндіруге болады. «Көшпенділер» трилогиясы, «Жанталас» романы сияқты шығармалары ұлттық тарихты терең білуге, өз халқына деген құрмет пен сүйіспеншілікті қалыптастыруға көмектеседі.

Есенберлиннің шығармаларында халықтың рухани байлығы, тарихы мен мәдениеті туралы терең ойлар бар. Ол арқылы жас ұрпаққа елін сүйген тұлғалардың ерліктері мен батырлықтары туралы білім беріп, жастардың патриоттық сезімін оятуға мүмкіндік береді. Оның шығармаларында сөз болған тарихи оқиғалар мен батырлардың күресі жастарға ұлттық сананы оятып, өз елінің тарихы мен мәдениетін құрметтеуге үйретеді.

Ілияс Есенберлиннің шығармаларын оқу- жастардың ұлттық тарихты білуіне, өз елінің болашағына жауапкершілікпен қарауына, және өзін ұлттық рухта тәрбиелеуіне мүмкіндік береді. Оның шығармалары оқушылардың өз халқының тарихына деген қызығушылығын арттырып, патриоттық сезімін оятады. Сонымен қатар, Есенберлиннің туындылары жастарға өздерінің мәдениетіне деген мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық бірлікті нығайтуға ықпал етеді.

Ілияс Есенберлиннің шығармалары қазіргі жастар үшін патриоттық тәрбие берудің тамаша құралы болып табылады. Оның туындылары арқылы біз жас ұрпақты ұлттық тарихқа, мәдениетке, ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілікке тәрбиелей аламыз. Есенберлиннің шығармашылығының мәні тек әдебиетпен шектелмей, ол жастардың санасына, дүниетанымына үлкен әсер етеді. Сондықтан да, оның шығармаларын оқу және насихаттау – бүгінгі ұрпақтың ұлттық рухын қалыптастырудың, патриоттық сезімін оятудың маңызды жолы.

«Баланы ең әуелі мейір-шапағатқа, одан соң ақыл-парасатқа, ақырында нағыз пайдалы ғылымға, еңбекке баулы» деп ұлы ғұлама, ақын Абай атамыз айтып кеткендей өсіп келе жатқан жас ұрпақты үйде тәлім-тәрбие, мейірім мен махаббатқа бөлеп, одан ары қарай білімге деген қызығушылығын оятып, ғылымға баулысақ еліміз ең озық елдердің қатарынан табылары хақ! Ілияс Есенберлиннің шығармаларын оқыған көшпенділердің ұрпағы өз еліне аянбай қызмет ететініне кәміл сенеміз!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Есенберлин І. «Көшпенділер» трилогиясы
2. Есенберлин І. «Жанталас» романы

3. Қазақ әдебиеті тарихы, Алматы, 2006
4. Мәдениет және ұлттық құндылықтар, Астана,

ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИННІҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ: ҚАЗАҚ ТАРИХЫН ТАНУДАҒЫ РӨЛІ

Тамабекова Маржан Махатқызы
Астана қаласы
№97 мектеп-гимназия,
химия пәнінің мұғалімі

Қазақ әдебиеті тарихында Ілияс Есенберлин есімі ұлттың рухани мұрасының асыл қазыналарының бірі ретінде ерекше орын алады. Оның шығармалары, әсіресе тарихи романдары, қазақ халқының өткені мен ұлттық болмысын танып-білуге жол ашты. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы мен «Алтын Орда» эпопеясы қазақтың бірнеше ғасырлық тарихын көркемдік тұрғыдан қайта жаңғыртып, ұлттық сана-сезімді нығайтуға үлкен үлес қосты. Бұл мақалада Ілияс Есенберлиннің тарихи шығармаларының мазмұны, маңызы және оның қазақ тарихын танудағы рөлі қарастырылады.

Ілияс Есенберлин 1915 жылы Ақмола облысы Атбасар қаласында дүниеге келіп, 1983 жылы Алматы қаласында дүниеден өтті. Өмір жолы қиындықтар мен күрестерге толы болды. Әке-шешесінен ерте айырылған Есенберлин интернатта тәрбиеленіп, Қазақ тау-кен институтын тәмамдады. Ұлы Отан соғысына қатысып, елге оралған соң, әдебиет саласына бет бұрды. Оның «Айша» және «Сұлтан» атты алғашқы поэмалары 1945 жылы жарық көрді.

Жазушының шығармашылық мұрасы аса бай: ол 17 роман жазып, қазақ әдебиетінде тарихи жанрды жаңа деңгейге көтерді. Оның ең танымал шығармаларының бірі – «Көшпенділер» трилогиясы. Бұл трилогияда XV-XIX ғасырлар аралығындағы қазақ хандығының құрылуы мен тәуелсіздік үшін күресі көркемдік сипатта баяндалған. Сонымен қатар, «Алтын Орда» трилогиясында XIII-XV ғасырлардағы саяси оқиғалар мен ұлыстар арасындағы қарым-қатынастар суреттеледі.

1. Ілияс Есенберлиннің өмірі мен шығармашылық жолы

Ілияс Есенберлиннің өмірі қиындықтар мен тарихи сілкіністерге толы болды. Оның тағдыры сол кезеңдегі қазақ қоғамының қиыншылықтарымен тығыз байланысты еді. Жазушы өзінің шығармаларында тек жеке тұлғалардың тағдырын ғана емес, тұтас бір ұлттың тарихын, оның рухани болмысын шынайы суреттей алды.

Соғыстан кейінгі жылдары Есенберлин түрлі мәдени және әдеби қызметтер атқарды. Ол филармонияны, «Жазушы» баспасын басқарып, қазақ әдебиеті мен өнерінің дамуына үлкен үлес қосты. Осы кезеңде ол тарихи тақырыптарға бет бұрып, қазақ халқының күрделі тарихын зерттеуге және оны көркем әдебиет арқылы баяндауға кірісті.

2. Тарихи романдардың ерекшеліктері

Есенберлиннің тарихи романдары қазақ халқының көп ғасырлық тарихын қамтып, оның саяси, әлеуметтік және рухани болмысын терең суреттейді. Жазушы тарихи деректер мен көркемдік қиялды ұштастыра отырып, қазақтың ұлы хандары мен батырларының бейнесін жаңғыртты.

Мысалы, «Көшпенділер» трилогиясында қазақ хандығының құрылуынан бастап ХІХ ғасырдағы Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа дейінгі кезең суреттеледі. Әрбір роман қазақ халқының тарихи дамуындағы маңызды белестерді, соның ішінде ішкі қайшылықтарды, сыртқы жаулармен күресті және халықтың рухани болмысын қамтиды.

Есенберлин тарихи деректерді көркем түрде пайдаланып қана қоймай, сол заманның мәдениетін, салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін нанымды сипаттай алды. Бұл әсіресе «Алмас қылыш» романында айқын көрінеді. Онда ХV ғасырдағы қазақ руларының Әбілқайыр ханның билігіне қарсы көтеріліп, Керей мен Жәнібектің бастауымен жеке хандық құру оқиғасы баяндалады. Бұл романның басты идеясы – ел бірлігі, ортақ мүдде үшін күрес қажеттігі.

Сонымен қатар, «Қаһар» романында ХІХ ғасырдағы Ресей империясының отарлау саясатына қарсы қазақ халқының күресі сипатталады. Кенесары Қасымұлы бастаған бұл қозғалыстың қазақ тарихындағы орны ерекше. Жазушы Кенесарының тек жауынгер ғана емес, сондай-ақ мемлекет қайраткері, стратег ретіндегі бейнесін терең ашып көрсетеді.

Есенберлин шығармаларының тағы бір ерекшелігі – ондағы әйел кейіпкерлердің шынайы бейнеленуі. Жазушы өз романдарында қазақ әйелдерінің қоғамдағы рөлін көрсетіп, олардың мықты мінезі мен төзімділігін дәріптейді. Мәселен, оның шығармаларында ханымдар мен қарапайым әйелдердің ерлікке толы бейнелері кездеседі, бұл халықтың ұлы тұлғаларының тек ерлер ғана емес екенін көрсетеді.

3. Тарихи романдардың қазақ қоғамына әсері

Есенберлиннің тарихи романдары қазақ қоғамы үшін ұлттық бірегейлік пен тарихи сананы қалыптастыруда үлкен рөл атқарды. Кеңес дәуірінде ұлттық тарихты ашық түрде зерттеу шектелген болатын. Осындай жағдайда Есенберлиннің шығармалары қазақ халқының тарихи жадысын қайта жаңғыртуға мүмкіндік берді. Оның шығармалары халықтың тарихи санасын жаңғыртумен қатар, тәуелсіздік үшін күрестің маңыздылығын көрсетеді. Есенберлин романдары ұлттық рухты оятып, өткенге көз жүгірте отырып, болашаққа сеніммен қарауға үйретті. Ол өз шығармалары арқылы қазақ халқының мәдениеті мен руханиятын сақтауға және дамытуға ықпал етті.

Жазушы тарихи тақырыптарды қозғай отырып, бүгінгі күннің мәселелерін де жанамалап көтерді. Мәселен, оның шығармаларындағы әділдік, еркіндік, ынтымақ сияқты ұғымдар тек өткенге ғана қатысты емес, қазіргі заманға да тікелей байланысы бар идеялар. Осы арқылы жазушының шығармалары қазіргі қоғамда да өзекті болып отыр.

4. Жастарға берер тәлімі

Есенберлиннің тарихи романдары қазіргі жастар үшін үлкен тәрбиелік мәнге ие. Олар жас ұрпақты өткеннің тағылымынан сабақ алуға, ата-бабаларымыздың ерлігі мен рухын құрметтеуге үйретеді. Оның шығармалары

жастарды отансүйгіштікке, ұлттық құндылықтарды бағалауға, жауапкершілік сезімін қалыптастыруға баулиды. Сонымен қатар, Есенберлин шығармалары жастарға көркем әдебиеттің қуаты арқылы тарихты түсінудің жаңа тәсілін ұсынады. Оның романдары тек деректердің жиынтығы емес, оларда халықтың рухани әлемі, ішкі қайшылықтары мен даму жолдары суреттелген. Бұл жастардың тарихи оқиғаларға тереңірек бойлауына мүмкіндік береді.

Есенберлиннің еңбектері әсіресе тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңінде ерекше маңызға ие болды. Оның романдары ұлттық рухты нығайтып, елдің болашаққа сеніммен қарауына ықпал етті. Бүгінде оның шығармалары мектеп бағдарламаларына енгізілген, ал оның тарихи тұлғалары жастар арасында танымалдылаққа ие.

5. Шетелдік оқырмандарға әсері

Есенберлиннің шығармалары қазақ әдебиетінің тек ұлттық емес, халықаралық деңгейдегі маңызын арттырды. Оның романдары көптеген шет тілдеріне аударылып, әлем оқырмандарына қазақ халқының бай тарихын таныстыруға мүмкіндік берді. Бұл қазақ әдебиетін әлемдік әдебиет кеңістігінде жоғары деңгейге көтерген қадамдардың бірі болды.

Осылайша, Ілияс Есенберлиннің тарихи романдары қазақ халқының өткенін тануда ғана емес, қазіргі және болашақ ұрпаққа рухани бағыт-бағдар беруде де ерекше рөл атқарады.

Ілияс Есенберлиннің тарихи романдары бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтқан жоқ. Оның шығармалары мектептер мен жоғары оқу орындарында қазақ әдебиеті мен тарихын оқыту барысында пайдаланылады. Жазушының тарихи романдары қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресінің символына айналды. Сонымен қатар, Есенберлин шығармалары қазіргі жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуде маңызды құрал болып табылады. Оның романдары жастарды өткен тарихты құрметтеуге, ұлттық құндылықтарды сақтауға және ел болашағы үшін жауапкершілік алуға үндейді.

Ілияс Есенберлиннің әдеби мұрасы – қазақ халқының рухани қазынасының ажырамас бөлігі. Оның тарихи романдары ұлттық тарихты танудың, халықтың рухани жаңғыруының жарқын үлгісі болып табылады. Есенберлин қазақ халқының тарихи жадысын қайта жаңғыртып, ұлттық сананың қалыптасуына зор үлес қосты. Оның шығармалары қазіргі және болашақ ұрпақ үшін маңызды мұра болып қала бермек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. І.Есенберлин, Көшпенділер трилогиясы. – Алматы: Жазушы, 1971.
2. І.Есенберлин, Алтын Орда трилогиясы. – Алматы: Жазушы, 1983.
3. М.Әуезов, Қазақ әдебиетінің мәселелері. – Алматы: Рауан, 1975.
4. Қазақ әдебиетінің тарихы. 3-том. – Алматы: Ғылым, 2006.

ІЛИАС ЕСЕНБЕРЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЖАС ҰРПАҚҚА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ РӨЛІ

**Колчораева Фарида Арыстанбековна
Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі**

Кіріспе

Қазіргі уақытта ұлттық тәрбие беру – мемлекеттің басты міндеттерінің бірі. Әсіресе, жас ұрпақтың бойына патриотизм, ұлттық рух, туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру ерекше маңызды. Бұл міндетті жүзеге асыруда әдебиет – басты құралдардың бірі. Қазақ әдебиетінің алтын қорында Ілияс Есенберлин шығармаларының алатын орны ерекше. Ол қазақ халқының күрделі тарихын, ұлттық болмысын және тәуелсіздікке ұмтылған жанкешті күресін айқын бейнелей отырып, жастардың санасына тарихи шындықты жеткізеді.

Бұл баяндаманың мақсаты – Ілияс Есенберлин шығармаларының жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудегі рөлін талдау және оның шығармаларындағы негізгі идеяларды аша отырып, олардың тәрбиелік мәнін көрсету.

1. Ілияс Есенберлин – тарихи романдардың негізін қалаушы

Ілияс Есенберлин – қазақ әдебиетінде тарихи тақырыпқа қалам тербеген алғашқы жазушылардың бірі. Оның «Көшпенділер» және «Алтын Орда» трилогиялары қазақ халқының өткені мен болашағын ұштастыратын ірі тарихи шығармалар болып табылады. Жазушының негізгі еңбегі – ұлт тарихын көркем әдебиет арқылы халыққа жеткізу және тарихи сананы ояту.

Есенберлин шығармаларының ерекшелігі – тарихи шындық пен көркемдік шешімнің үйлесімінде. Ол өткен оқиғаларды тек деректерге сүйеніп баяндап қана қоймай, оқырманды толғандыратын, жігерлендіретін кейіпкерлер арқылы ұлттық болмысты танытады. Оның романдарында елін қорғаған батырлар, әділ билер, данагөй хандар бейнеленіп, олардың өмірі арқылы патриотизм, бірлік, адалдық сынды құндылықтар насихатталады.

2. «Көшпенділер» трилогиясы – ұлт рухының көрінісі

«Көшпенділер» трилогиясы – Ілияс Есенберлиннің қазақ халқының бірнеше ғасырлық тарихын қамтитын еңбегі. Романда Қазақ хандығының құрылуы, нығаюы, сыртқы жаулармен күресі және ішкі қайшылықтары баяндалады. Шығармада Абылай хан, Қасым хан, Әбілқайыр хан, Есім хан сияқты тарихи тұлғалардың бейнесі сомдалып, олардың елге сіңірген еңбегі көрсетіледі.

Трилогияның басты тәрбиелік мәні – елдік пен ерлік идеяларын дәріптеуінде. Жас ұрпақ бұл романдарды оқи отырып:

- Қазақ халқының тәуелсіздікке жету жолындағы күресін түсінеді;
- Бірліктің маңызын ұғынады;

- Туған жер мен елді сүюдің қасиетін бойларына сіңіреді. Мысалы, Қасым хан тұсындағы «Қасым ханның қасқа жолы» заңдар жинағы – елді басқарудағы әділдіктің символы. Бұл заңдар ел ішінде тәртіпті сақтап, халықтың бірлігін нығайтуға қызмет етті. Осындай тарихи эпизодтар арқылы Есенберлин жас оқырмандарды әділдік пен жауапкершілікке тәрбиелейді.

3. Есенберлин шығармаларының тәрбиелік құндылығы

Ілияс Есенберлиннің шығармалары бірнеше негізгі құндылықтарды насихаттайды:

1. Патриотизм

Есенберлин кейіпкерлері туған жері мен елі үшін жанын қиған батырлар, әділ билер, елін сүйген тұлғалар. Олардың күресі жас ұрпаққа үлгі болып, Отанды қорғаудың қасиетті парыз екенін ұғындырады.

2. Бірлік пен ынтымақ

Шығармаларда қазақ халқының ішкі алауыздықтың кесірінен әлсіреген тұстары да шебер суреттелген. Жазушы оқырманға «Бірлік бар жерде – тірлік бар» деген идеяны жеткізеді. Бұл әсіресе, қазіргі жаһандану заманында ұлттық бірлікті сақтау үшін маңызды.

3. Тарихи сана қалыптастыру

Есенберлин шығармалары арқылы жас ұрпақ өз халқының тарихын танып, оған құрметпен қарауды үйренеді. Шығармаларда ел басына түскен қиындықтар мен күрделі кезеңдер баяндалып, ата-бабаларымыздың ерлігі насихатталады.

4. Ұлттық рухты сақтау

Жазушы қазақ халқының мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын шығармаларында шебер суреттеп, оны оқырманның жүрегіне жеткізеді. Бұл қасиеттер жастардың ұлттық болмысын сақтауына септігін тигізеді.

4. Қазіргі жастар және Есенберлин мұрасы

Жаһандану дәуірінде жастар арасында ұлттық құндылықтарға деген қызығушылық төмендеуі мүмкін. Сондықтан Ілияс Есенберлиннің мұрасын оқу жастардың тарихи санасын қалыптастырудың және патриоттық рухын оятудың тиімді жолы болып табылады. Бүгінгі күні жазушының шығармаларын мектеп бағдарламаларына енгізу, арнайы әдеби клубтарда талқылау, киноиндустрияда бейімделген туындыларын жасау – маңызды іс-шаралар.

Сонымен қатар, Есенберлин шығармаларын заманауи технологиялар арқылы насихаттау, аудиокітаптар мен мультимедиялық жобалар әзірлеу жастардың оны кеңінен тануына ықпал етеді.

Қорытынды

Ілияс Есенберлин шығармалары – ұлттық рухани қазына, қазақ халқының тарихы мен мәдениетінен сыр шертетін баға жетпес мұра. Жазушының тарихи романдары жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде үлкен рөл атқарады. Оның кейіпкерлері арқылы жастар туған елін сүйіп, оның болашағына жауапкершілікпен қарауға үйренеді.

Есенберлин шығармаларының тәрбиелік мәнін терең түсініп, оларды оқу мен насихаттауды кеңейту – бүгінгі қоғамның басты міндеттерінің бірі. Тарихи мұраны құрметтеп, өткеннен сабақ алған ұрпақ қана жарқын болашаққа қадам баса алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Есенберлин І. «Көшпенділер» трилогиясы.
2. Қазақ әдебиеті: оқулықтар мен әдістемелік құралдар.
3. Тұрсынов Е. «Ілияс Есенберлин және ұлттық сана».
4. Қазақ тарихы: зерттеулер мен еңбектер жинағы.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРЛАНЫ – ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИН

Конкабаева Гүлсім Қаратайқызы
Ақтөбе қаласы Ілияс Есенберлин атындағы
№15 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
«Ыбырай Алтынсарин» төс белгі иегері,
педагог-шебер.

Аннотация

Ілияс Есенберлин – сөз жоқ ұлы жазушы. Тарихқа терең үңіле отырып, «Көшпенділер» трилогиясын жазды. Халықтың санғасырлық өмірін, күрестерін, олардың сырын сипаттайтын шығарма. Уақыт өтеді, талай нәрсе ұмыт болады, бірақ тарих - мәңгілік.

Барлық өнердің қайнары, тіршіліктің бастауы – сөз. Сөз -дүниені билесе, ақын - сөзді билейді. Халқымыз –сөзге тоқтап, сөзбен жауының бетін қайырып, дүниелік құбылыстардың жақсы-жаманын екшеген. Ұлтымыз дамудың жаңа үлгісімен бетпе – бет келіп, бүгінгідей қиын, күрделі кезеңде ұлттық ойлау мен ұлттық болмысымызды сақтау үшін күресу ең басты нәрсе екенін түсінген. Өйткені ұлт рухы мен ұлт тілі – бүгінгі таңдағы ең асыл құндылық. Қазақ әдебиеті – қазақ халқының бай рухани қазынасын танытып келе жатқан үлкен әдебиет.

Қазақ әдебиеті өзінің арғы-бергі ұлы кезеңдерінде ұлт мерейін үстем етер, халқымыздың ойлау, пайымдау қабілетінің орасан кеңдігі мен тереңдігін танытар жалпыадамзаттық биікке көтерілген көркем туындылар мен кемел тұлғаларға бай. Басына талант дейтін тарыдай бақыт қонған, бойына шығармашылықтың таудай азабы дарыған жазушы соңғы демі біткенше бейнеткер болады. Сондай жүректің жарық бейнеткер дарынның бірі, әрі бірегейі Ілияс Есенберлин. Қиын іске құлаш ұрып, Есенберлин әр қырынан танылды. Ілияс Есенберлин әдебиеттегі алғашқы адымын 1945 жылы ақындықтан бастаған.

Ілияс Есенберлин – тек қазақ әдебиетінде ғана емес, сонымен қатар, қазақ халқының тарихында да ерекше орынға ие тұлға. Оның қаламының ұшынан қазақ халқының өз бостандығы, тәуелсіздігі үшін күресу жолын баяндайтын шығармалар туындаған. І. Есенберлиннің тарихи трилогиясы XV-XIX ғасырлардағы оқиғаны бейнелейді. Романда халықтың өз мемлекетін құрудағы талпыныстары, сол дәуірдегі оқиғалары баяндалады. Жазушы атағын әлемге танытқан –«Қаһар», «Алмас қылыш», «Жанталас» атты тарихи романдарынан тұратын «Көшпенділер» трилогиясы, 1969, 1971 және 1973 жылдары жарық көрген.

Тарихи романдар деп өткен тарихтың маңызды оқиғаларын қайта жаңғыртып, оларды көркем түрде баяндайтын романдарды айтамыз. Жазушылар тарихи романда тарихты жаңғыртумен шектеліп қоймай, адамгершілік, психологиялық,

қоғамдық-мәдени, рухани мәселелерді біртұтас көтеруге көңіл бөледі. Жазушы І. Есенберлин өзінің тарихи трилогиясында қазақ елінің XI-XIX ғасырлардағы тәуелсіздік үшін табанды күрестерін көркем суреттейді. І. Есенберлин халық өмірінің кең панорамасын суреттеп, әйгілі, ұлы көсем мен қолбасшыларының ерекше образдарын жеткізе білген [2, 4].

І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында қазақ халқының әртүрлі әлеуметтік топтарының түрлі дәуірлердегі өмірі бейнеленген. Трилогияның барлық бөлімдерінде қазақ мәдениетінің ерекшеліктері толықтай суреттеліп, этномәдени детальдарды нақты жеткізе білген. «Алмас қылыш» романы – XV ғасырдың оқиғаларынан аса көп мағлұматтар береді. Дешті Қыпшақтың қаһарлы ханы Әбілқайырдың кезінде қазақ руларының Қазақ хандығы қол астына топтасуы, бір жағы Әбілқайыр, екінші жағы – Жәнібек, Керейлердің тақ пен тәж үшін таласы, хан ордасындағы шытырман оқиғалар баяндалған. Романның басты идеясы – қазақ руларының бірлесуі, бір хандықта ынтымақ құру мәселелері және бүкіл қазақ даласының тарихи көрінісін, шежіресін береді.

Халықтың санғасырлық өмірін, күрестерін, олардың сырын сипаттайтын болса, трилогияның «Қаһар» атты кітабында І.Есенберлин XIX ғасырдың 30-40-жылдарындағы Кенесары Қасымов бастаған Ресей отаршылдығына қарсы қозғалыстың жай-күйін әңгімелейді. Қазақ даласында тәуелсіз хандық орнатуды мақсат еткен Кенесарының көрсеткен ерлігі өте әсерлі баяндалады.

«Қаһар» романы – қазақ халқының азаттық жолындағы күрес шежіресіне қосылған, аса ірі кезеңнің ішкі сырларын түсінуге көмектесетін елеулі тарихи шығарма [3, 5].

І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы көркем әдеби және тарихи құндылығы бар шығарма қатарына жататындығы және жаппай барлық аудиторияға бағытталғандығы анықталды. Трилогияның басты мақсаты халықты қазақ халқының басынан кешкен тарихын, қайғы-қасіретін, тәуелсіздікке жету үшін батырларымыздың жанын аямай соғысқандығы болып табылады. Қазақ хандығының құрылу тарихы анық деректерге сүйене отырып жазылған. Қазақ халқы өмірінің негізгі сәттері толық бейнеленген. Үш кітапта аттары аталатын тарихи адамдардың саны қыруар және олардың басым бөлігінің көркем туындыда көрінуге тиісті қырлары, яғни мінез-құлқы, ой дүниесі, дүниетанымы, сыртқы-ішкі портреттері, психологиялық ерекшеліктері бірсыдырғы жақсы ашылған. Жазушының міндеті – оқырманға сол дәуір, адам туралы ой салу, эмоциялық тұрғыдан әсер ету.

Жазушының тарихқа терең үңіле отырып, шындықты дөп басып айтуы – үлкен жеңіс. Ол — қазақ әдебиетінде алғашқы болып тарихи зерде тамырына қан жүгіртіп, тұншыққан сананы қапастан шығаруға жол салған, ұлт рухын тірілткен жазушы ретінде қазақ әдебиетінің тарихында оқшау орны бар тұлға.

Кеңес дәуірінің жылымық кезеңінде ұлт санасын оятқан трилогияның құндылығы жоғары дәріптеледі.

Оның бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтпағаны, болашақта да жоғалтпайтыны тілге тиек етіледі.

Илияс Есенберлиннің әдебиеттегі орны, халықтық рух пен санаға берген сілкінісі қашанда жоғары бағаланбақ.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдебиеті газеті- 14.01.2005 жыл.
2. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбының қоғамдық-гуманитарлық бағытына арналған оқулық. Р.Зайкенова, Р.Сакенова, Л.Н.Нұрланова, 2020 жыл.
3. Қазақ әдебиеті газеті- 31.03.2006 жыл.
4. Алтын қалам «Ілияс Есенберлин» Алматы-2010жыл
5. Есенберлин І. Көшпенділер: Тарихи трилогия. – Алматы: «І.Есенберлин атындағы қоры», 1998. – 584 б.,

11-СЫНЫПҚА ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИННІҢ «ҚАҺАР» РОМАНЫН ОҚЫТУДАҒЫ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР ЖӘНЕ ТАПСЫРМАЛАР

Кушбаева Айнұр Кабылтаевна
Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі
А.Байтұрсынов атындағы №48 мектеп-лицейі

Жазушы Ілияс Есенберлиннің шығармашылығында айтулы орын алатын туындыларының бірі- Қаһар романы. «Қаһар» романы – қазақ тарихындағы ең күрделі және маңызды кезеңдердің бірі – Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысты көркемдік тұрғыда бейнелеген еңбек. Ілияс Есенберлин бұл шығармасы арқылы тарихи шындықты көркемдікпен жеткізіп, ұлттық бірлік пен азаттық идеяларын ұрпаққа аманат етті. Роман ел тарихын терең түсінуге және оны бағалауға зор мүмкіндік береді.«Қаһар» романы – қазақ хандығының тәуелсіздік үшін күресін суреттейтін тарихи туынды. Қазақ әдебиеті пәнінен оқушының жас ерекшелігіне орай 11 – сыныптың оқу бағдарламасына берілген. Оны оқыту барысында оқушылардың тарихи санасын қалыптастыру, әдеби-тарихи талдау жасау қабілетін дамыту және шығарманың көркемдік ерекшеліктерін түсінуге көмектесетін әдіс-тәсілдерді қолдану маңызды.«Қаһар» романы – Ілияс Есенберлиннің атақты «Көшпенділер» трилогиясының үшінші кітабы. Бұл шығарма ХІХ ғасырдың бірінші жартысында Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс туралы баяндайды. Роман тарихи деректер мен көркемдік шеберлікті үйлестіре отырып, қазақ халқының тәуелсіздікке ұмтылысын терең суреттейді.

Романның басты тақырыбы. Роман Кенесары ханның Ресей империясының отаршыл саясатына қарсы күресін және қазақ халқының сол кездегі әлеуметтік-тарихи жағдайын бейнелейді. Шығармада ел бірлігі, ерлік пен азаттық үшін күрес идеялары өзек болған.Кенесарының хандық билікке келуі:

Роман Кенесары Қасымұлының Ресей отаршылдығына қарсы көтеріліс бастауының себептерін ашып көрсетеді. Қазақ жеріндегі Ресей әкімшілігінің отарлық саясаты, қазақ халқының әлеуметтік және саяси жағдайы Кенесарының тәуелсіздік күресін бастауының негізі болды. Ол өзіне қолдау көрсеткен ру-тайпалармен бірігіп, Ресей бекіністеріне шабуыл жасайды. Ел ішіндегі қайшылықтар:Кенесары хан халықтың қолдауына сүйеніп, үлкен әскери күш жинайды. Алайда, қазақ қоғамындағы ішкі қайшылықтар мен кейбір сұлтандардың Ресейге бағынуы оның жоспарын қиындатады. Бұл тұста автор ел бірлігінің маңыздылығын ерекше атап өтеді. Кенесарының ерліктері мен күресі:Шығармада Кенесарының батырлығы, оның рухани күші мен көшбасшылық қасиеттері айқын көрсетілген. Ол Ресейдің отарлау саясатына қарсы тұрған жалғыз хан ғана емес, қазақ жерін сақтап қалуға тырысқан ұлт көшбасшысы ретінде бейнеленген. Қозғалыстың нәтижесі:Кенесары хан бастаған

ұлт-азаттық қозғалыс біраз жеңістерге жеткенімен, ішкі бірліктің жоқтығы, сыртқы жаулардың күштілігі және Ресей империясының әскери қуаты көтерілістің жеңілісіне әкеледі. Кенесары хан мен оның жақтастары қолға түсіп, қайғылы қазаға ұшырайды.

Оқиғалары ширақ, кейіпкерлері көп, осы бір күрделі туындыны оқушылардың жүрегіне жеткізуде қазақ әдебиетінен әдіс -тәсілдер мен тапсырмаларды тиімді таңдаудың маңызы зор. Әр ұстаздың өзіндік шеберлігіне орай ідңстердің таңдалатыны жасырын емес. Дегенмен, біз өз тәжірибемізге сүйене отырып төмендегі әдіс-тәсілдердің тиімділігін ұсынамыз. Оқытудағы тиімді әдіс-тәсілдер. «Дискуссия «әдісі (пікірталас). Тақырып: «Кенесары хан – ұлт-азаттық күрестің символы». Оқушылар романнан үзінділерге сүйене отырып, Кенесары бейнесін талдайды және оның тарихи маңызы туралы пікір білдіреді. Мақсаты: Оқушыларды сыни ойлауға және өз көзқарасын дәлелдеуге үйрету.

Романнан маңызды эпизодтарды оқыту кезінде оқушылар мәтінді «Таңбала» әдісі арқылы «+» (білгенім), «-» (жаңалық), «?» (түсінбегенім), «!» (қызық болған) таңбаларымен белгілейді. Мақсаты: Мәтінді терең түсініп, негізгі ойды анықтауға үйрету.

Рөлдік ойындар. Роман кейіпкерлерінің (Кенесары хан, Наурызбай батыр, Қасым хан) рөлдерін ойнап, тарихи оқиғаларды сахналау.

Мақсаты: Кейіпкерлердің мінез-құлқын түсініп, шығарманың мазмұнын терең меңгеру. Венн диаграммасы. Тапсырма: Кенесары хан мен Абылай ханның бейнелерін салыстыру. Мақсаты: Кейіпкерлердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтап, тарихи тұлғалар арасындағы байланыстарды түсіну.

Постер қорғау. Тақырып: «Қаһар» романындағы тәуелсіздік идеясы.

Оқушылар шағын топтарда жұмыс істеп, романның негізгі идеяларын визуалды түрде постер арқылы қорғайды. Мақсаты: Топтық жұмыс дағдыларын дамыту және негізгі идеяны көрнекі түрде жеткізу.

SWOT-талдау. Тақырып: «Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың күшті және әлсіз жақтары». Мақсаты: Оқушылар тарихи оқиғаларды талдауға дағдыланады және шығарманың мазмұнын тереңірек түсінеді.

Топтық зерттеу әдісі (Jigsaw). Әр топ романның белгілі бір эпизодын зерттеп, басқа топтарға түсіндіреді. Мысалы: Кенесары ханның тарихи тұлғасы. Қазақ қоғамының әлеуметтік жағдайы. Шығармадағы ел бірлігі мәселесі.

Тапсырмалар түрлеріне төмендегі тапсырмаларды алуға болады.

Шығармашылық тапсырма: «Кенесары ханның өмірінен күнделік жазу». Мақсаты: Тарихи тұлғаның іс-әрекетін түсініп, оны өз көзқарасы бойынша сипаттау.

Тарихи-әдеби салыстыру: Тапсырма: «Кенесары хан және қазақ эпосындағы батырлар» (мысалы, Қобыланды, Алпамыс батырлармен). Мақсаты: Тарихи және эпикалық кейіпкерлердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау.

Сәйкестендіру тапсырмасы: Роман кейіпкерлерін оқиғалармен сәйкестендіру (кейіпкерлерді әрекеттерімен немесе айтқан сөздерімен байланыстыру). Мысалы: Кенесары хан – «Ел бірлігінсіз жеңіске жету мүмкін емес». Наурызбай батыр – «Туған ел үшін жан пидә».

Сұрақ-жауап (Quiz): Сұрақтар роман мазмұны, кейіпкерлер және тарихи оқиғалар туралы. Мысалы: Кенесары ханның басты мақсаты не болды? Романдағы трагедиялық оқиғаларды атаңыз.

Эссе жазу: Тақырып: «Кенесары Қасымұлы – ұлт көшбасшысы». Мақсаты: Оқушылардың ойлау, талдау және өз көзқарасын білдіру дағдысын дамыту. Кейіпкерді сипаттау: Тапсырма: «Кенесары ханның бейнесін бес сөйлеммен сипаттаңыз». Мақсаты: Шығарманың негізгі кейіпкерлерін қысқаша әрі нақты талдау. Тарихи контекстпен жұмыс: Тапсырма: «Кенесары ханның ұлт-азаттық қозғалысының себептері мен салдары» тақырыбында кесте жасау. Мақсаты: Тарихи оқиғалардың себебі мен салдарын түсіну.

Оқушылар XIX ғасырдағы Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың себептері мен салдарын біледі. Бұл қазақ халқының тәуелсіздік үшін күрескен ауыр кезеңдерін ұғынуға көмектеседі.

Қорытындылай келе,

- ✓ Ілияс Есенберлиннің «Қаһар» романын оқығаннан кейін оқушылар:
- ✓ Қазақ халқының тарихын тереңірек түсінеді;
- ✓ Ұлттық рух пен патриотизмді бойына сіңіреді;
- ✓ Тарихи тұлғалардың батырлығы мен ерлігін үлгі етеді;
- ✓ Тәуелсіздіктің маңызын түсініп, оны бағалауға үйренеді;
- ✓ Көркем шығарманы талдау қабілетін дамытады;
- ✓ Елдің бірлігі мен ынтымағының құндылығын түсінеді.

Бұл роман оқушыларды рухани тұрғыдан байытып, олардың елге деген сүйіспеншілігін арттырып, тұлғалық дамуына үлкен үлес қосады. Ілияс Есенберлиннің «Қаһар» романы оқушыларға тек тарихи деректерді жеткізіп қана қоймай, рухани байытуға, ұлттық сана қалыптастыруға және тұлғалық қасиеттерін дамытуға көмектеседі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Есенберлин, І. «Көшпенділер» трилогиясы: «Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар». Алматы: Жазушы, 1976.
2. Есенберлин, І. «Алтын Орда» трилогиясы. Алматы: Жазушы, 1983.
3. Жұмалиев, Қ. «Әдебиет теориясы». Алматы: Мектеп, 1969.
4. Көпжасарова, Н. «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі». Алматы: Білім, 2003.
5. Рахметова, С. «Қазақ тілін оқыту әдістемесі». Алматы: Атамұра, 2004.
6. Көшімбетова, С. «Интерактивті әдістерді қолдану арқылы әдебиет оқыту». Алматы: Мектеп, 2010.

ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ЖАС ҰРПАҚҚА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

**Мустафина Алма Турсыновна
Астана қаласы, Нұра ауданы
№ 111 орта мектеп КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті
пәні мұғалімі**

Еліміздің маңдайына біткен текті ұлдарының бірі, қазақ әдебиетінің шоқжұлдызы, өнері өлеңмен өрнектеліп, қыл қаламы қаншама құнды шығармаларды қалдырған, үлкен талант иесі – Ілияс Есенберлин. Ойы орамды, сөзі өткір, тілі қалың оқырманның жүрегінің түбіне жетіп, шығармалары жіпсіз байлайтын жанның туындылары расымен нағыз шеберлік!

Өскелең ұрпақты Ілияс Есенберлин шығармашылығына терең баулып, жан – жақты меңгерту ұстаз ретінде менің басты парызым. Тарихты тереңінен жырлап, ұлтқа тән ұлылықты дәріптей білген тұлғадан өскелең ұрпақтың үйренері көп.

Олай дейтін себебім, Ілияс Есенберлин – Кеңес одағы көмуге ұмтылған ұлт азаттығы идеясын көркем ой арқылы күлтөбеден қазып алып, қайта тірілген рух иесі, ұлт қаһарманы. Алпысыншы жылдардағы «жылымық кезеңнің» шымылдығын қарс айырып, ұлт аңсарын – рухани тәуелсіздікке жеткізген Алаш идеясының кепілді тұлғасы. «Желтоқсан уақиғасын» тудырған себептер мен салдарды, ұлттық идеяны қозғаушы күштерді анықтап, әшкерелеуге арналатын Қазақстан Орталық комитетінің 1987 жылғы мамыр пленумында Колбиннің атынан жасалуға тиісті бас баяндаманың алғашқы жұмыс нұсқасында ұлтшылдықты оятқан жеті жазушының аты аталып, оларды қоғамдық көзтүрткіге айналдыра жазалаудың шаралары қарастырылған болатын.

Сол ұлтшылдардың көшбасында қайтыс болғанына әлі жыл толмаған Ілияс Есенберлин тұрды. Идеологиялық жазалау науқанының «тұсаукесері» ретінде «Ілияс Есенберлиннің шығармаларындағы ұлтшылдық сарыны» туралы мақала «Қазақ әдебиеті» газетінің екі санында қатар жарияланды. Ілияс Есенберлиннің тарихи шығармаларындағы ұлттық рухты бойына сіңірген қазақ зиялылары мен жастарының қуатты қарсылығының, сесті мысының арқасында, «Қазақ ұлтшылдығы» туралы арнаулы қаулы қабылдауға тиісті бұл мәселе кейінге шегерілді, соңынан күн тәртібінен мүлде алынып тасталды. Сондықтан да, біз бүгінгі ерікті ел, азат азамат, еркін ой иесі атанып отырғанымыз үшін де Есенберлинге қарыздармыз. [1, 3 б.]

Жеке басына қатер төнсе де, көкейді жарып шыққан қомақты ойлары қаламын кері тарттырмады. Керісінше, кесек – кесек шығармалары кезек – кезек жарық көріп, қазақ халқына рух сыйлап, көкірегін ашып, тарихтан сыр шертті.

Мәселен, Ілияс Есенберлиннің «Сұлтан» поэмасы Отан соғысы жылдары Ленинград майданында асқан ерлік көрсетіп, жаудың оғына кеудесін тосқан қазақ жігіті Сұлтан Баймағамбетовке арналған. Шығарма 1945 жылы жарық көрген. [2, 87 б.]

Сонымен қатар, Ілияс Есенберлин деген атауды естісек, «Көшпенділер» атты үш тараудан тұратын тарихи эпопеясы еріксіз ойға оралады. Сұрқия саясаттың қылышынан қан тамып тұрған кезеңінде жарық көрген шығарманы бүгінгі жас буын өкілдеріне таныстыра отыра, олардың патриоттық сезімін одан әрі арттырып, ұлтқа тән жанашырлық, батырлықтың қас үлгісін, тағылымды тарихты шәкірттердің бойына терең сіңіре аламыз.

Жазушы Ілияс Есенберлин ұлт – азаттық көтерілісінің себептерін өзіндік тұрғыдан анықтауда және де сол көздеген мақсатына жету үшін Кенесары бастаған қазақтар қозғалысын сипаттап және үлкен тарихқа байланысты ойларын айту барысында тек Кенесарымен ғана шектеліп отырмаған. Ол патшалық самодержавияның орыстандыру, отарландыру саясатына қарсы Қазақстан жерінде үш жүз жыл бойы өшпей келген наразылықтың ұлт азаттық қозғалысқа айналуының себептері мен салдарын кітабының көптеген беттерінде, жіті назар аударсақ, көрсетіп отырғанын танимыз.

Әрине, бүгінгі күндері тәуелсіздіктің арқасында баршамыздың еңсеміз көтеріліп, айтайын деген ойымызды ашықтан – ашық көпшілікке жеткізе алатындай еркіндікке жеттік. Соның ішінде Ресей империясының күшіне мініп тұрған уақыттағы ұлт – азаттық қозғалысы, оның жетекшісі Кенесары Қасымов туралы ащы шындық бүгінгі оқырманға кештеу болса да жетіп жатыр.

Көнені көпшіліктің көкейіне көмкере отыра, кейінгі күннің мәселелеріне де бей – жай қарап отырмаған Ілияс Есенберлин қан майданда да қаламынан туған қарымды ойларды қағаз бетіне түсіре алды.

Қазақтың маңдайына біткен екі ару қыз – Әлия мен Мәншүк. Қарап отырсақ, бұлардың ерлігіне бас ие отырып ойға келер жерлер жоқ емес екен. Соның ішінде, мысалы, Мәншүк Мәметованың әкесі – Ахмет Мәметов Алашорда қайраткері, ағартушы, ақын, журналист, дәрігер. 1937 жылы «бұрынғы Алашорда қайраткері, антикеңестік тобының мүшесі» деген айыппен тұтқындалып, Кеңес үкіметінің атынан ату жазасына кесілген [3, 101 б.]. Бұл фактіні біз енді ғана біліп отырмыз. Ал Ілияс Есенберлиннің

Әй, жас сұлу, Тағдырыңа
өкпелеп, Күңіренбе!

Көз жасыңды төкпе тек! Жеңу
үшін қасіретті, Қайғыны,
Жігер керек, Қайрат керек,

От керек! – деп Отан үшін жанын берген қазақ қызына арнауында өз заманындағы оқырманға үлкен ой тастаудың бастамасы емес пе екен деген қорытындыға да келесің...

Ілияс Есенберлин тек Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ ұлты өкілдерінің ерліктерімен шектеліп отырған жоқ. Академик Рымғали Нұрғалидың сөздерімен айтқанда жазушы өз ойын: «...ел қамын жеген, ойшыл даналар,

жұртын сүйген, жүректі батырлар образдары, әр дәуірде әлеуметтік күрес сахнасына шыққан хандардың, айыркөмей, жезтаңдай билердің, қилы – қилы талаптар өкілдерінің бейнелері» [4, 244 б.] арқылы тереңдету әрекетіне кіріскен. Ілияс Есенберлин шығармаларындағы көркем идея мен әдеби жүйе тұтастай қарастырылмай, жазушының нысаналы аңсары толық бағынбайды. Егер де «Алтын Орда» мен «Көшпенділер» ұштағандарындағы Қазақ хандығының тарихы мен ұлт – азаттығы қозғалысы, «Қатерлі өткелдегі» Алаш идеясы, «Айқастағы» идеологиялық қысым мен жазалау саясаты, «Мұхиттан өткен қайықтағы» алаш тектілерінің қазақ жерінің тұтастығын сақтап қалу жолындағы елуінші – алпысыншы жылдарындағы саяси ахуал, «Маңғыстау майданындағы» тұтқындағы зиялылардың рухани күресі, «Ғашықтардағы» өнер қайраткерлерінің ұлттық көркем ойлау мен дербес көркем шешім қабылдау барысындағы даралығын бұтақтап – бұтақтап жекелей қарастыратын болсақ, автордың шығармаларындағы нәрлендіріп тұрған алтын өзегін назардан тыс қалдырған боламыз. Себебі, Ілияс Есенберлин әр шығармасына өзіндік қолтаңбасымен қатар, патриоттық рухты қатар сіңіріп, оны әдеби көркем тілмен айшықтай білген шебер адам. Сол құнды қазынадан қаршадай ұл – қыздар үлес алып, өзінің жеке дамуына жарата білсе, кемелдеген келешек үшін еш алаңдамауымызға болады.

Патриоттық тәрбие Ілияс Есенберлин шығармашылығында тұнып тұр. Мен оны оқушыларға игерту барысында барынша жіліктеп талдап, майын тамызып қызықты оқиғалармен көмкеріп, заманауи әдіс – тәсіл көмегімен түрлендіруге тырысамын. Себебі, ұлтын сүйген ұландар ғана өз еліне шын жанашырлықпен қарап, бойға жиған білімін дұрыс арнаға бағыттай алады. Ал, мұғалім ретінде менің міндетім мемлекетіміздің мерейін үстем ететін ұлтжанды ұл – қыздарды тәрбиелеу.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жұртбай, Т. Ұлт аңсарының ұйытқысы [Мәтін] / Т. Жұртбай // Астана ақшамы. - 2015. - 9 қазан.
2. Ілияс Есенберлин [Text], [Text] / А. Қашқымбаев ; ҚР Білім және Ғылым министрлігі, Мемлекет тарихы институты, жалпы ред басқ. Б. Ғ. Аяған... – Астана : [б. ж.], 2014. - 294 б.
3. 1932 – 1933 жылдардағы ашаршылық ақиқаты. Правда о голоде 1932 – 1933 годов / Аяған Б.Ғ., Қыдыралина Ж.Ү., Ауанасов А.М., Қашқымбаев А.Н., Анафинова М.Л., Ілиясова К.М./ Б.Ғ. Аяғанның редакциясымен. – Алматы, ТОО «Литер - М», 2012, - 336 б.
4. Нұрғалиев Рымғали. Көрсет.әд.

«ЕСЕНБЕРЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЖАС ҰРПАҚҚА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ РӨЛІ»

Уразбакова Бақыт Жақсылыққызы

Астана Қаласы

Әлихан Бөкейхан Атындағы

№76 Мектеп-Лицейінің

бастауыш сынып мұғалімі

Ілияс Есенберлиннің шығармаларының қазақ әдебиеті мен тарихында алатын орны ерекше. Жазушы шығармаларында қазақ халқының бастан кешкен шынайы тарихи оқиғаларын, отарлаушы елдердің түпкі көздеген мақсаттарын халықтың рухын әлсіретіп кіріптар еткісі келген арам пиғылдарын бүкпесіз бейнелеп, қазақтан шыққан батыр тұлғалары туралы болашақ ұрпаққа жеткізу мақсатында, өзінің санаулы өмірін бұл тақырып аясында зерттеуге арнаған.

Егеменді еліміздің жастарына патриоттық тәрбие беру аса маңызды мәселелерінің бірі болып табылды. Ұлтжандылықты қалыптастыруда әдебиеттің рөлі орасан зор. Әсіресе, жазушының шығармалары ұлттық құндылықтарды, отансүйгіштік пен азаматтық борышты сезінуге бағыттайды. Оның бойында ұлт тарихына және ауызша халық шығармашылығына деген қызығушылығы ерекше болды. Осыған орай Есенберлин шығармаларының жас ұрпаққа тәрбие беру жолындағы рөлі маңызды.

1. Есенберлиннің шығармашылығы және ұлттық сана

Ілияс Есенберлин қазақ әдебиетінің жарқын өкілдерінің бірі ретінде өз шығармаларында қазақ халқының тарихын, мәдениетін, ұлттық дәстүрлерін кеңінен көтеріп, ұлттық сана-сезімді оятуға айырықша көңіл бөлді. Оның шығармаларының басты ерекшелігі – халықтың тарихи тағдыры мен ұлттың қалыптасуы, қазақ халқының еркіндік үшін күресі, ұлттық бірлік пен елдіктің маңыздылығы туралы терең ой қозғауы.

Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы, әсіресе, тарихи өткенімізге деген терең құрметпен жазылған. Бұл туындыда қазақ халқының ұзақ жылғы ұлт ретінде қалыптасуы, оның батырлығы, еркіндікке деген талпынысы ерекше атап өтіледі. Жастар осы шығармаларды оқи отырып, қазақ халқының тарихын, оның азаттық жолындағы күресін танып біледі, сол арқылы өз елінің бай мәдениетін бағалайды.

2. Шығармаларында патриоттық тәрбие элементтері

Есенберлиннің шығармаларында ұлттық патриотизмнің басты тұстары көрініс табады. Әсіресе, «Көшпенділер», «Алтын орда», «Қаһар» сияқты шығармаларында ел үшін күрескен батырлар, ұлттың тарихындағы тағдырлы кезеңдер баяндалады. Әрбір кейіпкердің іс-әрекеті, таңдау жасауы ұлттың тәуелсіздігі үшін атқарған еңбектері, олардың ерлікке толы өмірлері жас ұрпаққа ұлттық патриотизмнің жоғары үлгісін көрсетеді. Тарихи ормандар деп өткен тарихтың маңызды оқиғаларын қайта жаңғыртып, оларды көркем түрде баяндайтын ормандарды айтпайды. Жазушылар тарихи орманда тарихты

жаңғыртумен шектеліп қана қоймай, адамгершілікке, психологиялық, мәдени мәселелерді біртұтас көтеруге көңіл бөледі. Мәселен, «Көшпенділер» трилогиясындағы Жәңгір хан, Абылай хан сияқты тарихи тұлғалардың бейнесі жастарға тарихи тұлғаларға деген құрмет пен ұлттық рухты нығайтуға ықпал етеді. Олардың ерлікке толы өмірлері, отанға деген сүйіспеншілігі, халық үшін жанын қиюы қазіргі жас ұпаққа үлгі болды.

3. Патриотизді қалыптастыруда әдебиеттің маңызы

Есенбелиннің шығармалары тек қана тарихи мәні бар оқиғаларды баяндап қана қоймай, ұрпақтарды еліне деген сүйіспеншілікке, жерін қорғауға, ұлттың болашағын сақтауға үндейді. Қазіргі жастар үшін бұл құндылықтар маңызды болып табылады, өйткені олар өз елінің тарихын, тілін, мідениетін және дәстүрін білу арқылы еліміздің патриоттары болып қалыптасады.

Жастарға патриоттық тәрбие беру барысында әдебиет үлкен күшке ие. Шығармалар арқылы ұлттық тарихтың маңызды кезеңдері мен оқиғалары түсіндіріліп, осы арқылы жастарда патриоттық сезімдер қалыптасады. Бұл жазушының тарихи шығармаларының басты құндылығы – ұлттық біртұтастығы мен тәуелсіздігін сақтап қалу үшін әр адамның өз міндетін атқаруы керектігін түсіндіру.

4. Қорытынды

Ілияс Есенберлин шығармаларының жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру жолындағы маңызы зор. Оның шығармаларында қазақ халқының тарихи, ұлттық санасы, батырлары мен қайраткерлерінің бейнелері жас ұрпаққа үлкен үлгі-өнеге болып табылады. Бұл шығармалар ұлттық рухты оятып, отанға деген сүйіспеншілікті, ұлттың болашағына жауапкершілікті арттырады. Сонымен қатар, Есенберлиннің шығармалары жас буынды өз халқының тарихымен терең таныстырып, еліміздің патриоттары болуға шақырады. Ол қазақ әдебиетінде алғашқы болып тарихи зерде тамырына қан жүргізіп, тұншыққан сананы қапастан шығаруға жол салған, ұлт рухын тірілтен жазушы ретінде қазақ әдебиетінің тарихында оқшау орны бар ерекше тұлға. Жазушының туындыларындағы басты желілердің бірі де, бірегейі де, міне, дәл осы мақсат аясында көрінеді. Ел басқарған билікті төрелердің ақыл-айласы, таным-түйсігі биліктегі парыз, мүдделері елдің ертеңін ойлауы, өткен тарихын бағамдап, болашақ ізгі мақсаттарға көз тігуі – түптеп келгенде халық тағдыры халық тарихы дейтін ұғымдардың түп қазықтарының бірі екендігі шындық.

Есенберлин шығармаларының жас ұрпақ үшін маңыздылығы уақыт өткен сайын арта түседі, себебі олар ұлттың болашағы үшін жауапкершілік сезімін қалыптастырып, елге, жерге деген сүйіспеншілікті нығайтуға бағытталған.

Библиографиялық тізім.

1. Есенберлин І. Көшпенділер. – Алматы: Жазушы, 1969.
2. Есенберлин І. Қаһар. – Алматы: Жазушы, 1974.
3. Есенберлин І. Алтын Орда. – Алматы: Жазушы, 1982.
4. Омарова Н. Ә. Ілияс Есенберлиннің тарихи шығармалары және олардың қазақ әдебиетіндегі орны. – Алматы: ҚазҰУ, 2013.
5. Әбдірахманова Б. Ілияс Есенберлиннің шығармаларындағы тарихи шындық. – Алматы: Ғылым, 2006.
6. Әуезов М. Қазақ әдебиеті тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2008.
7. Әбдіғапарұлы С. Ілияс Есенберлин шығармашылығында ұлттық патриотизм мәселесі. – Алматы: Жазушы, 2012.

ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ АСЫЛ ПЕРЗЕНТІ - ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИН

Байниязова Нұргүл Жолмырзақызы

Ақтөбе қаласы

Ілияс Есенберлин атындағы №15 орта

мектебінің директоры

І.Есенберлин өзінің шығармашылық өмірбаянын өлең жазудан бастаған. 1945 жылы «Сұлтан», «Айша» дастандары жарық көрген. Тырнақалды өлең-жырын іріктеп, 1949 жылы жарияланған «Адамгершілік жыры» атты жинағына енгізген. «Көп алғыс Ұлы Сталин сізге бізден» деп басталатын «Қазақ қызының Отан туралы жырына» қоса, «Отан», «Социалистік Еңбек Ері досыма», «Мойынты Шу ерлеріне», «Еңбекпенен гүлденем» деген сияқты саяси лириканың қызыл матаға жазылған ресми ұрандармен орайлас жолдарын өлең етіп ұйқастырған [4; 104]. І.Есенберлиннің ақындық қуатын көлемді дастандар цикліндегі ұлт мұратына негізделген, адам әлемі мен еңбектің асқақтаған, тарихи тұлғалар мен өмір оқиғаларын арқау еткен, уақыт таңбасы мен тынысын терең сезінген танымдық бағыттағы, тағылым-тағзымға толы мына туындылары құрайды: «Намыс» [5; 6–13]; «Айша» [5; 14–64]; «Сұлтан» [5; 65–75]; «Адам — мәңгілік» [5; 76–86]; «Қазақ қызы» [5; 87–98]; «Біржан сал» [5; 132–180]; «Әбу Насыр Мұхамед әл-Фараби» [5; 181–192]; «Көңіл дастан» [5; 193–206]; «Бір түнде» [5; 207–228]. Ақынның қайсыбір өлең-жыр, дастандарының жазылу тарихына, мазмұн-құрылымына, көркемдік-стильдік сипаттарына байыппен ден қойсақ, онда [6]: □ тарих толқынының терең иірімдерін; □ өмір оқиғаларының бедерлі іздерін; □ дерек көздерінің көркем де келісті өрнек құрағанын; □ ерен еңбек тынысы мен келелі келешек бағдары, дәуір дидары, өмір ағыны мен уақыт шындықтарының кең өріс, жүйелі бағыт, сырлы сипат алғанын аңғаруға болады. Ақын мұрасында Ұлы Отан соғысы тақырыбы, оның зұлмат-зобалаңы, қасірет-қайғысы мен тағылымына да зор маңыз беріледі. Ол соғысты, басқа да ел тірлігін еске ала отырып, өзінің ащытұщы өміріне қорытынды жасайды. Мәз өмірі, жаз өмірі қайтқан қаздай қайырылмайтынын ойлап бір сәтке мұңаяды. Жалған дүниеде кейде шоқ басқанын, кейде от құшқанын, сөйтсе де қуанышы қасіретінен көп болғанын есіне алып күрсінеді. Соғыстың өрт-жалынында өзі де шарпылып шыққан ақын үшін майдан мәнісі құр атыс-шабыс емес. Ол — сын. І.Есенберлиннің майдан жырларына жататын «Намыс» атты топтама өлеңдерінде елдік сыны, өрлік пен өжеттік мәні, ерлік сипаты былай беріледі [5; 11]:

Ерлікке бармайды адам өлемін деп,

Қанымды атақ үшін төгемін деп.

Бел буар аз да болса сенгендіктен,

Алдағы жарық күнді көрермін деп.

Ойға алмай ажал барын андып тұрған,
Билейді шіркін жүрек аласұрған.
Шын ерлік: өлетінін біле тұра
Ел үшін өзінді ету ашық құрбан!
Оңай ма қию өмір, жарық күнді
Қиналды, лаулап жүрек жанып, тынды...
Сүйсе де қанша ыстық бұл жалғанды
Намысын жібермесін анық білді!

«Айша» поэмасындағы елдік пен ерліктің үлгі-өрнектері мәнді де маңызды болса, Айша мен Сырымның достық сипаттары, ғашықтық ғаламаттары табиғи дамып, ортақ жарасым-үйлесімімен соншалықты сенімді, табанды да тұрақты болып табылады [6; 84]. Ақын адам өмірінің жастық кезеңін, сыр мен сымбат үйлесім тапқан — сұлулық сипаттарын, ақыл-парасаттың нұр-сәуле шашқан келісті де көркем қырларын — Айша бейнесі арқылы тартымды да тағылымды етіп көрсетеді [5; 21]:

Ақынның адам өмірінің аяулы да кимас сәттерін, жан-жүректің мадақ сезімге бөленіп, көңіл қуанған мезеттерін нұрлы да сырлы сипаттармен суреттеген өлең өрімі — өмірден өнерге ұласып, көркемдік-эстетикалық әсер-ықпалымен үлкен-кішіге ой салады. Махаббат мәңгілігін паш етеді. Жалын жастықты, берік достықты, сыр-сезімді ту етіп көтереді. Ілекеңнің «Сұлтан» атты дастаны — қазақтың батыр ұлы С.Баймағамбетовтің «Халқы үшін жүрегімен от сөндірген» ерлік үлгісін жырлайды. Ел басына туған қиын да сындарлы сәттегі ер тұлғасы мен ерліктің, табандылық пен тұрақтылықтың үлгі-өнегесі С.Баймағамбетовтің жауға қарсы өшпенділігінен, Отанға, ел-жерге шынайы берілгендік танытып, жанын жалау етіп, өмірін қиюынан еркін көрініс береді [5; 74, 75]:

Абыржып, зәре қалмай неміс сасқан.
Қысылып шебін бұзып, кейін қашқан.
Осылай еді
Сұлтан ер өлімі
Сол күні ұлы айқастың бетін ашқан....
Шын ерлік күн сәулелі дерсің дастан
Өзгеге аямай бар нұрын шашқан.
Сапта тұр сол дастанда батыр Сұлтан
Қолға ұстап автоматын тапжылмастан!
Жас та өтер, кәрі де өтер, өмір өтер.
Талай ұл, туа қалса қауіп-қатер.
Халқы үшін жүрегімен от сөндірген
Ерлігін Сұлтанының өнеге етер.

Соғыс туралы поэмаларынан жақсы аталатыны — «Адам — мәңгілік» дастаны. Өсиеттік, тағылымдық сипаты басым дастанның ара-арасына сыналап екі-үш баллада енгізілген. Олардың барлығы соғыс шындығынан алынған [5; 80]:

Соғыс!

Соғыс!

Бар қайғының сен басы.

Бар зорлықтың

Сенсің жауыз жолдасы.

Сені жеңер,

Жеңер сені сонда да

Қарғысы ана,

Сәбилердің көз жасы!

Соғыс!

Соғыс!

Сенсің қанқой қара түн.

Сені қостар

Қорқау, құзғын, қарға жын.

Сені жеңер,

Жеңер сені сонда да

Әлсіз құсым,

Бейбіт құсым —

Поэмада келтірілген бейбітшілік құсы — көкаршынның үстемдік атаулыға қарсылық білдіріп, жан-жүрегін жалау етіп, әлемді шарлаған, көк жүзінде қалықтаған тағдырлы да тынымсыз қимыләрекеттері нанымды әсер қалдырады. Енді осы дастандағы мына жолдарға көз тігейік [5; 86]:

Ойға қалдым...

Неден шықты сөз басы?

Паш етеді немен тарих, тұстасы – Адамзатты?

Әрине, жақсы ісімен!

Өйткені адам өз ісінің ұстасы.

Қаздар, қаздар,

Қаздар қайтып барады...

Жүдетіп бір,

Қоштасып ән салады.

Дейсің сонда:

Өтер бәрі,

Тек қана

Жақсы ісімен

Адам мәңгі қалады.

Бұл өлеңді оқыған жан ақынның «адам — мәңгілік» дейтін тезисімен келіседі. Өйткені өлең адамдық аталатын алтын сарай кілтін ұсынады. І.Есенберлин әл-Фарабидің туғанына бір мың бір жүз толуы қарсаңында әлемнің екінші ұстазын (әл-Фарабиді) «Қазақ домбырасы» атап дастан жазғанда, ол Мағжан Жұмабаевтың өлеңін еске алады [5; 181]:

Бір күй бар домбырада құдіретті.

Ашатын хош иістей көкіректі.

Аты оның Әбу Насыр Мұхамед қой,

Сөйлеткен тіл бітіріп, тығыз шекті!..

Ақын Шығыс халықтарының өзіндік белгі-ерекшеліктерін, тарихы бай, келешегі кемел екендігін, өркениет пен руханият әлемінде, білім-ғылым жүйесіндегі үздік те озық, озат тәжірибелерін кең көлемде көрсетеді [5; 185]:

1977 жылы ақынның «Жұлдыздар» атты поэмалар жинағы шықты. Оның жекелеген өлеңдеріне әндер де жазылған. Бір мәліметтерге қарағанда, Ілекең 40-тан астам ән мәтіндерінің авторы екен. Енді ол кісінің драма жанрында да қалам тартқанын, тіпті киносценарий жазып, сол бойынша көркем фильм түсірілгенін де жаңғыртып өткеніміз абзал. Өйткені қаламгер шығармашылығының зерттеушілер аузынан көп айтыла бермейтін қырының бірі де осы. Мысал үшін алатын болсақ, «Таудағы тартыс» пьесасы 1962 жылдан бастап республикалық балалар мен жастар театрында біраз уақыт қойылып жүрді. М.Ерзинкянмен бірігіп жазған «Құйма» киносценарийі бойынша 1961 жылы фильм түсіріліп, ол Кеңес Одағы республикаларында және венгр, поляк, болгар экрандарында көрсетілді [7]. Тұтастай алғанда, І.Есенберлиннің ақындық мұрасы — өз кезеңінің шындықтарына негізделген, өмір-уақыт, тұрмыс сырларына үн қатқан, жастық пен достықты ту еткен танымдық-рухани байлығы мол, тағылымдық қырлары көп өміршең өнер өрісі, өлең-жырдың жауһары, парасат поэзиясы. «Намыс» дастанына эпиграф ретінде алынған ақын өлеңінде мынадай жолдар бар [5; 6]:

Өлім не?

Тыныштық ол тас қамалды.

Кәріден бұрын кейде жасты алады...

Тек қана қаһарманға қара жерден

Ұлы өмір мәңгі өлмес басталады.

Сол қаһарманның бірегейі — халқына қаруымен де, қаламымен де ерен қызмет еткен Ілияс Есенберлиннің мәңгі өшпес екінші өмірі, ұлы өмірі ХХІ ғасырда жалғасып та кетті.

Қазақстан Республикасы Мемлекттік сыйлығының лауреаты, қазақ әдебиетінің тарихында бүгінге дейін ең көп роман (17) жазған Ілияс Есенберлиннің қаламынан

туған «Айқас» (1966), «Қатерлі өткел» (1967), «Ғашықтар» (1968), «Алтын құс» (1972), «Көлеңкемен қорғай жүр» (1974), «Маңғыстау майданы» (1978), «Махаббат мейрамы» (1983), «Аққу құстар қуанышы» (1984), т.б. романдары қазақ әдебиетінде оған дейін мүлде көтерілмеген мәселелерді қозғаған, соны серпін әкелген, оқырман сүйіспеншілігіне бөленген шығармалар.

«Көлеңкемен қорғай жүр» [12] — тың игерушілер жайлы роман. Осы шығарманы жазу барысындағы қаламгердің жаңалығы — көтерілген тыңға байланысты ұлт тағдырының өткір мәселелерін алға тартуында. Бұл еңбекте тың және тыңайған жерлерді игерудің пайдасы мен зияны, туғызған проблемалары, мал басының азаюы, жердің құнары күрт кеміп эрозияға ұшырауы, т.б. шаруашылық проблемалармен қабат, саяси жағынан күйіп тұрған мәселе тіке қойылады. Пұт көлемінде астық сататын Қазақстан енді миллиард пұт астық тапсырады. «Тың ең алдымен — техника, өнер. Бұны бір де. Тың — мәдениет. Бұны екі де. Тың — киіз үй орнына ағаш үй, тезек орнына — газ. Қаладағыдай екі миллион сомдық мәдениет сарайы, нейлон көйлек, айналы шаштаразы...» — дейді Порфирий Губанов дейтін Саратовтан келген механизатор. Тыңның өзге де игіліктері романда бүкпесіз баяндалған. Сонымен бірге романды оқыған адам көңілінде Мәскеудегі басшылардың саясаты тек мол астық алуды ғана көздеді ме екен? — деген сауал қалып қояды. Ол сауалдардың реті былайша келеді: — Қазақ жеріне миллиондаған орыс, басқа ел-жұрт қаптап келіп жатыр. Қазақтың өз жерінде азшылыққа айналуына байланысты оның әдет-ғұрпы, дәстүрі... жан дүниесі, тілі... қандай күй кешпек? — Қазақ малмен күн көретін ел. Арқаның табын-табын жылқысы, отар-отар қойлары жайылымдық өріс жаппай жыртылып тастаған соң құрып барады. Жалпы экономикаға, барша тірлік мүддесі үшін мал басын құрту тиімді ме? — Егін егу, егістікке су жаю сылтауымен ата-баба зираты жермен жексен етіліп жыртылып жатыр... Бұл қалай? «Күшің барда ақылдың керегі жоқ» дегендік пе?.. Шаруашылық қиындықтар, жер эрозиясы, басқа да кедергілер бірінің артынан бірі жойылып жатады. Ал, өз жерінде өзі азшылықта қалған қазақ болашағы туралы мәселе роман күн тәртібіне қойылса да шешімін таппаған. Ол үшін авторды жазғыруға болмайды. Ол кездің жағдайында сүйкімсіз кейіпкердің аузымен болса да, шындық сөздің айтылуының өзі үлкен жетістікке парапар еді» [4; 114, 115]. «Қатерлі өткел», «Көлеңкемен қорғай жүр», т.б. күнделікті өмір романдарындағы ұлттық тақырып Есенберлин шығармагерлігінің басты идеясына айналды. Ілекең бізге «Махаббат туралы трилогия» («Ғашықтар», «Махаббат мейрамы», «Аққу құстар қуанышы») тастап кетті. Адамзат баласы үшін қай кезде болмасын өзекті тақырыптар осы романдарының атауларынан бастау алады. І.Есенберлин талантын жаңа қырынан көрсеткен туындысы — «Айқас» атты романы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығын алды. Аталған роман жазушының ғана емес, бүкіл Қазақ кеңес әдебиетінің тарихындағы белесті шығармалар қатарынан саналады. Осыдан кейін дарабоз жазушы тарихи тақырыптарға біржола бет бұрды. І.Есенберлиннің бас кітабы — атақты «Көшпенділер» трилогиясы (1976). Үш кітапқа өзек — өзара тығыз

байланысты екі ірі проблема: бірі — XV-XIX ғасырдағы қазақ қоғамының ішкі қарым-қатынасы (дербес мемлекет құру»; елдігі, ұлттығы үшін күресі); екіншісі — халқымыздың тәуелсіздігі үшін шет ел шапқыншыларымен жанталасқан шайқастары. Жүздеген кейіпкерлер (хандар мен билер, батырлар мен ерлер, халық өкілдері, шонжарлар т. б.), олардың тартыс-күресі, ой-сезімі, тіршілігі ірі тарихи оқиғалар: соғыс, ел қорғау, тақ үшін, жер үшін қырқысулар осы екі мәселе төңірегінде өрілген [13]. Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясына сіңірген еңбегі ақталды. Орыс тіліне аударылған соң Одақ оқырманының жылы лебізіне ие болды. Трилогия жаңа нарық заманында қайта басылып, оқушысын тапты. «Көшпенділердің» сәтті шығуы оның авторын тарих қойнауына әрі қарай жол тарта беруге жігерлендірді. Шабыттана еңбектенген Ілекеңнің қаламынан жаңа қарымды роман — «Алтын Орда» трилогиясы туды. Шығармасының денін ұлт азаттығы, тәуелсіздігі идеясымен ұрықтандырған жазушы бұл жолы да өзі белгілеп алған күре жолынан жазбады.

Ілияс Есенберлиннің бүкіл саналы өмірі қиындыққа толы, шығармашылығы барып тұрған қатерлі өткел болатын. Жазушының повестері мен романдарының тек аттарына көз жүгірткеннің өзінде көптеген деректерді біле аламыз. Ең бастысы, оның алысты болжағыштық қасиеті таң қалдырады. Ол үшін шығармаларының ең маңызды құндылығы нақты адам, жеке тұлға тағдыры болды. Жазушының бүкіл шығармашылық өмірбаянын «Адамдар жайлы поэма» деп атауға толық негіз бар. Әдетте, І.Есенберлин есімі аталғанда, ең алдымен, оның алты романдан тұратын тарихи шығармалар циклі еске түседі. Сол туындыларына қарап, қаламгер өнерпаздығына баға беріледі. Алайда осы бір берекелі талант иесі өзі өмір сүрген заман тынысын арқау еткен көркем шығармаларды да жарыққа шығарды. Мәселен, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығына ие болған «Айқас» романында кен өндіруге қатысты өндірістік мәселелер сөз болды. «Махаббат мейрамы», «Аққу құстар қуанышы» романдарында көтерілетін жайттар — шығармашылық иелері арасындағы талас-тартыс, арамдық пен адалдықтың бітіспес күресі. «Алтын құстағы» махаббат хикаялары да өмірден алынғандығы байқалады. Қаламгер өлең, повесть, романдардан өзге пьеса, киносценарий жазып та бұл жағынан жүйріктігін байқатқаны белгілі [14]. Қысқасы, ондаған романдарымен халқымыздың өміріндегі әр түрлі кезеңдерді шынайы бейнелеген Ілияс Есенберлин — артында қалған мол мұрасының эпикалық тынысы қай заманда да тарылмайтын, бір өзі бір көркемдік әлемді жасап кеткен қазақ әдебиетінің белді қаламгері, оқырманның қалаулы жазушысы.

Әдебиеттер тізімі

1. Есенберлин Р. Мен үшін ерекше адам // Егемен Қазақстан. — 2005. — 26 ақп. — 8-б.
2. Алтай шежіресі / Құраст. І.Ісләмов. — Алматы: Темірқазық баспасы, 2014. — 220–226-б.
3. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005. — 190-б.
4. Елеукенов Ш. Ілияс Есенберлиннің мәңгілік өмірі // Жұлдыз. — 2005. — № 5. — 102–130-б.
5. Есенберлин І. Он томдық шығармалар жинағы. — 10-т.: Дастандар. — Алматы: Жазушы, 1988. — 272 б.

ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИННІҢ «ҚАҺАР» РОМАНЫН ОҚЫТУДА БІЛІМ АЛУШЫЛАР БОЙЫНДА ҰЛТТЫҚ РУХТЫ ОЯТУ

Шауенова Эльмира Сапаровна
Астана Қаласы №101 Орта Мектеп

Ілияс Есенберлин — қазақ әдебиетінде тарихқа терең бойлай білген, өз шығармаларымен елдің тарихын, мәдениетін, рухани құндылықтарын дәріптеп, жас ұрпақты Отанға деген сүйіспеншілікке, патриотизмге тәрбиелеуде маңызды рөл атқарған жазушы. Оның шығармалары тек әдеби құндылықтары арқылы ғана емес, сондай-ақ жас буынға беретін тәрбиелік мәні арқылы да аса маңызды болып табылады.

Есенберлиннің шығармаларында қазақ халқының тарихы, тағдыры мен тұрмыс-тіршілігі жан-жақты қамтылған. Жазушының еңбектері халықтың ерлік дәстүрлерін, Ұлы далада ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сананы, Отанға деген сүйіспеншілікті басты тақырып етіп алады. Оның «Қаһар», «Алтын Орда», «Жанталас» сынды романдары арқылы біз қазақ халқының тарихы мен оның күрескерлік рухын, ұлттық бірлігін тереңірек танып-біле аламыз.

Есенберлиннің басты шығармаларында тарихи оқиғалар мен тұлғалар арқылы патриоттық сезімдер көрініс табады. Жазушы, әсіресе, өз шығармаларында қазақ халқының тарихындағы күрделі кезеңдер мен сол кезеңдерде өмір сүрген ұлы тұлғалардың ерліктерін сипаттайды. Бұл шығармаларда патриотизм ұғымы терең мағынаға ие болады. Отанға деген сүйіспеншілік, ел үшін күрес пен ерлік — жазушының басты идеясы.

Ілияс Есенберлин шығармалары жас ұрпаққа тарихты, елді, халықты сүюді үйретудің құралы бола алады. Оның шығармалары арқылы жастар өз ата-бабаларының ерліктерін, тәуелсіздік үшін күресін, ұлттық құндылықтарды қадірлеу керектігін түсінеді. Мысалы, «Қаһар» романы арқылы жастарға ерлік пен отаншылдықтың жоғары бағаланатын қасиеттер екендігі айқын көрінеді. Бұл романның басты кейіпкерлері Кенесары, Наурызбай батырлар сынды қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескен батырлар мен саяси қайраткерлердің өмір жолын сипаттайды. Олардың ерліктері жас ұрпаққа Отанға деген адалдық, патриотизм және халық үшін қызмет ету деген ұғымдарды нақты бейнелейді.

Есенберлин шығармаларындағы ұлттық рух, ел бірлігі мен ынтымақтастығы мәселелері де жас ұрпақ үшін маңызды. Ол өз шығармаларында қазақ халқының басынан өткен қиын-қыстау кезеңдерді, сондай-ақ сол кезеңдерде ұлттың ынтымақтаса отырып жеңіске жету мүмкіндігін көрсетеді. Жас ұрпаққа осы арқылы елдің күшін, бірлігін, ұлттық мұраларды сақтау қажеттігін ұқтыруға болады.

Шығармаларындағы ұлт пен мемлекет, жеке тұлғаның қасиеті мен қоғам алдындағы жауапкершілік мәселелерін тереңінен ашып көрсетуі, Есенберлиннің


ұлтқа деген сүйіспеншілігін, оның тарихына деген құрметін жастарға жеткізуде маңызды құрал болып табылады.

Есенберлин шығармаларының басты тақырыбы — ұлттың ерлігі, тарихы, тәуелсіздік үшін күресі мен ұлттық сананың қалыптасуы. Сабақта осы тақырыптарды негізге ала отырып, шығарманы талдау жүргізуге болады. Мысалы, «Қаһар» романындағы батырлардың күресін, «Алтын Ордадағы» Ұлы Даланың тарихын оқу арқылы оқушылардың тарихи санасын оятуға болады. Білім алушыларға қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын құрастырудың маңызы зор. Төмендегідей нақты талдау тапсырмасын ұсыну тиімді.

Кейіпкер	Іс-әрекеті	Мақсаты	Кейіпкерге баға

Білім алушылар оқыған шығармадан кейіпкерлердің маңызды іс-әрекеттерін қандай мақсатта жасағанын сыни тұрғыдан анықтап, батырлар мен хандардың жеке басының қамын еш ойламастан, тек ел үшін жасаған ерлік істеріне баға бере отырып, ұлтжандылық қасиеттері артады.

Романдағы Кенесарының ішкі ойы да, әр шешімі де ұлт қамы үшін жасаған әр ерлігі де тұнып тұрған құндылық. Сабақта осы құндылықтарды талқылап, олардың өмірдегі маңызын көрсету арқылы жастарды ізгілікке, ұлтқа деген сүйіспеншілікке баулу қажет. Үзінділермен жұмыс жасауда кейіпкердің іс-әрекетін құндылықтарға топтастыруға тапсырма беру арқылы оқушылардың оқыған үзіндіден түйін шығара білу дағдысын қалыптастыру да қолайлы. Мысалы, кейіпкердің бойындағы қасиеттерін ашатын іс-әрекеттерін белгілі құндылықтарға топтастырады.



Ілияс Есенберлин шығармаларының сабақта пайдалану тәсілдері оқушыларды патриоттық рухта тәрбиелеуге, әдебиетке деген қызығушылығын арттыруға және олардың тарих туралы білімдерін кеңейтуге мүмкіндік береді. Бұл тәсілдер арқылы оқушылардың ой-өрісін дамытып, ұлттық құндылықтарды қадірлеуге тәрбиелей аламыз. Оқушыларды бір жақты пікірде ғана болмай, оқыған шығармасы бойынша пікірталас тудыру да маңызды. *Кенесарының ұлты үшін күрескені орынды ма? Әлде тыныш өмір сүріп, аман болғаны жөн бе еді?* деген сияқты пікірталас тудырып, білім алушыларға ойын дәлелмен айтуды ұсынғанда

«Қаһар» романындағы тарихи бейнелердің елі үшін жасаған игі істерінен үлгі ала отырып, қаншама қантөгіспен келген тәуелсіздікті сақтауға деген құштарлықтары артары сөзсіз.

Шығарманы жан-жақты талдау жасап, бағалау және салыстыру мақсатына келгенде жазба жұмысына кезек келеді. Білім алушылар ізденіп, зерттеп барып жазба жұмысын орындайтындықтан, сыни шолу, сыни мақала, эссе жазуға «Қаһар» романында ұлтжандылыққа қатысты тақырып өзі-ақ сұранып тұрады. «Ерлік пен патриотизмнің мәні», «І.Есенберлиннің «Қаһар» романындағы ұлт тағдыры», «Тәуелсіздікке тұғыр болар тұлғалар» деген тақырыптар ұсынылса, оқушы тек шығарманы түсініп қана қоймай, халқымыздың тағдырын таразыға салып, тәуелсіздіктің мәнін түсініп, ұлтына жанашырлық қасиеті артары анық.

Жалпы алғанда, І.Есенберлиннің «Қаһар» романы — қазақ халқының азаттық жолындағы күрес шежіресіне қосылған, оның Кенесары қозғалысы сияқты аса ірі кезеңінің ішкі сырларын көркем түсінуге көмектесетін елеулі тарихи шығарма. «Қаһар» - қазақтың қойын кітабына айналған құнды туынды.

Ілияс Есенберлин шығармалары жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде зор рөл атқарады. Оның тарихи романдары тек әдебиетке қосқан үлесі ғана емес, сонымен қатар ұлттың тарихи жады мен рухани құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің маңызды құралы болып табылады. Есенберлин шығармаларындағы батырлар мен саяси тұлғалар, ұлттың тәуелсіздігі мен ерлік дәстүрі, сондай-ақ ұлттық бірлік пен елге деген адалдық патриоттық тәрбие беруде ерекше мәнге ие. Сондықтан, жас ұрпақтың бойына ұлттық рухты, елін сүйетін патриоттық қасиеттерді қалыптастыруда Ілияс Есенберлин шығармаларының рөлі өте зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Асылбеков А.. Ілияс Есенберлин: Жазушының әдеби мұрасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010.
2. Жұмабаев Т. «Қаһар» романы: Ұлт тәуелсіздігі мен ерлікті көркем бейнелеу. – Алматы: Жазушы, 1995.
3. Кәрібаев Ә.. Ілияс Есенберлин және қазақ романының жанрлық ерекшеліктері. – Алматы: Ғылым, 2004.
4. Шаңғытбаев А. Ілияс Есенберлин: Қаһардағы идеялық және көркемдік ізденістер. – Алматы: Қазақ университеті, 2010.

«ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ АУДАРМАСЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ӘДЕБИЕТТЕГІ ОРНЫ»

**Ныгыметова Лира Қасқырбаевна
Сырбай Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицей
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог – сарапшы**

Әдебиет – қоғам айнасы, белгілі бір дәуірдің көркем шындығы болғандықтан, оны құрайтын көркем шығармалардың әрқайсысының көтеретін жүгі ауыр. Тарихсыз халық, ұлт болмайтыны секілді, әдебиетсіз мәдениет те болмайды, яғни жазушы Ғ. Мүсіреповтің сөзімен айтсақ: « әдебиет пен өнер болмаған жағдайда ұлт ұлы болып есептелмейтінін ұмытпайықшы. Үлкен өнердің үлкен таза мінезі болу керек», - екені даусыз. Қазақ қоғамында болсын, басқа да ұлттық қоғамға байланысты ұлтжанды өкілдер аз емес, қай заманда да олардың ойлағандары ұлттың жанға батар мәселелері мен оларды шешу жолдарын дұрыс көрсету, нәтижесінде ұлтты өркениеттің кезеңіне сай биістерге көтеру. Дей отырсақ та, қоғамның барлық өкілдері бірдей осы тұрғыдан ойламайды.

I. Есенберлинге байланысты айтылатын мәселелердің бірі осы. Оның алғашқы таңдаған инженерлік мамандығынан бас тартып, «бүтінінен, түтіні көп» шығармашылық ортаға бас бұруы да, мүмкін осыдан болар. «Ілияс Есенберлин қазақ әдебиетінің ғана емес, қазақ халқының төрінен лайықты орын алатын тұлға. Олай деуіміздің бірнеше себептері бар. Ақиқат шындық темір шымылдыңтың ар жағында тұтқындалып, ата «тарихының «ақтаңдақтарын» зерттеуге тиым салынған жылдары Ілияс Есенберлин қазақ қаламгерлерінің алғашқысы болып қиын да күрделі тақырыпқа – Қазақ хандығының бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күресі тақырыбына қалам тартты. Қалам тартып қана қойған жоқ, өзінің эпикалық құлаш - қарымынан, халық өмірінің сан алуан қырын кең қамтуы, қазақ тарихының кемеңгер көсемдерінің қайталанбас бейнелерін сомдауы жағынан өзге туындылардан оқ бой алда тұрған талантты шығармасы – «Көшпенділер» тарихи трилогиясын дүниеге әкелді. Бүгінде дүниежүзінің көптеген халықтарының тіліне аударылып, әлденеше рет басылған жазушының осы еңбегін хандық дәуірдегі қазақ өмірінің энциклопедиясы десек артық айтқандық бола қоймас, себебі жазушы осы роман үшін өмірдің талай «тар жол тайғақ кешуінен өткен. {1.88}. Осы орайда Ілияс Есенберлин жазып, кейін тарихи трилогияға айналған «Көшпенділер» мен «Алтын Орда» романдары ғасырлар бойы қазақтың арманын орындағандай болды. Сөзімізді Қ.Жұмаділовтің «Тарихи сананың тамыршысы» мақаласында майталман жазушы Ілияс Есенберлиннің шығармашылығына берілген: «60 -70 жылдарда тарихи романның көшін бастаған ол қазақ әдебиетінде тұтас бір мектеп қалыптастырды. Қазақтың ұлттық санасының оянуына, тарихи зердесінің жаңғыруына өлшеусіз

үлес қосты», деген әділ бағасымен жалғастырамыз. Жазушы қалыптастырған тарихи роман мектебі өз туын жоғары ұстап келеді. Қазақтың көрнекті жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ілияс Есенберлин – ұлт тарихын көркем әдебиетте алғаш суреттеген қаламгер. Ұлттың рухын оятқан «Көшпенділер» трилогиясы орыс тілінің өзінде 12 рет басылып, 1,5 миллион тиражбен тарады. Жалпы бұл трилогия әлемнің 30 тілінде жарық көріп, 50 рет қайта басылды. 2005 жылы есеп бойынша, дүниежүзіне таралған жалпы тиражы 3 миллион дана болған.

Ілияс Есенберлин кітаптары мыңдаған дана таралыммен жарық көрсе де тез таралып, жазушының асыл дүниесі мен қысқа мерзімде әлем тілдеріне аударылып жатты. Қазақ әдебиеті тарихында бүгінге дейін ең көп роман (17) жазған жазушы І. Есенберлиннің қаламынан туған «Айқас», «Ғашықтар», «Қатерлі өткел», «Алтын құс», «Маңғыстау майданы», «Алтын аттар оянады», «Көлеңкемен қорғай жүр», «Алыстағы арпалыс», «Аққу құстар қуанышы», «Махаббат мейрамы», т.б. романдары тың тақырыпта жазылып, қазақ әдебиетінде оған дейін мүлде көтерілмеген мәселелерді қозғаған, соны серпін әкелген, оқырман сүйіспеншілігіне бөленген туындылар еді. Ол – қазақ әдебиетінде алғашқы болып тарихи зерде тамырына қан жүгіртіп, тұншыққан сананы қапастан шығаруға жол салған, ұлт рухын тірілтен жазушы ретінде қазақ әдебиетінің тарихында оқшау орны бар тұлға. Ілияс Есенберлиннің алты кітаптан тұратын тарихи эпопеясы сөз өнерінің әлемдік нұсқасына қосылған тарихты көркемдік пайымдаудың үздік үлгілерінің бірі болып қала бермек. Бұл ретте қазақ әдебиетіндегі тарихи романдарды алғаш зерттеушілердің бірі және «Көшпенділер» трилогиясының әдеби және ғылыми айналымға еніп, оң бағасын алуына үлес қосқан ғалым Ш.Елеукенов жазушының қайратты да қажырлы еңбегі мен шеберлігі туралы: «Ілияс Есенберлин шығармалары – әдебиетіміздің қоржынындағы асыл мүліктің бірі... Жазушының ең қиын шақта, партиялық, мемлекеттік қатаң бақылауға қарамастан, көркем сөз ағысын ұлттық тақырып арнасына бұруын ең бағалы жетістігі деп бағалауымыз керек. Ол әлі ақталмаған Мағжан мұрасын ретін тауып көркем әлем дүниесіне қайта кіргізді. Стилль мен тілін көркем публицистика қайрағына жанып, от сөз тудыратын Есенберлин поэтикасы өз алдына жеке зерттелуге тиісті үлкен тақырып. Оның шығармаларындағы мәтел болып кеткен көне сөздер мен тіркестердің түсіндірілуі, т.т. мәдени мұраны игеруге құштар бүгінгі қоғамымыз үшін пайдасы мол дүние. Ілияс Есенберлиннің тынымсыз шығармашылық еңбегі ерлікке пара – пар. Кешегі тоталитаризмнің қыспағына төтеп беріп, ұлт тақырыбын өрістеткен бұл жазушының арман еткен тәуелсіздік таңы атты. Тамаша туындыларының актуальдығын жоймағаны, бүгінгі заманымызбен үндес келетіні осы себепті», - деп толғанады.

Қазіргі шығармаларда қоғамдық қайшылықтар мен тартыстардың жаңа беткейлері, бұрын бейнеленбеген адам типтегі елеулі орын алып келеді. Бұл әдебиеттің биік өрлеуіне, әлеуметтік зерттеушіліктің арта түсуіне, эстетикалық нормалар мен принциптердің ердің көкжиегі кеңге бастағанына байланысты

құбылыс. Көркем шығармаларын Ілияс Есенберлин соғыс кезінде жаза бастайды. Есенберлиннің алғашқы шығармалары 1940 жылы басылды. Ол көркем әдебиетінің көп жанрында жазды. Әдеби творчествасын поэзиядан бастады 1945 жылы «Айша», «Сұлан» поэмаларын жазды. «Адамгершілік туралы жыр» өлеңдер жинағын шығарды. Жалынды революционер, большевик Ә. Майкөтовке арналған «Большевик туралы поэмасын», «Біржан сал трагедиясы» дастанын жазды. «Өзен жағасында», «Толқиды Есіл» повесттері, «Айқас», «Қастерлі өткел», «Ғашықтар», «Қаһар», «Алмас қылыш», «Алтын құс», «Жанталас» туралы «Көлеңкемен қорғай жүр» романдары қазақ совет әдебиетіне елеулі үлес қосты. Кеңес өкіметі жылдарында туып қалыптасқан қазақ интеллигенциясының өмірін, олардың қазақ даласындағы социалистік өнеркәсіп орнату жолындағы қажырлы еңбегін, ескіліктің адам санасындағы қалдығында қарсы күресін баяндайтын «Айқас» сыйлығы берілді. Ал тарихи тақырыпқа жазылған «Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар» трилогиясы қазақ халқының басынан өткен ауыр кезеңдері социалистік реализм тұрғысынан суреттеген шығарма ретінде танылды. Есенберлиннің орыс тілінде шыққан «Песня о человеке» романы 1958 жылы қытай тіліне аударылды. «Таудағы тартыс» пьесасы Алматыдағы Балалар мен жасөспірімдер театрында қойылды. М.Ерзинкянмен бірігіп жазған «Құйма» киносценарий бойынша жазылған фильм бүкіл совет және венг, поляк, болгар экрандарына шықты. Ілияс Есенберлин прозасы түгел дерлік орыс тіліне аударылды. Мысалы, «Айқас» («Схватка»), «Қастерлі өткел» («Опасная переправа»), «Ғашықтар» («Влюбленные»), «Қаһар» (Хан Кене), «Алмас қылыш» («Заговоренный меч»), «Жанталас» («Отчаянный»), «Көлеңкемен қорғай жүр» («Прикрой своим щитом») деген атпен басылып шықты. «Ғашықтар» романы өзбек тіліне аударылып шықты. Есенберлин қырыққа жуық ән текстін жазды. Ол К.Д. Ушинскийдің «Әңгімелері мен ертегілерін», М.Жуковскийдің Вьетнам өміріне арналған «Қызыл дария» романын қазақ тіліне аударды. Ілияс Есенберлиннің шығармалары әлемдік әдебиетте ерекше орын алады. Ілияс Есенберлин жапон тіліне аударылған жалғыз қазақ жазушысы. Оның тарихи романдары мен әдеби туындылары қазақ халқының мәдениеті мен тарихын танытуда маңызды рөл атқарады.

